

ҰЛАҒАТ

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Республикалық ғылыми-психологиялық және
педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет
1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.*

ҚЫРКҮЙЕК

5

СЕНТЯБРЬ

ҚАЗАН

2012

ОКТЯБРЬ

*Республиканское научно-психологическое и
педагогическое издание товарищества с
ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен
әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один
раз в два месяца с июля 1994 года.*

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДІМАНОВ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.*

МАЗМУНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

| | | |
|----------------------|--|-----|
| | <i>Ғылым ғаламында</i> | |
| Рақымжан ТҰРЫСБЕК. | Жазушы еңбегі және колтанба құбылысы..... | 3 |
| Баянғали ҒАЛЫМЖАНОВ. | М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы өлікті құрметтеу рәсімдеріне байланысты жөн-жосық, жол-жоралғылар..... | 19 |
| Жанар АБИТЖАНОВА. | «От» концептісінің «Ғалам бейнесі» контексіндегі концептілік аясы..... | 32 |
| Мендібай ӘБІЛҰЛЫ. | Өзібек Ақжолұлының Үсіпәлі Қалыұлымен жазбаша айтысы..... | 45 |
| Гузель УШУРОВА. | Абай Құнанбайұлы шығармашылығының тәрбиелік негізінің кейбір қырлары..... | 55 |
| | <i>Педагог пайымы</i> | |
| Гүлмира РЫСКЕЛДИЕВА. | Көркем сөздің қуаты..... | 65 |
| Ақбота ТОЙШЫБАЙҚЫЗЫ. | Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы ұлттық қолданбалы колөнердің орны..... | 70 |
| | <i>Психолог пайымы</i> | |
| Гүлшара ЖҰМАҒАЛИЕВА. | Зейін - саналы іс-әрекеттің басты шарты..... | 74 |
| | <i>Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе</i> | |
| Шолпан ТАУБАЙҚЫЗЫ. | Шақ категориясын интерактивті жүйемен оқыту..... | 82 |
| Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ. | ҰБТ-ға дайындық..... | 88 |
| Жұмакүл ЕЛШІБАЕВА. | Шешендік дау..... | 96 |
| Мая НҰРЖАНҚЫЗЫ. | Жалаң және жайылма сөйлем..... | 99 |
| Дәметкен КАКИМОВА. | Сәлем - сөздің анасы..... | 107 |
| | <i>Сыныптан тыс тәлім</i> | |
| Гүлсім ҚЫРЫМҚЫЗЫ. | Аты аңызға айналған қазақ хандары..... | 112 |
| Айгүл ЖАМАЛИЕВА. | «Білгірлер» сайысы..... | 119 |
| Гүлхан ӘКІМАНҚЫЗЫ. | Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі..... | 126 |
| Күләнда САҒАДИҚЫЗЫ. | Мемлекеттік тіл - менің тілім..... | 136 |

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.
Астана қаласы.

ЖАЗУШЫ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ҚОЛТАҢБА ҚҰБЫЛЫСЫ

(Қаламгер Д.Досжан туындылары туралы)

Руханият әлемінің әлеуметтік мәні, көркемдік нәрі, сырлы сипаттары көп-ақ. Осы орайда, талантты туынды – бір күннің жемісі еместігі еске түседі. Білім-ғылымның әлемдік тәжірибесі, зерттеп-зерделеумен танып-талдаудың әдіс-тәсілдері де, көркемдік-эстетикалық өлшемдердің эволюциялық үрдістері де осыған табан тірейді. Ой-сөз жүйесін әсемдік әлемі – әдебиет төңірегінде өрбітсек, көркем шығарма түрлері (әңгіме, ертегі, өлең, жыр, пьеса), оның құрылым-құрылысына қатысты компоненттері (лирика, драма, эпос), эпостық туындылар (әңгіме, повесть, роман) – табиғи талантты, іргелі ізденісті, ерен еңбекті, өмір тәжірибесін, шынайы шеберлік пен шешендікті қажеттетін күрделі құбылыс. Адамтану ісін ардақтап, сол арқылы Мадақ сезімі ойды-бойды билейтін күдіретті кезең – Шабытты шаққа бастайтын тұс та – осы сәт. Жазушы еңбегі мен көзқарастың айқындалып, қолтаңба құбылысы мен көркемдік көкжиегінің алыс-жақынға қатар жететін сәулелі сәті, руханият әлеміндегі қазыналы биігі де осы тұстан самаладай жарқыранып анық.

Диалектика мен дүниетаным табиғатына осы тұстан нәр-қуат берсек, көркем шығарма күнде жазыла бермейді. Бірақ, қалың көпшіліктің көңіл төрінде, рухани қажеттіліктен туған, сол себепті де үнемі бақылап-қадағалап жүріп оқитын, негізгі назарыңда болатын ақын-жазушылардың бары анық. Осы реттен еске алғанда, жазушы Дүкенбай Досжан әр кез-ақ қаламын өткір ұштаған, қолтаңбасы анық, көзқарас эволюциясы танылып-ақ тұрады. Ізденіс-еңбектері құнарлы, ой-сөз жүйелері мен көзқарас-танымының орнықтылығы бұл күнде ешкімді де бейтарап қалдырмайды. Әсіресе, адам әлеміне еркін еніп, жан-жүрекке, көңіл пернесіне, сыр-сезімге көп көңіл бөледі. Қиял дүниесіне, көркемдік нәріне, тіл мүмкіндігіне терең мән береді. Ойы өрнекті, сөзі суретті. Бояуы бедерлі. Ал, шығармашылығы туған халқының арғы-бергі тарихына, күнделікті өмір-тұрмысқа, қоғамның басты байлығы – Адам мен оның еңбегін ардақтап, адақ-мадақ тұтуға негізделгенін, ондағы көркемдік шындық пен шешімнің шынайы, шебер, нанымдылығымен көңілді баурап, жүректі тербейтінін басты сыншы-төреші – оқырманын бейтарап қалдырмайтынын айту абзал. Сол себепті де кітаптан-кітапқа еркін көшіп, рухани жарық-нұрын қалың көпке кедергісіз жеткізіп, ізденіс-еңбектерінен көзқарасы мен қолтаңба құбылысы айқын аңғарылатын қарымды қаламгерлердің алдыңғы қатарынан орын алады. Тегінде, шығармашылық ізденіс, әсіресе: “Еңбексіз жазылған дүние – әсерсіз оқылатынын ескерсек” (С.Джонсон, ағылшын жазушысы), Д.Досжан туындылары (“Отырар”, “Фараби”, “Жібек жолы”, “Зауал”, “Дария”, “Табалдырығыңа табын”, “Жолбарыстың сүрлеуі”, “Кісі ақысы”, “Мұхтар жолы”, “Абай айнасы”, “Алыптың азабы”, «Абайдың рухы»,

«Ақ орда», т.т.), ондағы тақырып-мазмұн, адам мен оның еңбегіне, тарих тағылымына негізделген оқиға өрімі, ой-сөз жүйесі, тіл-стиль сипаты, көркемдік таным арналары – ізденіс-еңбекті серік еткен, қоғамдық-кезеңдік көріністер мен өмір-уақыт талаптары басты мұрат, өлшем еткенін аңғару қиын емес. Маңыздысы: көне Тұран мен қарт Қаратау өңірі, Ұлы Жібек жолы мен Дешті Қыпшақ өркениеті, тарихи мекендер – Түркістан, Отырар, Тараз, Баласағұн, Мерке, Сайрам, Сығанақ, т.т. арғы-бергі ахуалы, қоғамдық-кезеңдік көріністер, ғажайып тұлғалар, ел-жер тағдыры, айнала-әлем, өмір-дүние сырлары, адам жаратылысы, еңбек ырғақтары, т.т. қарапайым тіл, көркем шежіре, өрнекті ой жүйелері арқылы әсерлі сөз етіледі. Бұл реттен алғанда: “Д.Досжан тақырыбы – бейне домбыраның қос ішегі секілді: бірі – қоңыр үнді көне тарихи оқиғалар тізбегі; келесісі – ащы шындығымен құлаққа қытымыр, шыңылтыр естілетін қазіргі өмірдің өз үні” (Г.Бельгер).

Д.Досжан шығармашылығына қатысты көзқарас эволюциясы мен қолтаңба құбылысының, шындық сырларының бірі – осы.

Жазушы Д.Досжанның ізденіс-еңбектерінің жемісті-кұнарлы екендігін дәлелдейтін мысал-деректер көп-ақ. Бұл тұста көзі қарақты қалың көпшілікке алғашқы әңгімесі 15 жасында жарық көріп, содан бергі кезеңде алыс-жақын елдердің баспа орындарынан шыққан кітаптары – әлемнің 20-дан астам тіліне аударылып, 7.7 млн. таралыммен басылғанын, олар негізінен 100-дің үстінде әңгіме, 20-дан астам хикаят, 10-нан астам роман, көптеген мақала, естелік-эссе, сұхбаттар, т.т. болып жүйе құрауы, көп жайды аңғартса керек. Бұған қоса жазу бөлмесінен орын алған 10 мыңнан астам кейіпкерлер жүйесіне, олардың тағдыр-талайына

катысты картотека, елімізден тыс жерлерде – Қазан, Мәскеу, Тәшкен, Омбы архивтерінен алынған сирек қолжазба мен әр алуан дерек көздері жазушының көркем һәм тарихи туындыларына негіз болып келе жатқаны жасырын емес. Бұдан басқа, атап айтқанда, М.Әуезовтің абақтыдағы түсініктемесі, А.Байтұрсыновтың қызы Кәтезге жазған хаты, М.Дулатовтың “Келешек ұрпаққа хат” атты жазбасының толық нұсқасы, Б.Момышұлының, І.Есенберлиннің, Ө.Тұрманжановтың, Ә.Тәжібаевтың, З.Қалауованың, т.б. өлең, хат, суреттері Д.Досжанның Қағаз бен Қаламның құдірет- киесіне, қасиет-сипатына, нәрлі сырына жоғары жауапкершілікпен қарайтынын терең танытады.

Жазушының жеке мұрағатынан алынған бұл дерек-дәйектерді – АҚШ-тың “Әдебиет және өнер адамдары” энциклопедиясына енуі (2-том), Ұлттық және Абай энциклопедияларынан да берік орын алуы, Мемлекеттік сыйлық (1996) пен М.Әуезов атындағы ұлттық сыйлықтың (1987), Жаңақорған, Отырар, Сырдария, Созақ аудандары мен Түркістан қаласының құрметті азаматы атты атақ-дәрежелері жан-жақты толықтырып-байытумен бірге, одан да ары асқақтатып, биіктете түсті. Біздіңше, бұл сандық көрсеткіштер: бірыңғай мадақтау, жадағай көлгірсу, негізсіз асқақтатып, даңқ тұғырына көтеру емес, керісінше, ізденіс-еңбектің, талантты қолтаңбаның жеміс-нәтижесі екенін, ең негізгісі – әсемдік әлемге, көркемдік құпияларына, Адамтану ісіне, ақыл-парасатқа құштарлықтан туғанын алдымен айтқымыз келеді. Өйткені, “Көркем өнердің міндеті – табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу” (М.Әуезов). Демек, Д.Досжан шығармашылығы қоғамдық-кезеңдік құбылыстардан бастап, ұлт тарихының арғы-бергі

кезеңдерін, танымал тұлғалардың тағдыр-талайын, уақыт пен ұрпақ үндестігін, адами-имандық мәселелерді, диалектика заңдылықтарын, өмір-тұрмыс сырларын кең көлемде көрсетеді. Қалам мен Қағаздың күдірет-киесі де осы тұстан жарқырай көрінеді. Бұл реттен алғанда, Д.Досжанның жазушылық еңбегі, талант пен тағдыр, жанр мен жауапкершілік, қалам мен қарым, парыз бен қарыз, қысқасы шығармашылық ізденіс пен оған қатысты талап-талғам төңірегіндегі өзіндік көзқарастары да негізсіз емес. Оның бірсыпырасы төмендегіше түзіліс құрайды:

“Өмірде парадокс бола береді.

Сенің бейнетің шаш етектен болғанда, пәлен жылдан бері сын естімей, әлде бағы, әлде өңгеріп жүрген қызмет портфелі септеседі ме, ылғи мақталумен ғана келе жатқан жазушылар болады. Асып бара жатқан көркемдік кестесі жоқ. Нәтижеде ылғи ауызға ілігіп, төр жақта жүреді. “Неге бұлай?” деп мәселенің шындығын іздейсің. Шындығына үңілсек, қазақ оқырманы әлі күнге дабыраға еліккіш, өзі көз жеткізбейді, өзгенің дегеніне ілескіш-ақ. Талғамы 30-жылдар деңгейінде қалып қойған, бастауыш пен баяндауыштан құрылған хабарлама, баяндама сөйлемдерді көбіне әдебиет деп ұғады. Баяғы “Ақбілек”, “Қараш-Қараш” оқиғасы өрнектеген әдемі үлгіні ұмытып үлгерген.

Екі пікір төңірегінде ой өрбітсем деймін.

Бірі: тоқмейілсу туралы. Аз жазатын қаламгерлер мына тұтамдай тіршілікте өзін-өзі қамшылаудың орнына, бәсін көтергісі келіп: “Біз аз әрі саз жазамыз, ой, пәленше ме!.. соны қойшы, бұрқыратып жаза береді”, – дейді. Жүйесіз сөз иесін табатынын білмейді. Аз, көп жазу – Жаратқан иенің таразылап берген өлшемі емес қой. Қолыңнан келсе, оқырман қауымға қалайша

аз жазып жүргенінді түсіндір, талғамыңның биіктігін дәлелде, тапқан көркемдік бояу, белгілерінді айт. Өзгенің егініне түспе. Ал, өзім аз жазатындар туралы айтылатын аса ащы, құбыжық суреттерді елестетпей-ақ, неге көп жазып жүргенімді түсіндіріп өтейін.

Суреткер үшін жазу – шер тарқату, сыр бөлісу. Роман арқылы қауым ел көтерген жүкке арқа төсесін, я хикаят арқылы жеке адамның жан күйін шежірелесін, я әңгіме арқылы пәстік сезім, көңіл шырғалаңын елестетсін, бәрінде автордың көзқарасы көрініп отырады, яғни, өзгенікі деп өзінің мұң-шерін ақтарады. Әр жанрда, әр кітапта айтарым асып-төгіліп жатса – көкірек кенішімнің молдығынан болар. Сосын әлсін-әлі үстелге шегелетіп, қағазға шоқындырып қойған ой-болмыстағы қажыр-қайрат шығар. Шығармасын қалай бастап, қалай аяқтауын көзге елестетіп қойған, әйтсе де бір бет қағаз жаза алмай жүрген қаламгерді білемін. Бар гөп қаламгердің ішкі серпіні – пружинасы босағаннан, қажыры азайғаннан. Іншалла, әзірге айтарым бар, ішкі пружинам босай қойған жоқ. Көп жазғандығымды емес, шығарманың кемшілігін дөп басып көрсеткен әріптестерге алғысым айырықша, әрине.

Екінші ой: сөз қасіреті туралы.

Өзге қаламгерлер нарық заманына өкпелеген сыңай танытып: «Қой, болды, жетті!.. енді жазбаймын, жазғанымыз басылмайды, кездейсоқ басыла қалса - қаламақы төлемейді, оқырманға жетпейді», – деп қолын бір-ақ сілтеп, сырт айналып жатса; бұл көкең: “Әлгі жиналған архив, дерек, құжаттар ізімен қол жеткен егемендік тарихын жазып аяқтап қалдым, көлемі отыз баспатабақ, үстінен асықпай қарап, шығару жайын ойластырамын”, – деп жазу үстеліне желімше жабысады. Мына сөзді естіп отырған қаламгер

құрбысы сауал қояды: “Сонда мұнша ақ тер, көк тер бейнетіңе қанша қаламақы аласың?..”. Бұл көкең: “Білмеймін, баспалар тұралап қалды, әй, көк тиын төлемейтін шығар, бұдан бұрынғы кітабым – “Екі дүние есігіне” ештеңе төлемеген, керісінше, “жақсы мұқабаға бастық, демеушілік қаржы түсір” деп өзімді қажаған, шаршатқан дейді. Мына сөзді естіген әлгі қатар құрбысы басын шайқап, қолын сермелеп, о!.. бұл жазбаса отыра алмайды!.. деп мырс-мырс күліп... жөніне жоғалды.

О!.. ол жазбаса отыра алмайды!..

О!.. ол ішпесе жүре алмайды, – дегендей естіледі әлгі құрбысының сөзі.

Сөзді сөз түртеді, ойды ой оятады. Сейіл құру, шипажайда демалу, бейтаныс сапар шегу, ұлы тойларға қатынасу, күн құрғатпай астанаға келіп жатқан өнерпаздардың ойынын көріп қол соғу, өзгелерге ұқсап желпіну, жел өтіне шығу, қызық көру, ішу-жеу секілді пендешілік хикметтерден қол үзіп, өзін-өзі еріксіз бөлмеге қамап, өз отбасын абақтыға айналдырып, үстелге үңілген сұрау белгісіне ұқсап, кеш жатып, ерте тұрып, нарық заманында кітап жазған бұл көкең – Дон-Кихот болмағанда несі қалды?!

Ендеше, өмір өлшемі әлгі айтқандай, я аз жазу, я көп жазуда емес болар.

Өз отынды қалай жағып, қалай өшірмей, шеберлік жолыңа шам алып түсіп жүргенінде шығар.

Тегінде француз Альфонс Доде айтқан асыл сөз бар: “Осы мен қандаймын?” деп ауық-ауық айнаға қарап тұр:

Өзіне-өзі ауық-ауық сын көзімен қарай білген кісі тегін болмайды. Өзін-өзі қайрап, жетілдіре білген адам – асыл дейді үлкен кісілер” («Қазақ әдебиеті», 1999, 15

казан).

Бұл тұста ойға алар жайт: Д.Досжан шығармашылығын әдебиетші-зерттеушілердің үш арна-салаға бөліп, қарастырып-бағалап жүргенін де еске алу артық емес. Олар, негізінен:

– көне ғасыр қойнауынан ер түрік аруағын көтерген 60-жылдар басындағы тарихи кітаптары (“Жібек жолы”, “Отырар”, “Фараби”);

– бодандық бұғау мен шенеуніктер езгісі зардабынан мінез экологиясына ұшыраған өмірі зияурпақтар образдарының галереясы (“Зауал”, “Дария”, “Табалдырығыңа табын”, “Жолбарыстың сүрлеуі”, “Кісі ақысы”);

– ғажайып адамдар ғұмырын көркем тілмен сомдаған сериялы еңбектер “Мұхтар жолы”, “Абай айнасы”, “Алыптың азабы”, т.т. болып табылады.

Бұл жүйе-тақырыптарда шарттылық басым болғанымен, тарихи кезеңді айқындауда, өмір-тұрмыс сырларын танып-түстеуде, тұғырлы тұлғалар тағдырын айқындау сәттерінде іргелі ізденіс, қиял қанаты, шабытты шақ, қоғамдық жайттар, адамдық іс пен ақиқат іздері айқын аңғарылады. Бұл тұстардан да Д.Досжан шығармашылығындағы тарих пен таным тоғысы, тұлға мен тағдыр, қоғам-кезең сипаты, уақыт-кеңістік арақатынасы шындық пен шеберлік тұрғысынан сөз етіледі.

Жазушы Д.Досжан шығармашылығы:

Ізденіс;

Еңбек;

Шеберлік сынды талант пен тағдырдың, таным мен талғамның, қалам мен қарымның мүмкіндік-иірімдерін айқын аңғартатын асыл арналардан, туған ел-жердің арғы-бергі тарихын танып-білуден, көркемдік-

құпияларына құштарлықтан бастау алады.

Д.Досжан туындыларында өмір оқиғаларының шындыққа негізделіп, кейіпкерлер жүйесінен тарих пен қазіргі кезеңнің маңызды мәселелері айқын аңғарылып, оның өзі нәзік лиризм, сыр-сезім, ой ағыны, келісті ырғақ арқылы кең өріс алады. Ақын О.Сүлейменов айтқанындай: “Досжанов – сөз қаруын қасиет тұтатындықтан да қаламға қажетсіз жерде жөнсіз жармаспайтын жазушы. Ал, егер сол қару-қаламын қынынан суырса, онда ол ылғи әділеттің жағында болып, елсізді қорғау үшін, мұңлыны жұбату үшін ғана қару-қаламын сілтейді”.

Қазақ әдебиетінің дәстүрлі жанрларының дамуына, оның алыс-жақынға танылуына көрнекті қаламгер Дүкенбай Досжан тақырыптық һәм көркемдік ерекшеліктерімен де сүбелі үлес қосты. Атап айтқанда, шағын және үлкен жанрлар табиғатындағы ізденіс арналары мен көркемдік мұраттарында бірлік-байланыс пен сабақтастық бары байқалады. Қоғамның басты байлығы – адам әлемі мен еңбегін, тұрмыс-тіршіліктерін, өмір-уақыт шындықтарын қабылдау мен қорытудағы көркемдік амал-тәсілдерінде авторлық ұстаным мен қалыптасқан қолтаңба терең танылады. Өмір оқиғаларын, уақыт тынысын, тұрмыс-тіршілік көріністерін алуан бояу, бедерлі нақыштармен нанымды бейнелейді. Ой мен сөздің бірлігін сақтап, сырлы әлемнің құпиясына еркін енеді. Қаһарманның рухани әлемін ашу ісінде – арғы-бергі тарихтың терең да тылсым қойнауларына қадам жасайды. Танымал тұлғалардың, білімпаз оқымыстылардың мұра-мирастарына ден қояды. Реализм табиғатына, көркемдік таным арналарына, магиялық реализмге, максималистік ұстанымға, ой-сана ағымына,

пәлсапалық-ғұмырнамалық баянға, бояу-нақышқа, сөз суретіне барынша бейіл танытады. Тілді қолдану мен құбылтудағы мол мүмкіндіктерінен, стильдік құбылыстардың терең, тылсым сыр-сипаттарынан көркемдік көкжиегіне құштарлық пен сүйіспеншілік сезіледі. Нәтижесінде, қалың көптің қызығушылығын туғызып, ойлы оқырмандар қатарын еселеп арттыратүсті. Кітап палатасынан «Оқырманы қисапсыз жазушы» атты куәлігін алуы, жоғарыдағы айтылған жайттардың дәлел-деректері ретінде алға тартуға әбден болады (Досжан Д. Көркемсөз шебері. Библиографиялық көрсеткіш). – Астана: ҚР ПМО, 2010. 4-бет).

Бұл, сөз жоқ, жазушы еңбегінің қалың көпке жетіп, қалам қуаты мен көркемдік қайнарының, ой-сөз жүйесінің, тіл құнарының өзіндік өзгешелігі барын байқатады.

Бұл – қаламгер мен қалың оқырманның берік байланысын, ортақ мұраттарын да танытады.

Жазушы Д.Досжанның әр жылдары жарық көрген – «Таңдамалы шығармалар» (мысалы, «Жазушы», 1990. 2-том; «Білім», 2002. 13-том; «Фолиант», 2008. 4-том) бойынша байқалғаны, кіші және орта, үлкен жанрларға қатар қалам тартқанын айқын аңғарар едік. Олардың арасында балаларға арналған әңгімелер мен хикаяттар («Ата кәсіп», «Тегіне тарту», «Ақыл сатамын», «Арман баланың басынан кешкендері»), «Тарихи тақырыптың пионері» («Отырар», «Фараби», «Жібек жолы»), өмірзая ұрпақтардың тағдыр-талайы («Зауал», «Дария», «Табалдырығыңа табын», «Кісі ақысы»), өнегелі өмір өрнектері («Мұхтар жолы», «Абайдың рухы», «Алыптың азабы»), тәуелсіздік тарихы мен тағылымы («Ақ орда», «Салтанат сарайы»), жан әлемі мен рух

арналарының ірімдері («Екі дүние есігі», «Жан тәтті», «Ине ұшындағы өмір»), т.т. кең орын алады.

Ақиқатында, Д.Досжан шығармашылығы әр алуан жанр, түрлі тақырыпта кең өріс алып, ондағы басты арна – адам мен оның өмірі, еңбегі мен тұрмыс-тіршілігі, жан әлеміндегі ерекшелік-өзгерістер, тарих пен тағдыр талқысы, уақыт пен кеңістік шеңбері аясында дамып, іргелі ізденіс пен маңызды тақырыптар, өрнекті оқиға мен шынайы шындықтар, өрелі ойлар мен толғам-толғаныстар арқылы өзгеше бояу-өрнек, нақыш құрап, көркемдік шеберлік пен шешендікке ұласып, танымдық-тағылымдық сипаттарымен жүйелі жеткізіледі. Бастысы, әрине жазушы еңбегі мен өзіндік өзгешеліктері, ізденіс арналары аңғарылып тұрады.

Жазушы Д.Досжан шығармашылығында - көркем әңгімелері бояу-бедерлерімен, ізденіс пен өзгеше өрнекті, өзінше әлем құрайды. Алдымен аңғарылатыны, шағын жанр – әңгімелер әлемінен тақырыптық-көркемдік ерекшеліктер байқалып, ондағы басты бағыт-арналар – адам мұраты, өмір оқиғалары, уақыт бедері, тарих таңбасы, тағдыр талқысы, т.т. әр алуан ізденіске, көркемдікке құрылатыны көрінеді. Қоғамдық құбылыстар мен өмір оқиғаларының көріністері, адам әлемі мен уақыт тынысының сыр-сипаттары да танылады. Оның біраз бөлігі – тәуелсіздік тұсындағы туындыларынан, атап айтқанда «Ат үстіндегі үшеу» («Егемен Қазақстан», 1992, 3 қыркүйек), «Жақыныңды жалғыз тастама» («Халық кеңесі», 1992, 19-20 тамыз), «Мағжанды атқан адамдар» («Қазақ әдебиеті», 1992, 4 қыркүйек), «Динозавр» («Зерде», 1993, №5. 30-33-бет), «Иман таразы» («Егемен Қазақстан», 1993, 26 қараша), «Екі дүние есігі» («Жас Алаш», 1997, 20-24 мамыр), «Жан өлмейді» («Қазақ әдебиеті», 1998, 1

мaмыр), «Академик» («Балдырған», 2000, №2, 5-бет), «Пілмен күресу» («Жалын», 2005, №12. 41-45-бет), т.т. кеңінен көрініс тапты. Жазушы еңбегі ізденістен, өмір оқиғалары мен шындықтарынан, уақыт пен кеңістіктің өзара қатынастарынан, көркемдік мұрат пен шеберлік сырларынан тұратыны терең танылады. Көркемдікке құштарлық, шынайы шындықтар сыры кім-кімге де ой салады. Бастысы, адам мұраты, өмірі мен еңбегі алдыңғы кезекте көрініс береді.

Қаламгердің «Кейінгі кездегі әңгімелер» топтамасына енген туындылары («Сөз киесі», «Суретші», «Кешірім», «Адамға қанша жер қажет?», «Виртуоз», «Жанып-сөну», «Жоғалған қолжазба», «Жаңғақ», «Өмір арбасы», «Шырақшы», т.т.) тақырыптық-жанрлық жүйесімен, көркемдік-эстетикалық құндылықтарымен ерекшеленіп, ұлттық сөз өнеріне жаңа көзқарас, соны ізденістерімен сүбелі үлес болып қосылды. Әсіресе, адам өміріне, жан әлеміне еркін еніп, өмір-дүниеге, тұрмыс-тірлік иіріміне етене бойлап, оның бәрі — баршасынан адамдық істі ардақтау, адамшылық жолдан айнымау, жасампаздық пен ізгілікке ұмтылу, достық пен махаббатқа құштарлық, сыр-сезімге сүйіспеншілік пен тұрақтылық терең танылады. Адам мұраты мен еңбегі, тұрмыс-тіршілік иірімдері өмір оқиғалары арқылы кең өріс алып, оның өзі «өз шындығы мен өз көзқарасы шеңберінде» шынайылық пен шеберлік сипатына ие болып, ондағы уақыт шындығы, көркемдік нәрі, бедерлі бояу, сөз өрнегі, тіл мүмкіндігі, стильдік құбылысы келісті нақыш, байтақ көкжиегімен айырықша мәнге ие болады. Өмір-дүниені қанық бояу, нәрлі нақышта беру, қоғамдық құбылысты көркемдік мұраттар тұрғысынан тану, ой-сөз жүйесінен сыр тарту — жазушы еңбегінің басым бағыты, құнарлы қыры.

Қаламгер қолтаңбасы мен ұстанымынан – өмір оқиғаларын жіті бақылап, уақыт тынысын байыпты саралап, сосын, сөз жоқ, адам әлемінің мың сан иірімдеріне еркін бойлайды. Ақыл-парасат таразысына, таным арналарына, сыр-сезімнің сәулелі сәттеріне де сергек қарап, шынайылық сипаттарына маңыз береді.

Жазушы еңбегінің басты ерекшеліктерінің бірі – адам әлеміне терең енді; көркемдік көкжиегін, ой өлкесін еркін аралады; дүние дидарын суретпен көрді; сөздің қадір-қасиетін танып-біліп, маржандай теріп, тәспіше тізді; көрініс-құбылысты анық-қанық бояумен берді; уақыт пен кеңістік ара-қатынасын, тарих пен таным арналарын дәйек-деректермен негіздеді; қоғам дамуы мен заңдылықтарын, руханият қайнары мен құндылықтарын көңіл көрігінде қорытты; жан-жүректің күйінішті-сүйінішті сәттерін сыр-сезіммен, сүйіспеншілікпен суреттеді.

Демек, қаламгер ой-жүйесін кең көлемде саралап, нәтижесінде – адам әлемін, өмір мұратын, уақыт сырын барынша байыпты һәм қаз-қалпында көрсетіп, дүние дидарын «суретпен көретін, бояумен беретін» белгі-ерекшеліктері бары жіті танылады.

Анық аңғарылатыны, жазушы еңбегі іргелі ізденістер жемісі, өмір оқиғаларын, тұрмыс-тіршілік тынысын, адам әлемінің иірім-сырларын тереңнен толғап, кемел қозғайтыны көрінеді. Қарапайым көрініс пен керағар құбылыстарды, адам бойындағы артық-кем тұстарды, күнделікті өмір-тұрмыстағы кедергі-кемшіліктерді асыл сөздің қасиет, бедерімен барынша бейнелі көрсетіп, сыр-сипаттарын сенімді суреттейді.

Қаламгерге кезек берсек, мен қалай жазамын деген сауалдар төңірегінде төмендегіше сыр толғайды: «...Мен – суретшімін, құралым – сөз, кәсібім – тірі

сөзбен суреттеп шығарма жазу. Екінші сөзбен айтсақ: болмысты көркем сөзбен келістіріп, оқырманның көз алдына елестетіп беру. Мысалға, «күн батты» десек, бұл – журналистика, ал, «күн шоққа ұстаған сүрдің майындай құм шағылға еріп сінді» десек – бұл сурет. «Алдымыздан тау көрінді» десек – журналистика, ал, «алдымыздан ақ бас тау иықтасып түрегелді десек, бұл – жанды сурет.

... Өз басым бір нәрсені көңілге түйіп жазар кезде – сол нәрсені көз алдыма келтіріп елестетем, солай еткен мезгілде – дүние шіркін дөңгеленіп, сол нәрседен басқасы тарс естен шығып, шырқ айналып кетеді. Ойға алған жайт қана көз алдымнан елес боп кетпей қояды. Жайлап отырып ойды, қиялды үзіп алмай, қаламсапты алып, қылқалам сілтеген суретшіге ұқсап ақ қағазға сөзді түсірем, сөйлемді иіп келтірем.

Сөз өз-өзінен құйылып келе береді.

... Ішімдегі тірі сөзді, көркем сөйлемді, қадау-қадау ойларымды жарық дүниеге, сырт әлемге қайтсем де шығаруым керек көрінді. Аян берген сол ойлар! Шығармасам – шерленемін кеп.

Мына мен үшін жазушылық – кітап жазу, атақ шығару емес, жер әлемді бояумен бедерлеу, шер тарқату, мысқылдай болса-дағы, кептердің қауырсынындай көрінсе-дағы – өзімнің тапқан шындығымды айту» (Досжан Д. Шығармалары. 1-том. Астана: Фолиант, 2008. 382, 443, 444-беттер).

Жазушы еңбегіне тән мұндай белгі – ерекшеліктер, әсіресе, кіші, орта және үлкен жанрлардан, ондағы ізденіс іздері мен тақырыптық-көркемдік арналардан, ой-сөз жүйесінің терең иірімдерінен, ұлттық тілдің бейнелі-бедерлі һәм мол мүмкіндіктерінен, стильдік құбылыстардан кеңінен көрініс табады.

Жазушы еңбегіндегі арналы ағыс, шоқтықты шоғыр – әңгімелері екені анық. Әсіресе, «Кейінгі кездегі әңгімелер» кітап аңдатпасында айтылғанындай: «... рентген сәулесі секілді уақыттың адам ағзасынан өткендегі ізі, адамшылық нұры, жақсылыққа ұмтылуы мен кесапатпен күресі туралы. Өмір бойы іздену, кемелдену, жетілу жолындағы жазушы ұстанымын алғатартуымен қызық» (Досжан Д. Таңдамалы шығармалар. А., «Өлке», 2011. 2-бет).

«Сөз киесі» әңгімесі – тағдыр, пешене төңірегіндегі толғам-толғаныстармен басталады. Өйткені, «Тағдыр әу баста пешенеге жазылады». Әңгіме кейіпкері – Асылмұраттың тағдыр, пешене төңірегінде өзіндік таным, түсінігі бар. Тіпті, жас кезінде пешене – кісі маңдайы деп қабылдаған-ды. Кісі маңдайындағы белгі, тері мен сүйек арасындағы сызат, іздер адам өмірінің, еңбегінің, тағдырының көрінісіндей әсер қалдырғанды.

Асылмұрат қаламгер болып қалыптасты. Бір отырғанда жазып тастайтын танымал болды. Сөз құды. Сөз сиқырын еркін сезінді. «Тірі сөзді тәспіше тізбесе, отыра алмайтын ауру жамады». Жазғаны жұртқа жетті. Ел таныды. «Дүниені суретпен көретін, бояумен беретін сөз киесі қонды... Сөз саптасы: кемпірқосақша көз тартады, сәруәр тасындай сыңғырлады, жауһарша жалт-жұлт етті». Шығыс аңызын еске алды. Дүниенің ақылын кітаппен байланыстырды. Адам-пенденің ақыл-парасатын, хал-қарекетін, мінез-қырларын да көңіл сүзгісінен өткізді. «Жауһар әңгімелер жинағын» дайындады. Мемлекеттік тапсырыспен баспадан шығарып, алыс-жақын елге жеткізгісі келді. Баспа орындары мен бөлім бастықтарына жолықты. Үкімет үйіндегі бас маман алдына да барды. Бәрі де мың сан

себеп-салдарды көлденең тартып, «ұзатып салып» отырды. Бас маман - «Сонар» деген баспаға бағыттады.

Асылмұраттың «Сонар» баспасын табуын тапқанымен, оның директоры – Айнагүлді көріп, қолжазбаны қатар қарағаннан бастап, өзгеше халді бастан өткереді. Айнагүлдің өзі-сөзі, тіпті, ажар-көркі, қылық-әрекеттері - Асылмұратты тәп-тәуір «тұсап тастады».

Асылмұрат жан әлеміндегі өзгеше өзгерісті сезінді. Бойын мазасыздық биледі. Көңілі алаң күй кешті. «Бойжеткеннің қос анары жарылған әңгелекше төңкеріліп, ойығы шыңырауға ұқсап, қараған көзге үлкейе-үлкейе жанарына тым-тым тақап қобалжытты. Басы айналып, танауына емшек ойығының жылы жұпары жетті. Тұла бойы бір ысынып, бір суынып, нәпсісі құйын боп қозды...

Көзі жылтыраған бойжеткеннің жұмсақ ерні шоқ басқандай күйдірді, жанарын жұмды, көзін ашса-ақ арбап алатындай сезінді».

Асылмұрат Айнагүлмен кезіккеннен кейін-ақ жазу ісінен алыстады. Күндіз-түні еңбектенгенімен - «ойы божырап, сөзі қожырап» кетті.

Асылмұрат кейін естіді. Айнагүл «ірі холдингтің президенті» болыпты. Сөз жоқ, таңданды. Ақыл-парасаттан - ажар-көрік үстем болыпты. Шынайы сыр-сезімді жалтырақ өмір, табансыз әрекет алмастырыпты. Өмір мұратын мәнсіз, нәрсіз әрекет, көріністер жаулап алыпты. Осылайша, әрине, Асылмұраттың жаңа кітабым мемлекеттік тапсырыспен шықса, кітапханаларға тарап, қалың көпке жетсе екен», - деген үміт-сенімі аяқ-асты етілді.

(Жалғасы бар).

Баянғали ҒАЛЫМЖАНОВ,
филология магистрі,
Білім беру жүйесіндегі
педагог кадрлар біліктілігін
арттыру және қайта даярлау
институты гуманитарлық
пәндерді оқыту әдістемесі
кафедрасының меңгерушісі.
Астана қаласы.

М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ӨЛІКТІ ҚҰРМЕТТЕУ РӘСІМДЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖӨН-ЖОСЫҚ, ЖОЛ-ЖОРАЛҒЫЛАР

М.Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегі халық ауыз әдебиетін зерттей келе ел аузында сақталған жырларды бірнеше топқа бөледі. Мұнда да осы дәстүр бойынша М.Әуезов өлікке құрмет көрсету дәстүрін әдебиетте көркем де көрнекті бейнелейді.

Біз әуелі «Абай жолы» роман-эпопеясында өмірден өткен тұлғалар бейнесін қарастырсақ, алғашқы кітапта Қодар баласы, келіні Қамқа және Қодар, Құнанбайдың тоқалы Айғыздан туған Кәмшат, рулас қарсыласы Бөжей және анасы Зере, ал екінші кітапта Иіс кемпірдің ұлы Иса, Абай анасы Ұлжан, үлкен ағасы Құдайберді, інісі Оспан, ұлдары Әбдірахман мен Мағауия, досы Базаралы, Базаралының әкесі Қаумен, Балағаз, Сарымолла, соңында Абайдың өзі дүниеден өтеді. М.Әуезов әр өлімде әр түрлі өлген адамдардың

қазаларында дәстүрді қайталап суреттей бермейді. Әрқайсысында әр түрлі салт пен жөн-жосық, жол-жоралғыны, яғни, бірінде жетісін суреттесе, келесі бір өлімдерде қырқын, жүзін, жылын, асын еске алуын әрқалай түрлендіріп суреттейді.

Мәселен, Қодардың баласы Құтжанның өмірден өткені тек бірер ауыз сөзбен айтылып өтеді де, жазушы оның жерлеу, құрмет көрсету рәсімдерін атап көрсетпейді.

Құнанбай қатыгездігінің құрбаны болған, атасы мен келіні жақындасты деген желеумен өлтірілген Қодар мен Қамқаға ешқандай құрмет көрсетілмейді. Қазақта өзіне-өзі қол жұмсаған және халықтық дәстүр мен салтқа қайшы келген адамдар ақыреттік сапарға аттанарда ұлттық жөн-жосық, жол-жоралғылар жасалмай, қара жер қойнауына ақ мейітке оралусыз береді. Бірақ шығармада жалған өсектің жазықсыз құрбандарына айналған Қодар мен Қамқа да осы салтпен өлікке көрсетілетін құрметсіз аттанады.

Енді Бөжей үйінде тірі жетім қылып әкесі «ит жемеске тастатқан» кішкене Кәмшат тағдыры, оның өлімі жөнінде тоқталайық. (1;38) Әдетте сәби дүниеден өтсе, үлкендерге көрсетілген көп жөн-жосық, жол-жоралғылар жасалмайды. Мәселен, айып кешіп араздықты жою үшін араға бала салынып, Бөжейге берілген, Айғыздан туған Құнанбай баласы Кәмшаттың өлімі осыны көрсетеді.

Келесі бір тұс – осыдан көп ұзамай, сырқаттан қайтыс болған Бөжей өлімі оқырманның алдына көп нәрсені жайып салады. Әдетте, адам өлгенде, араз ағайындардың өзі өлікке құрмет көрсетіп, араздықтарын тастайды. Бөжей өліміне көрсетілген құрмет – шығармадағы ең үлкен эпизод:

Әшейінде қаншалық қиян-кесті араз боп жүрсе де, «торқалы той, топырақты өлім» дегенге келгенде, араздық ұмытыла түсетін... Бөжейдің жаназасына шақырылмаған Зере, Ұлжандар өлердей күйіп, өзгеше шерлі болып қалған еді. (1;135)

Бөжей өлімін күту ауқымы шығармада кеңінен суреттеледі. «Алыс-жағындағы Бөжейдің тілеулес ағайындары бөлек-бөлек, үлкен-үлкен үйлері мен сойыстарын, сабаларын, күтуші еркек, әйелдерін түгел алып келіскен. Өлімді күтудің ерекше бір көптен бері болмаған салтанаты туып еді» (1;135)

Роман-эпопеяда қарапайым жұрт біле бермейтін бірнеше салт, жөн-жосық, жол-жоралғылар түрлері аталып көрсетіледі.

«Отыз-қырық кісідей шапқыншы түн ортасы ауа бергенде, қос-қос атпен әзір болды. Жарау ат айғырды мініп, қалың тобықтымен көршілес Керейдің, Матайдың сонау тіпті Қарқаралы жағындағы Шор мен Бошанның басты-басты жерлеріне де жат, суық хабарды алып, шашырай шауып жөнелген-ді.

Түні бойы ұйықтамаған Байдалылар күн шыға бергенде, Бөжейдің өз үйінің жанына осы өлкедегі ең үлкен үй – Сүйіндіктің аққанат аппақ үйін әкеліп тіккізген. Үй тігіліп болысымен, ішіне бөтен жасау, жабдық кіргізбей, тек есіктен төрге дейін кілем жайғызды. Оң жаққа үлкен сүйек төсек кіргізді. Үстің көмкерумен қара кілеммен қара тегістеп болып, сол төсекке Бөжейдің сүйегін әкеліп салғызды. Жаназасын шығарғанша өлік осында болмақ.

Бөжейдің өлігін өз үйінен шығарып, мынау үйге әкеліп қою қаралы қатындар мен Бөжей қыздарының зарларын қатты үдетіп еді. Байдалы сүйекті орналастырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ

үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеліп қара тікті».

Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді. Қара дегені – ұзын найзаның басына тігілген ту. Егер Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің тұқымының туларын тігер еді. Ал, қарадан кісі өлсе тудың түсі өліктің жасына қарай болады.

...Сүйіндік жас кісі өлсе туы қызыл болатынын айтып келді де, «Бөжейдің орта жасты кісінің қаралы туы – бір жағы ақ, бір жағы қызыл болу керек» дегенді айтқан. Жаңағы Байдалы әкеліп тіккен ту – қара дегені осы еді. (1;137)

Тігілген қара өлген адамның ерекше күтіліп, ас берілетінін де дәлелдейді. Әдетте жүргінші жолаушылар келсе, осы тігілген қарадан-ақ ол үйдің қаралы үй екенін біліп, тіке түспейтін болған. Әрі «қаралы үй» атауы да осындай себептен болатын болса керек.

Сондай-ақ, ер адам болса, мініп жүрген жүріс атын «тұл байлау» салты жасалады. Тұлдау дегеніміз – сол аттың қара терін шығарып барып суыту. Тұл – тақ сан, жалғыз қалу дегенді білдіреді, яғни, иесінен айырылған ат – тұл қалған жануар болып саналады.

«Қара көк атқа да соны істеп, тұлдаған екі атты барлық осы өңірдің өзге жылқысынан бөлек түске кіргізіп қоя береді. Мынау тұлданған екі ат келесі жылға шейін мінілмейді. Қол тимей семіріп барып, жыл асқан соң иесінің асына сойылады». (1;138)

Бұл дүниеде өлімге қазақтан көп шығындалатын халық жоқ. «Өлім қайда барасың? Бардың малын шашамын, кедейдің артын ашамын» деген осыдан шыққан. Қонақ асы осы шығынның алды. Бірақ көп жағдайда өлген кісінің жақын-жуық, ағайын, руластары бұл шығынды бірге көтереді.

«Сондықтан олар Бөжейдің өз үйіне салмақ түсірген жоқ. Керек десе бір лақты да өзінен шығартпасқа бекісті. Ертең бата оқыры, қонақ асысы аз болмайды. Қара тіккен үй, әсіресе, өткен кеткеннің бәрін шақырып тұратын үй осы болмақ» (1;138)

Ағайын-туыстары «азаға салғаным», «қосқаным», «әруағына арнағаным» деп бұйымдар тастайды.

Енді өлікті құрметтеу салтының бір түрі – жоқтау дәстүріне тоқталып кетейік, бұл да құрмет көрсетудің бір қыры болып саналады. Бұған ең көп қиналып, жылы өткенше жоқтау шығаратын бірден-бір халық – қазақ болған.

«Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған. Қан-сөлден айырылып, сұрланып талған жүзінде көк тамырлары білінеді. Екі бетінің ұштары жылап жыртқан тырнақтың табын сақтап, жарадар болып тұр. Бөжейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты. Бұлар әкелері өлісімен, қайғылы, шерлі, бір ұзақ жоқтаудың сарынын тапқан екен. Бүгін таңертеңнен бері жаназашыларға көріскенде сол жоқтауларын айтумен отыр». (1;139)

Көшіп-қонып жүретін қазақ халқының көші-қон кездерінде де әр түрлі салт түрлерін орындай беретіні белгілі. Сол тәрізді Абайлардың алдынан шыққан Бөжей көші де өз жоралғысын жасайды: «олары өзге қыздан бөлінгенде байқалады. Бастарында еркектің бас киімін киіпті. Қара мақпалмен тысталған жұқа қара елтірі тымақтары бар. Қыз кимейтін бас киімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті». (1;144)

...Екі қыз бөліне салысымен мына көлденең қарап тұрған аттыларды көріп, шырқай созып, қаралы мұңды

дауыс айта жөнелген. Көш бойында ауыл үстінен өтсе немесе бөгде жүргіншілер жанынан өтсе, қаралы көштің қара жамылғаны осындай қыздары дауыс шығарып жоқтау айтатын өліктің басты салты болған. Қыздар соны бастаған екен». (1;145)

Бөжей асына шақырылмаған Құнанбай ауылы жаназадан қалып қояды.

Алайда жаулықтың жібін бұзу үшін Абай айналасы Бөжейдің жетісіне қатысып, садақасына, яғни, асына қызу қамданды. Абай үй тігіп, қызметшілерін, ас-суын дайындап, тіккен үйге бөлінген қонақтарды тізе бүкпей шын ықыласпен күтеді. «Келер күн ең ауыр күннің өзі болды. Астың дәл үлкен күні – осы. Абайға тиісті қонақтар бұл күні түске шейін кешегі үйлерінен қозғалған жоқ. Таңертеңнен бері шай, қымызбен сыйлап келіп, дәл түске жақын барлық он үйге ет тартылды. Абайдың бұл жолы жасаған тәртібі қонақтарды да, көлденең қараған елді де, ас иелерін де қатты сүйсіндірді. (1; 203)

Ас беру салт-дәстүрі – қазақтың тойымен пара-пар өтетін үрдіс. Ат шабыс, балуан күрестіру, жамбы ату, асқа тігілген үйлерді бағалау, келген ағайынның көңілін табу дәстүрлері барынша молшылықпен түрлендіріліп жасалады.

Ас бітіп, тарқайтын кезде, өлімнің артын жоқтаған қаралы күндердің біткенін жариялайды. Оны шығарманың мына тұсынан көруге болады. «Байдалылар Бөжей үйінің жанына келгенде, үй ішіндегі былтырдан бергі қаралы әйелдер тысқа шықты. Содан соң, Байдалы белдеудегі қараны суырып алып, Байсалға берді. Ол ырымын істеп, қараны жерге сұлатты да, табанымен басып, сындырып тастады. Ас өтті. Қаралы жыл толды. Енді азалы күндер бітті дегеннің белгісі».

Ең соңғы құран оқылып, қаралы теңдер бұзылады. Тұлданған екі ат әкелініп, сойылады да, келген қонақтарға таратылады.

Бөжей өлімін күту роман-эпопеядағы өлімді құрметтеуге байланысты салт-дәстүрді, жөн-жосық, жөн-жоралғыларды көрсеткен ең үлкен эпизод деуге болады. Шындығында да, шығарма барысында өмірден өткен адамдардың ішінде тек осы Бөжейдің өлімін құрметтеп шығару барлық жөн-жоралғысымен атап көрсетеді. Ал қалғандарында атап-атап өтетіні ғана байқалады.

Қазақ халқы жасы жетіп, өмірден көретін қызығын кешіп, дүние салған адамдарға көп қиналыстық білдірмей, сабырмен, шыдамдылықпен шығарып салатын болған. Немере, шөбересін сүйіп, жасарын жасап қайтқан Зере ана өлімін автор соншалықты байсалды баяндайды:

«Бұл өлімді барлық жұрт тегіс ауыр алғанымен, жыласқан жоқ. Үндемей күтті. Келесі күн жаназасы болғанда, энеугі елу кедей көршілер де тегіс келген екен. Көп қауым боп, түгел ардақтап қойды. (1;236)

Сондай-ақ, өлген адамның соңынан сауап болу үшін бата оқи келген адамдарға құран оқитын жөн бар. Қадірлі, сүйікті әжесі қайтқанда Абай ана әруағына бағыштап құранды өзі оқиды.

Екінші кітаптың алғашқы бөлімдерінде қайтыс болған Базаралы, Балағаз, әкелері Қаумен қарт, Иіс кемпірдің жалғыз ұлы Иса өлімдері тек хабарланып қана беріледі.

Роман-эпопеяда үлкен желі болып тартылатын қайғылы өлімдердің бірі – аналар өлімдерін атап айтуға болады. Мұнда айтулы Зере, Ұлжан секілді асыл

аналардың өмірден өтуі үлкен қимастықпен әсер еткені даусыз. Мұнда сабырлы, тумысынан салмақтылықты үйіп-төгіп бере салған мінезді ана Ұлжан өзінің ардақты енесінен кейін көз жұмған еді. Романда осы аналардың өлімі естірту, жоқтау, көрісу, сабырға шақыру, өліктің рухын тыныштандырып, құран оқу секілді жөн-жосық, жол-жоралғылар аталып өткен.

Жалпы шығармада әйел адамдарға көрсетілетін құрметті көп баяндамайды. Салт-жоралғы түрін көбіне-көп ер адамдар өлімінде суреттеген.

Оспан өлімінде автор жоқтау салтына кеңінен тоқталады. Оны шығарманың мына бір тұсынан көруге болады:

«Осы үш әйелдің ерін жоқтаған дауысын Ералыда отырған адамдардың кәрі-жасы түгел біледі.

Әсіресе, Зейнеп дауыс айта бастағанда, бұның үйінің сыртына келіп, пәуескеге мініп немесе жүкке сүйеніп сыбырласып отырып тыңдайтын балалар, жастар да болды.

Зейнеп ескі шежірені де біледі екен. Жоқтауының арасында Оспанның әкесі Құнанбай қажыны да қосады. Енесі Ұлжанды да туған анасындай ардақтап жоқтайды. Оспанның үлкен әкесі Өскенбай биді де атап, мақтап кетеді. Арғы атасы Ырғызбайды да қосады.

Көп жастар «Ырғызбай» деген рудың атын білгенімен, дәл сол Ырғызбайдың өзі немен даңқты болғанын білмейтін. Ұмытқан нәсіл есепті, арғы заман адамын көп ойламайтын. Ал мынау білгір, айтқыш келін Оспанды мақтау үшін оның балуандық, батырлығын айтады. Соны арғы тектен келе жатқан ата қасиеті етіп көтере сөйлейді. Осындайда Ырғызбайдың жас кезінде «түйе балуан» болғанын жыр етеді». (2;169)

Бұл жерлерде автор Оспан өліміне өлімнің біраз рәсімдерін желі етіп тартқан. Өлікке деген арнайы айтылатын жоқтау жырларына әйелдердің рөлі зор екенін айтады. Мұны Зейнеп арқылы көрсетеді. Өлім кешіріммен келеді. Қайтыс болған адамның жақсылығын ғана айтқызады да, айып-міндерін ұмыттырады. Оспанды жоқтау арқылы оның кім екенін, кім болғанын, қандай күйде болғанын білеміз. Романда кесек, бірбеткей, қайратты жан еді. Жасынан ұстаған жерде қолы, тістеген жерде тісі кетерлік, берілген бетіне барымен ауатын тұтас бітімді дүниеқорлығы, сарандығы жоқ, дос болған адамына ашық, ақжарқын адам еді. Өзге көп туыстың оған тең келері жоқ. Осылай Оспанның қимас қасиетін еске алады. Оны ойлай отырып, бүгінгі тірі де, қатарда қалған кей туыстарды ойға алғанда, көңіл медеу таппай, ызалы жүрек ащы шындықты атап өтеді. Осындай алуан толғаныстарды Мұхтар Әуезов Абай сезімімен ұштастырып береді.

«Қайғы, қаза Абайды соншалық сындырып, «кеудедегі лаулап жанған өнер отын да өшіріп кетті ме?» деген күдіктер, Дәрмен сияқты дос інінің ойына жиі келетін. Бірақ сыртқа солай көрінсе де қайғылы Абай ақын Абайды мүлде тыйған жоқ-ты. Көп жұрт Оспан жайын әр алуан айтып, жылаған шақтарда, Абай өзі де ақын тілімен іштей әлденеше жырлар шерткен» (2;170)

Міне, романда Бөжей өлімінен кейін ерекше рәсімді түрде суреттеліп өткен осы Оспан өлімі болды. «Мұнда Оспанды жыл бойы жоқтаған Зейнеп болды. Бар ағайынмен бата оқушылар: «Шіркін, Зейнеп-ақ қандай аңырап отыр», «кеудесіндегі шері, көзіндегі жасы, аузындағы сөзі – бәрі де анық адал жарды танытады-ау!», «Кім арманда өтпейді бұл өмірден, бірақ артында

дәл осы Зейнептей зар етуші болса, өлімнің өкініші бар ма?» деп сырт кісілер де аңыз еткен.

Зейнеп Оспанның жылын ерте беруге де қарсы болған. Алғаш сол сөз шешілгеннен бастап, дәл жылы берілетін күнге шейін ол өзінің жоқтауын тағы да түрлеп алды. Күніне екі рет емес, тіпті, үш қайтарадан дауыс айтып отырды. (2;247)

Бұл тәріздес қадірлі адамның соңынан үзбей жоқтау айту – құрметтің айырықша түрі болып саналған.

Роман-эпопеядағы ерекше бір өлімге көрсетілетін құрмет Әбдірахманға көрсетіледі. Алматыда, қалада өкпе ауруынан дүниеден өткен Әбіш сүйегі қала қазақтарының жол-жоралғысымен қойылады.

«Әбіштің жаназасына Алматы халқы көп жиналады. Талайдан бұлыңғыр жүдеу, сұрғылт аспан бүгін мөлдір көк болып жарқырап ашылған еді. Қалың жұрт Ташкент жолымен жүріп отырып, «қазақ зиратына» апарып Әбішті қоюға кетті. Қазған көрдің жері әрі салқын, тоң еді. Ақыретке ғана оралған кіп-кішкентай, жұп-жұқа, бірақ ұзынша бойлы Әбіш сүйегі қазір сол суық қара жерге табыс етілді. Үлкен жүрек, аппақ таза көкірек сол қабірге түсті. Әбішті жерге, лақатқа Майқан мен Өтегелді өз қолдарымен қойып жатып: «Аманат!», «Аманат!» десті. Жағалай тұрған барлық жиын осы сөзді бір ауыздан қайталады».

Бұдан кейін Әбіштей аяулы азаматты жоқтап, бір жағынан Абайдай ардақты мойымасын деген есеппен халық ұлына арнауды Жамбылдың ауызымен айтқызады.

«Сәлем айт барсаң Абайға,

Кеңесі жеткен талайға.

Ауырды жеңген қара жер,

Сабырлы болсын қалайда...

Бір жұтқан судай дүниесін:
Ащысын жұтып күйінесін,
Тәттісін жұтып сүйінесін.
Жаңғаққа біткен бәйтерек
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай...
Тасқынға тәңір басуы-ай...
Нар көтерген ауырға

Арқасын тоссын жасымай...»-дейді. (2;438)

Біз бұл жерден жоралғының бір түрі – сабырға шақыруды, жұбатуды көреміз.

Әбіштің артын ала сол аурудан Абайдың екінші ұлы Мағауия дүниеден өтеді. Жазушы бұл тұста Абай халін ғана суреттеген. Роман-эпопеяда Мағаштың қырқын берер күні Абай қаза табады. Бұл тұста да автор жоқтау рәсіміне кеңінен тоқталады.

Қазақ халқында өлікке құрмет көрсетудің тағы бір қыры – өлген адамның басын қарайту, яғни, үйін көтеру. Бейіт күмбезді, төрт құлақты, ат бейіт болады. Күмбезді көбіне байлар, төрт құлақты бейітті орташа адамдар, ат бейітті кедейлер орнатқызған. Бұл роман-эпопеяда былай берілген:

«Бұлардың алдында кішкене көк төмпешік үстінде құбыла жақтағы сирен тасы шошайған жалғыз жас бейіт қана тұр». Бұл – Қодар баласы Құтжанның бейіті еді. (1; 23)

«Үлкен төрт құлақты бейіттің іші кең, сырты көлеңкелі, тақыры бар мол болатын». (2; 598) Бұл – Абайдың бейіті.

Көп қазақ төбесі ашық, төрт құлақты бейітті ұнатқан онысы – «сүйегімді туған жердің күні сүйіп, жаңбыры жуып жатсын» дегені.

«Абай жолы» роман-эпопеясында Мұхтар Әуезов

қазақтың өлікке көрсетілетін құрмет-жоралғыларының мейлінше шебер де ауқымды суреттейді. Романдағы өлікке құрмет көрсету дәстүрін саралай келе, қазіргі біздің замандағы өлікке құрмет көрсету дәстүрімен салыстырып қарастырсақ, үлкен айырмашылықтар бар екені байқалады. Біздің заманымызда, заманның жаңаруына байланысты және де халықтың отырықшылыққа көшуі, мал шаруашылығының азаюы салт-дәстүрге де үлкен өзгерістер әкелді. Сондай-ақ, қазіргі таңда өлікке құрмет көрсету дәстүрін саралай қарасақ, Қазақстанның әр облысының өзінде де бұл дәстүр әр түрлі дәрежеде әрқалай орындалады. Біздің пайымдауымызша, эпопеядағы ұлттық дәстүр қазақ салтының қаймағы бұзылмаған күйінде берілген тәрізді. Қазір мұның көпшілігі түрін өзгертіп, тіпті, кейбір салт-дәстүрлер жойылып кетті десе де болады. Бүгінгі кезде өлікке құрмет көрсетудің жөн-жоралғыларынан сақталғандары адам өмірден өткен соң қонақ асы беріліп, намазы шығарылады, бейсенбілік немесе жұмалығы, жетісі, қырқы, жүзі, жылы, ас берілуі, еске алуы ғана аталады. Келген көпшілікке сай сойыс сойылып, құрметпен күтіледі. Және ағайын-туыстары жоқтау айтады. Қазақта өлген кісіні құрметтеу көбіне-көп әйелдер қауымына қатты батады. Қазіргі кезде ер адамдар жағы, бұрынғыдай «Ой, бауырымдап» ат қойып, дауыс етпей-ақ, қаза болған үйге бас сұғып, құранын оқып, сабырлылыққа шақырады. Роман-эпопеядағыдай «ат тұлдау, қара байлау, жүк жығу» жоралғылары кей жерлерде орындалмайды. Тіпті, жоқтың қасы.

Байқағанымыздай, кей ұсақ жөн-жосық, жол-жоралғылар болмаса, ірі салт-жоралғыларда айтарлықтай өзгерістер жоқ.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы осынау алуан-

алуан өлікке құрмет көрсету дәстүрлері мен қазіргі біздің таңдағы рәсімдерді сабақтастыра салыстырсақ, кейбір элементтерінің өзгеріске ұшырағаны болмаса, көп жерлерде Абай дәуірінің өлікке құрмет көрсету жөн-жосық, жол-жоралғылары біздің заманымызда да жақсы сақталған деп айтуға болады. Мысалы, өлген адамды естіртуде романда «ойбай, бауырым» деп аттылы адам шабатын болса, қазіргі таңда сыпайы түрмен, мұндай ауыр қазаны үлкен адамдар арқылы ақырындап жеткізіп естірту дәрежесіне жеткен. «Ойбай, бауырым» деп ат шаптыру арқылы елге қазаны жеткізу дәстүрі атымен жойылған десе де болады.

Өлген күні садақа беру, барлық туған-туыс, ағайын-тумасына қазаны жеткізу, жоқтау үнінен кейін жер қойнауына беру, жетісін, қырқын, жүзін, жылын жасау жасына қарай, жағдайына қарай ас беру рәсімдері — біздің заманымызда да жақсы сақталған дәстүрлер. Сонымен қатар біздің заманымызда қыршын кеткен жасты әр жұма сайын жоқтау, жұмалық жасау, әр жыл сайын өлген күнінде иіс нан пісіріп, құрметтеу де бар. Бұл жөнінде қазіргі адамдардың санасында «өлі риза болмай, тірі байымас» деген тұжырым қалыптасқанын байқаймыз. Тағы бір қосымша айта кететін шағын элементтер — өлген адамның басын қарайту, үйін салу, мәуе ағаш егу, басына өлген адамның тегін, атын білдіретін құлыптас қою да — қазіргі кезеңнің басты міндетті рәсімдерінің бірегейлері деп айтуға болады. Әр үйде үлкен ас желінсе де, өлген ата-баба рухына туған, тума-туыс, бауыр рухына бағыштап құран оқу да — әдетке айналған дәстүр.

Осындай ата-баба жолынан қалған асыл жөн-жосық, жол-жоралғыларымыз өз мәнін қашанда жоғалтпай, ұрпақтап-ұрпаққа жалғаса беруіне ықпал етуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Әуезов. «Абай жолы». I том. А., «Жазушы», 1989.
2. М.Әуезов. «Абай жолы». II том. А., «Жазушы», 1989.
3. А.Жүнісов. «Бабалар дәстүрі». А., 1992.
4. Ә.Молдаханов. «Әуезов және фольклор». А., «Дәуір», 2005.
5. Х.Досмұхамедұлы. «Аламан». А., «Ана тілі», 1991.
6. Х.Арғынбаев. «Қазақ отбасы». А., «Қайнар», 1996.
7. С.Кенжеахметұлы. «Жеті қазына». А., «Ана тілі», 2005.

Резюме

В этой статье проводится анализ взглядов на похоронные обряды, проиллюстрированные в романе-эпопее М.О.Ауэзова, по сравнению с настоящим временем.

Resume

This article analyses the funeral rituals as compared with the present time, in the novel by M.O.Auevov.



Жанар АБИТЖАНОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
доцент міндетін атқарушысы,
филология ғылымдарының
кандидаты.

«ОТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ «ҒАЛАМ БЕЙНЕСІ» КОНТЕКСІНДЕГІ КОНЦЕПТІЛІК АЯСЫ

Қазақ ұлты өзіне тән этностық табиғатымен ерекшеленеді. Әр ұлттың, этностың таным үрдісі

мен рухани құндылықтарды қабылдау, зерделеу, тұжырымдау өрісі кең әрі өзгеше. Мұндай таным үрдісі тарихи ескерткіш-шығармаларда, халық ауыз әдебиеті мұралары мен белгілі ақын-жазушылардың көркем шығармаларында, фразеологиялық, түсіндірме, диалектологиялық, паремиологиялық, т.б. сөздіктерде, тарихи-этнографиялық, мифологиялық деректер мен мерзімді баспасөзден алынған тілдік деректерде аңғарылады. Ғаламның тілдік бейнесіне жол сілтейтін концептінің табиғатын ашу этнос санасындағы ментальдық даралықты тілдік деректер негізінде танып-түсінуге ықпал етеді. Танымдық тұрғыдан зерделенетін тілдік-философиялық тұжырымдар мол. Солардың арасында ерекше орын алған мәселе – «От» туралы толғаныс. Тілдегі от ұғымына қатысты линго-мәдени-танымдық бірліктер этнос танымы мен тіл сабақтастығы тұрғысынан зерттеу нысанына айналды деу қиын. Осыған орай от ұғымының концептілік аясын ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, олардың лингвомәдени, когнитивтік-концептуалдық аспектілерін тіл заңдылықтары негізінде саралау қазіргі өзекті мәселелер қатарына жата келіп, ұлтты терең танып білуге көмектеседі. Ғаламдық контекстегі от концептісін ұлттық таным арқылы зерделеу – бүгінгі ұрпақ үшін мұра болып табылатын тілді және ұлтты терең білуге игі ықпал ететін қажетті мәселе.

Когнитивтік лингвистиканың бастау көзі Аристотельдің, Платонның, кейін Гумбольдт және оның шәкірттерінің тіл философиясы концепцияларында жатыр. Когнитивтік лингвистиканың пайда болуы мен дамуына қолданбалы лингвистиканың да әсері болды. Сол себепті де «когнитивтік лингвистика», «когнитивтік семантика» сияқты терминдер пайда болды. Алғашқы

когнитивтік зерттеулер этнолингвистикалық және лингвистикалық типологияны шендестіру деңгейінде сипат алды. Сөйтіп, тілдік әмбебап құбылыстарды терең түсінуге талпыныс Хомский Н., Джонсон М., Лакофф Дж., Ланкагер Р. және Ресейде – Апресян Ю.Д., Кубрякова Е.М., Караулов Ю.Н., т.б. еңбектерінен басталады.

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуында этнолингвистикалық зерттеулердің мәні ерекше. Атап айтқанда, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, М.Копыленко, Г.Смағұлова, т.б. зерттеулері тек этнолингвистика үшін емес, когнитивтік зерттеулер үшін де құнды мазмұнға ие. Ал соңғы уақыттағы таза когнитивтік бағыттағы ізденістер жалпы алғанда нәтижесіз емес, Г.Г.Гиздатов, Б.Хасанов, С.Т.Ақаев, С.Жапақов, Қ.Жаманбаевалардың осы бағыттағы еңбектерінің маңызы зор.

Біздің тақырыбымызға қатысты, яғни, күрделі концептілік құрылым ретінде ұғынылатын «от» концептісін ғылыми негіздеп, сипаттайтын – когнитивтік лингвистика. Ал, когнитивтік лингвистиканың зерттеу объектісі бүкіл концептуалдық жүйені құруда айрықша мәнге ие болатын, әсіресе, концептуалдық кеңістікті ұйымдастырып, оны жіктеудің негізгі бастаушысы болып табыла алатын *концепт* болып есептелетіні белгілі. Концепт дегеніміз когнитивті лингвистика ғылымының негізгі категориясы болып табылады. Лингвистика ғылымында концепт мәселесімен кешенді түрде зерттеу жүргізген ғалымдар: Д.С.Лихачев, А.Вежбицкая, В.В.Колесовтардың еңбектерінде концепт термині негізінен мынадай екі аспектінің шеңберінде қарастырылады: біріншіден, рухани мәдениеттегі тірек сөздер болса, екіншіден, психоментальды құбылыс

алғашқы түсінік деген анықтамаларға ие болады. Ю.С. Степановтың еңбегінде концепт адам баласының санасында нақты ұғымдар түрінде емес, сөз тудыратын ассоциациялар мен таным түсініктер жиынтығы ретінде көрсетіледі. Концепт – жалпы түсінік, жинақы түсінік. Біздіңше, концепт деген – халықтық кең де терең, биік те бейнелі ойының сөзбен сапталған өрнегі. Концептіні сипаттау бар, лексикалық бірліктер мағынасын ашу бар. Екеуінің арасын жіктеуге болады. Концептілерді сипаттаудың когнитивтік лингвистикалық әдістемесі концептіні бейнелеуші тілдің құралдық семантикасын талдауға құрылады.

Қазақ тіл білімін зерттеушілер арасында да *концепт* мәселесін тереңінен зерттеп, анықтама ұсынған зерттеулер жүргізілуде. Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контексінде қарастырған А.Исламның пікірінше: «*Концепт* дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік» [1, 12 б.].

Концепт терминіне Э.Д.Сүлейменова мынадай түсініктеме береді: ««Концепт» – концептуалды жүйенің бір бөлігі; ұғым; индивидтің болмыс объектілері туралы білетін, елестетіп ойлайтын таным-түсінігі».

Концептілер – адам санасында қалыптасқан идеалды мән-мәндер.

Қазақ тіліндегі концептілерді М.А.Күштаева: «концептіні адам дүние танымдағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарастыра келе, адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген жеке атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі, концепт терминіне «рухани мәдениеттің тірек сөздері» мағынасында ғана

түсінбейміз, себебі тірек сөз концепт сөзіне емес «мәдени концепт» тіркесіне балама ретінде қолданылады», - дегенді айтады. Ш.Елемесова концептілерге көркем мәтіннің ассоциативті концептілік құрылымы арқылы келе отырып: «Концепт базалық когнитивтік маңыздылық ретінде мәнді пайдаланатын сөздермен байланыстырушы концептуализация үдерісінің мазмұнды бірлігі ретінде шындықтың адам миында бейнеленуі», - деп айтады.

«От» концептісінің ауқымы кең. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «от» сөзін былай түсіндіреді: От. 1. Түрлі материалдардың: ағаш, көмір, газ, мұнай, т.б. жарық пен қызу шығарып жануы. 2. Малға азық боларлық шөп [2, 483, 484 бб.].

От ұғымы Қазақ совет энциклопедиясында былай түсіндірілген: «От – түрлі материалдардың (газ, көмір, мұнай, ағаш, т.б.) жарық пен қызу шығарып жануы. Адамзат қоғамының алғашқы кезеңдеріндегі синантроптар мен неандертальдықтардың өздері де пайдаланған. Алғашқыда найзағай түсіп, қураған шөптер мен ағаштардың, т.б. өртенуінен шыққан табиғи от пайдаланылды. Шамамен жоғарғы палеолит дәуірінде адамдар екі ағашты бір-біріне үйкеу арқылы от тұтатуды үйренген. Ал шақпақ тас ұшқынын пайдалану әдісі ХІХ ғасырда сіріңке жасалғанға дейін қолданылды. От адамды табиғат күшінен үстем етті және хайуанаттар дүниесінен біржола бөлді. Адамдар отты күдіретті күш, шарапатты әулие деп ұқты; көптеген халықтар отқа табынды. От тамақ пісіру, үй жылыту, жарық және жыртқыш аңдардан қорғану құралы болды. От қызуымен металл қорытып, қару-жарақ соғылды. Қоғамдық өмірде оттың алатын орыны зор» [3, 603 б.].

М.Келбаеваның «Қазақ тілінің омонимдер сөздігі» атты еңбегінде от сөзіне мынадай түсініктеме берілген: От. I. Зат есім. Түрлі материалдардың: ағаш, көмір, газ, мұнай, т.б. жарық пен қызу шығарып жануы. Мысалы: Екі-үш әйел отқа тезек тастап, жанында жүр (А.Сатаев); От. II. Зат есім. Малға азық боларлық шөп. Мысалы: Ойдың оты болмай, қойы көтеремдей арықтап баратқан соң биік жотаға шығып кеткен (Қ.Сатыбалдин).

От концептісінің семантикалық өрісінде фразеологизмдердің де қызметі ерекше. Мысалы мынадай фразеологизмдер бар: *оттан алып, суға салып* (немқұрайды дайындалған тамақ), *отқа қақтанды* (қыздырынды, жылынды), *от тұтатты* (араларына жік салды, араздық тудырды немесе бір нәрсенің алғашқы бастамасы болды), т.б.

Отқа қатысты фразеологизмдерге кеңінен тоқталайық.

Екі оттың арасында (ортасында) қалды / қымқиғаш дауға қалды. – Ең алдымен поляк шаруалары *екі оттың ортасында қалмас үшін* сізден көмек өтінемін, – деді комендант (Ж.Тілеков, От кешу).

Көзінің оты бар / Жігерлі, қайратты. Сені біз өлтірмейміз, адам болсын деп ұйғардық, *көзіңнің оты бар* бала екенсің, – деді мұртты (А.Токмағамбетов, Ақмоншақ).

От алып ораққа түсті / Ештеңеден тайынбады, көре тұра қарсы барды.

Омар енді көптің талқысын көрген соң, қайтерін білмей, *от алып ораққа түспесі бар ма?* (С.Торайғыров)

Отын оттап, суын сулады / Біреудің жерін мекендеді, баспаналады, арқа сүйеп күнелтті.

- Кәне, Еріш мырза, Торғайдың *отын оттап, суын ішуің* жетті. Жаның барда иманыңды үйір...

(Ш.Құсайынов).

*Отымен кіріп, күлімен шығады / Бар үй бейнетін,
түз бейнетін арқалады, ауыр салмақты көтерді.*

- Е-е-е! Тоқал, жалшы дегендер *отымен кіріп,
күлімен шығатын еді-ау!* (Ғ. Мұстафин)

*От пен суға түсірді / Бұл жерде техника табысы
дәріптеліп тұр.*

Адамды құстай ұшырды,

Мал істейтін жұмысты,

От пен суға түсірді.

Отынсыз тамақ пісірді,

Сусыздан сусын ішірді (Ы. Алтынсарин).

*От жағып, күл шығарды / Тынбастан үй ішінің күйкі
жұмысымен айналысты. Жоқ, шырағым, айта көрме, от
жағып, күл шығарып жүрсін дейсің ғой. Бола қоймас
оның. Он екі жыл от жағып, су тасығаным да жетеді
(С.Шаймерденов).*

*Отқа май құйды / дау дамайлы жайды өршіте түсті,
жел берді. Темір аға! Салғаннан ашық айтайын, менің
екі басты бір-ақ түрлі жауым бар, солардың отына май
құймай, ашық айтуыңызды өтінем (Ә.Әбішев).*

*Отқа түсті / Қандай іске болса да барады, жанын
аямады. Ел үшін еңбек етсең халқың сүймек, «Біз үшін
отқа, суға түсіп жүр» деп, Ер өлсе де, еңбегін ел
өлтiрмес (С.Торайғыров).*

*От кешіп, мұз төсенді / Өмірдің ащысын көп көрді.
Талайдың малын бақтым, талайдың тасын шаптым...
От кештім, мұз төсендім...*

*Отқа күймеді / Жамандыққа душар болмады, қиын-
қыстау тарлықтан аман қалды. «Қой асығын қолыңа
ал, қолайыңа жақса, сақа ғой», «бас-басыңа би болсаң,
манар тауға сыймассың», «басалқаңыз бар болса,
жанған отқа күймессің...» (Абай)*

Отқа қарады / Кедейлену, шаруасы күйреу. – Не жазығым бар? Отқа қарап қалғанымыз ба? – деп зарлады.

Бетінен (екі бетінен) оты шықты / Қатты ұялды, қысылды. Ұялып, бетімнің оты шығып, өліп барамын (Ө.Тұрманжанов, Адам).

Отқа күйіп, суға бату / қиыншылыққа көну, жанын пида ету. Ақжол би Жәнібек пен Керей үшін отқа күйіп, суға батуға бар (І. Есенберлин, Алмас).

От фразеологизмдері ауызекі тілде де жиі байқалады: Отқа оралып, суға сүрінбе / жоқ бәлеге ұрына көрме, ұрынбас нәрсеге ұрынба. Көбелектей көңілмен отқа оралып, суға сүрінбегейсің!; Оттан алып, суға салып / немқұрайлы дайындалған тамақ. Қайбір оңдыратын еді, оттан алып, суға салып әкеле салған, шикілі-пісілі бір нәрсе; От ала келген кісідей / Асыға-үсіге жүрген адам. Кел, отырсайшы, от ала келген кісідей тік тұрмай, - деп жатыр шешем де бір жағынан.

Мақал-мәтелдер де от концептісінің семантикалық өрісін құрайды. Мысалы: От орнына шөп шықпас; Отқа көсеу тықсаң көмір туар; Отырса от басында, Көшсе көш басында; Сумен ойнама – батарсың, Отпен ойнама – жанарсың; Отқа барған қатынның отыз ауыз сөзі бар; Отты үрлеген жағады, Шындықты іздеген табады; Ойыннан от шығады; Отан - оттан да ыстық; Отқа жуықтың қолы күйер; Адам аласынан сөз аласы жаман, От шаласынан сөз шаласы жаман; Отты құзаған өшірер, Қоңсыны құзаған көшірер; Жаман да болса ұрнақ қалсын, Өз орнында отың жансын; От жақпаған үй – қорамен тең, Кісі кірмеген үй – моламен тең; Кімнің отын оттасаң, соның суын ішерсің, Кімнің жерін жерлесей, соның жырын жырларсың; Арба сынса – отын, Өгіз

өлсе – етің; Алтын ерің отқа тисе, Алтынын ал да
отқа жақ; Мың кісі салған көпірді бір кісі бұза алады,
Бір кісі жаққан отқа мың кісі жылынады; От жақпа
– күйерсің, Ор қазба – түсерсің; Отансыздың оты
жанбайды; От көрінген жаққа жүрме, ит үрген жаққа
жүр; Отанын сүйген отқа жанбайды, суға батпайды;
Отың жанбаса – қорлық, Құсың алмаса – қорлық; Өрті
күшті болса, Дарияның ортасындағы қамысты от
шалады; Балапанды торғайлар Өрт болмасын тілейді,
Балаларға аналар Дерт қонбасын тілейді [4].

Кейде кейбір мақал-мәтелдер теңеуге құрылған:
Жаман адам қартайса, Бықсып жанған *оттай*; Көңілде
жатқан кірінді, *Оттай* ыстық сөз шаяр [4].

От концептісінің семантикалық өрісінде троп
түрлерінің бірі – кейіптеу жасалады. Мысалы, - Сендер
білген жоқсыңдар. Сөзді өңменінен сұғып айтқан
кезде, *екі иығынан екі аю аузынан от шашып «тыпыр»
етші, «көрейін» деп тұрды*. Мінеки, мен содан қатты
сескендім. Сендерге көрінбегенмен маған көрінді
(Шешендік сөздер) [5, 103 б.]; Айқыш-ұйқыш жай
ойнап, аспан мен жер үндесер, Тоған толып, су ағып,
топырақпен тілдесер [6].

«От» негізді теңеулер де бар: *от орнындай* (аумақты,
көлемді), *Оттай орақшы*, жаудай қарақшы (сұрқия,
зұлым); *оттай жандым* (еліре, жандана түсті), *ыстық
оттай сезім* (күшті сезім), т.б.

Бұл теңеулердің көркем прозалық, поэзиялық
шығармалардағы қолданысы мынадай:

От орнындай аумағы,
Бекен қарттың күрегі,
Ауыз үйде ілулі көптен бері тұр еді (Ғ.Орманов).
Олар екеу, бұл жалғыз,
Қарсы келіп қалады,

Көздері *оттай жанады* (Бозжігіт).

Бұл хабардың келген уақыты Сыздықтың бірқалыпты жүрегіне *ыстық оттай* болып бір күшті *сезімнің* жанада кірген кезі еді (М.Әуезов) [7, 165 б.].

М.Әуезов тілінде ауыз бейнесі отқа қатысты суреттеледі: Көзіме түскен, әсіресе, қорқынышты жері – аузы. *Ырсиып от болып*, тістері ақсиып, сойдиып тұр екен. *Аузынан кәдімгідей от бүркіп тұр..... Қараңғы бұрышта қып-қызыл от болып жанып тұрған ырсиған ауыз*, ақсиған тіс қана көрінгендей болды [7, 121 б.].

От сөзі эпитет құрамында белсенді жұмсалады: *отты көз, от жүрек, көкірек оты, өмір оты, жастық оты*, т.б.

Отты көз номинативтік тіркесі «жанарлы, өткір көзді» деген мағынаға ие: Бөлекбас өз сөзіне өзі елігіп, әлде нені айтуға оңтайланып еді, Сәуленің *отты көзіне* көзі түсіп кетті де, жүрегі зырқ етті; Ылғи жүріс болған соң, жейтін шөбі, ішетін суы нашар болған, алты ай мінсе арымайтын *отты көз* күрең аттың қабағы қатып жүдеді (С. Сейфуллин).

От жүрек эпитетінің мағынасы «қайсар, қайтпас». Мысалы: Уайс сұлтан өзі секілді кілең *от жүрек* жігіттерді жинап алып, Моғолстанның шетінде, Қашқарияда біраз уақыт аламандық құрып жүрді де, Түркістанға келген (І.Есенберлин).

Тартқан бейнет, өткен жас,

Жүректің отын сөндірмес (А.Құнанбаев).

Өмір оты эпитетінің мәні «өмір қызығы, қуанышы».

Мысалы:

Сайрамнан көшкен сағымдар,

Дертіме дауа табыңдар.

Кетпейін сөніп арманда,

Өмір отын жағыңдар (М.Айтхожа).

Көкірек оты немесе көкірегінде (кеудесінде) оты бар эпитеті «ойлы, ақылды, білімді» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, А.Құнанбаев өлеңінің мына жолында кездеседі:

Көкірегінде оты бар ойлы адамға,
Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын (А.Құнанбаев).

Жастықтың оты жалындап,
Жас жүректе жанған шақ (А.Құнанбаев) [8, 13 б.].

От сөзінің негізінде жасалған метонимиялы фразеологизм қолданысы кездеседі. Мысалы: *от жүрек* (еш нәрседен қорықпайтын, батыл). Әттең, *от жүрек*, алғыр ойлы, көреген әке ел басын толық қоса алмай кетті (І. Есенберлин, Алмас).

Мақал-мәтелдер құрамында теңеу мәнінде жұмсалады:

Өзіндікі өзіңе,
Оттай ыстық көзіңе.
Көңілде жатқан кіріңді,
Оттай ыстық көз шалар.

От сөзі қарғыс мәнінде жұмсалады: От басыңнан өрт шықсын! Бұл үй ішіңнің астан-кестеңі шықсын, ойран болсын деген мағынадағы қарғыс.

От сөзінің семантикалық өрісінде түрлі түбірлес сөздер жасалады. Мысалы: отбасы, отын, оттау, отындық, отынсыз, ота, отағасы, отақ, Отан, отарба, отау, отбасар, т.б. Көркем шығармалардан, мақал-мәтелдерден біраз мысал келтірейік:

Бақ-дәулет келер болса,
Отыңның басы ұйым болар,
Үйің күнде мейман-жиын болар.
(Шешендік сөздер) [5, 160 б.].

Отбасы ала болса, Кереге басы сайын пәле болар;
Тұлпардың *оттауы* бір болса да, Жасауы басқа; Малды
баққанға бақтыр, *Отынды* алғанға жақтыр; Шықсаң
ұзақ сапарға, Арымас ат – отарба; Жалшы жастар
басына *отау* тігіп, астына ат мініп, екі бұзаулы сиыр
айдап, байдан кетті; Ойпаң жерге он отау, Қыраң жерге
қырық шатыр тігіп, Қонағымды жайғасам! (Ақтамберді
жырау). От басар (суға түсер) жайым жоқ;

От сөзінің негізінде қос сөздер жасалды: от-су, от-
жалын, от-жігер, отсыз-сусыз, отын-су, т.б.

От сөзінің негізінде *от киіз*, *отқа құяр*, *отқа салар*
номинативтік тіркестері жасалған. *От киіз* – киіз үйдің
төрінен от басына дейін жететін сырмақ, әшекейлі киіз.
Отқа құяр – жаңа түскен келін мен күйеудің босағаны
алғаш аттағанда жасайтын ырымы. *Отқа салар* –
қалыңдықтың қайын жұртына апаратын сыйлығы
(шапан, ішік, сырмақ, т.б. дүниелер) [2, 483 б.].

Уақыт – *от* логикалық моделіне мынадай мысал
келтіруге болады: Сағат өрт пен оттың құшағында
(Алматы ақшамы).

От макроконцептісінің тілдік модельдерін
(фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, образды сөздер,
ақын-жазушылар шығармалары, т.б.) бір арнаға
тоғыстыратын «От – жарық пен қызу», «От – азық
(шөп)», «От – отбасы», «От – араздық, жік салу», «От –
дау», «От – жігер, қайрат», «От – ештеңеден тайынбау,
табандылық», «От – ауыр бейнетті көтеру», «От –
техника», «От – жан аямау», «От – өмір қиыншылығы
(ащысы)», «От – жамандық», «От – кедейлену», «От –
ұялу», «От – бәлеге ұрыну», «От – асығыстық», «От –
ыстық сөз», «От – аумақты жер», «От – сүрқия, зұлым»,
«От – жандану», «От – сезім (махаббат)», «От – көз», «От
– жүрек (қайсарлық)», «От – ақылдылық, білімділік»,

«От – өмір қызығы, қуанышы», «От – жастық», «От – жігер», «От – сенім», т.б. тұжырымдары логикалық типтік модельдер жүйесін құрайды. Бұл модельдердің тілдік тұрпат алуына нақты денотанттар (жарық, шөп, техника, көз, жүрек, көкірек, жастық, т.б.) қатысып, олар көркем бейнелі образды сипат алады. Бұл қаламгердің, халықтың бейнелі ойлауының нәтижесі, логикалық модельдер мен тілдік модельдердің біртұтастығы.

«От» концептісі – ғалам бейнесіндегі линго-логика-философиялық категория және этномәдени танымдық мазмұнға ие когнитивтік бірлік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Ислам. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил.ғыл.док. дис. Қолжазбасы. А., 2004, 340-б.
2. А.Ы.Ысқақов. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Ред. басқ. А., «Ғылым», 1983, 7.Т., 672-б.
3. Т.Аблаев, Ж.Адаев, Е.Аққошқаров. Қазақ совет энциклопедиясы. А., Қаз. сов. Энци. Бас ред, 1976, 663-б.
4. Ө.Тұрманжанов. Қазақ мақал-мәтелдері. А., «Ана тілі», 1997.
5. Қазақтың шешендік сөздері. А., 2007, 160-б.
6. М.Мақатаев. Өлеңдер, поэмалар. А., «Жазушы», 1982, 128-б.
7. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Өңгімелер. А., «Жазушы», 1979, 1.Т. 456-б.
8. М.Байділдаев. Бес ғасыр жырлайды. А., «Жазушы», 1984, 352-б.

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымдарының
кандидаты, А.Иассауи атындағы
халықаралық қазақ-түрік
университеті Тараз институтының
доценті, ҚР Журналшылар
одағының мүшесі.

ӨЗІБЕК АҚЖОЛҰЛЫНЫҢ ҮСІПӘЛІ ҚАЛЫҰЛЫМЕН ЖАЗБАША АЙТЫСЫ

Бұл жазбаша айтыстың 1905 жылы болғанын қаперге алатын болсақ, Өзібек ақын – осы кезеңде 37 жасқа келген, ақыл тоқтатқан жан. Қазақтың ел қорғаған батырларының бірі Қосы батыр Сәмбетұлының ұрпақтарының бірі Қалының баласы Үсіпәлімен айтысы негізінде жазбаша айтысқа жатады. Қазақтың әдебиетінде айтыс екі түрге бөлінетіні белгілі, біріншісі – ауызша айтыс болса, екіншісі – қолға қалам алып жазып айтысатын жанр: жазбаша айтыс.

Демек, Әулиеатаның ақиық ақыны Өзібек, оның шәкірті, қолжазбалары әлі табыла қоймаған Үсіпәлі қазақ әдебиетінде әдеби жанрдың бірі болған жазбаша айтысты осы өңірде дамытушы, насихаттаушы, әдебиетіміздің жанашыры болған ақындар деп айта аламыз.

Қазақ әдебиеті тарихында жазбаша айтысты дамытушылар Ерімбет Көлдейбекұлы, Керейт Даңмұрын, Жұмағали ақун мен Әубәкір Кердері, Шораяқтың Омары, Ізтілеудің Тұрмағамбеті, Кете

Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нұрмағамбет Қосжанұлы, Әзірбаймен Садық, Таубай Жүсіп сынды айтыс ақындарының қатарынан қасиетті Әулиеата жерінің ақындары Өзібек Ақжолұлының, Үсіпәлі Қалыұлының қолжазбалары жоғалып кеткен, бірақ Өзібекпен жазбаша айтысы елаузында сақталып қалған Үсіпәлі Қалыұлының орыналуы әдебиеттану ғылымының тарихындағы ерекше құбылыс болып саналады.

Қазақ әдебиетінде жазбаша айтыс туралы ғылыми еңбектер жазып жүрген ғалымдардың қатары уақыт өткен сайын көбейіп келеді. Олардан Т.Кәкішұлын, Нысанбек Төреқұловты, Құтмағамбет Қонысбайды, Самал Дәрібайұлын, Бекарыс Шойбековті, осы жолдардың туындыгері М.Әбілұлын атап айтуға болар еді.

Жазбаша айтыс дәстүрі туралы белгілі ғалым Мұхамедрахым Жармұхамедұлы былай деп жазады: «...Жазбаша айтыс дәстүрін ұстаған ақындар кімдер, олардың творчестволық ерекшеліктері неде дегенде, қалыпты дәстүрін шартты өлшемге алуға тиіспіз. ...Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет, Мансұр, Шораяқтың Омары, Керейт Даңмұрын, Қарасақал Ерімбет, т.б. кезінде ескіше көп оқыған, Шығыс әдебиетінен үлгі алған білімді ақындар. Бұлар ауыз әдебиетінің үлгілерін шебер игерумен қатар Шығыстың әйгілі «Мың бір түн», «Кәлилә-Димнә», «Шахнаме» тәрізді классикалық туындыларынан мысал-үзінділер келтіре отырып, сол арқылы қарсыласын сөзбен матап, жеңіске жетіп отырған» (М.Жармұхамедов, «Айтыстың даму жолдары», Алматы, «Ғылым» баспасы, 1976 жыл, 168-бет).

Жазбаша айтыс туралы теориялық тұжырымдар мен ғылыми еңбектерді білімгерлерге үйрету ісінің қолға алына бастағаны көңіл қуантады. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі бекіткен бакалавриат білім дәрежесі бойынша дайындалған жоғары кәсіптік білімге арналған типтік оқу бағдарламасында «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» пәнінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Айтыс» атты тақырыбында «**Жазбаша айтыс**», «Фольклор мен әдебиет» тақырыбында «**Жазбаша айтыстың пайда болуы**» атты аңдатпалар берілген. Демек, енді осы жазбаша айтыстың қалыптасуы мен дамуы туралы ғылыми еңбектер жазылса Өзібек Ақжолұлының жазбаша айтысқа қосқан үлесін осы ғылыми еңбектерде көрсетуіміз қажет.

Жазбаша айтыста әдеттегідей «**қалам алдым**», «**қағазға жаздым**», «**хатыңа жауап жаздым**» деген сияқты сөз тіркестері қолданылатыны белгілі. Алауызша айтыста мұндай «**жаздым**», «**қаламымды қолға алдым**» деген сияқты сөз тіркестері қолданылмайды.

Қазақ ақындары Әзірбай мен Садықтың жазбаша айтысында айтыстың жазбаша болғаны әлгіндей сөз тіркестерінен белгілі болады. Әзірбай:

«...**Қаламға** ерік беріп қоя бердім,

Екеулеп **жазайық** деп қоймағасын...» (М.Әбілұлы, «Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы білімгерлер мен мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулу», Алматы, «Полиграфия сервис және К» баспасы, 2006-жыл, 18-бет).

Садық:

«...Өлеңді мен **жазамын** анда-санда,

Осыған жауабын **жаз** қиналсаң да...» (Бұл да сонда,

Сөздің иіні келгенде айтып өтудің оғаштығы жоқ шығар, осы жазбаша айтыс туралы мектеп оқулықтарында ешқандай теориялық тұжырымдар жазылмаған.

Өзібек Ақжолұлының поэзиялық туындылары 2009 жылы Алматыдағы «Алаш» баспасынан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Арғынбай Бекбосынның алғы сөзімен «Үриятнама» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты (А.Бекбосын, «Иманы кәміл ақын Ата», кітапта: Өзібек Ақжолұлы, «Үриятнама», Алматы, «Алаш» баспасы, құрастырған Т.Толқынбаев, 2009 жыл).

Осы кітапта Өзібек ақын мен Үсіпәлі ақынның жазбаша айтысының нұсқасы туралы былай деп түсінік беріледі: «Үсіпәлімен айтысы (Үсіпәлімен жазбаша айтысы – М.Ә.). Өзібек ақынның мұрасын жинаушылар бұл айтыстың бірнеше нұсқасын әкеліп тапсырған еді. Олар: - Әміркүл Мырзақұлұлының Мұсылманкүлдың ауызша айтуынан жазып алғаны, Айтбек Нәметқұлов орындап жүрген нұсқасы, Өзібек ақынның мұрасын жинаушы Шайхыс Шайисламовтың, шулық Мұрат Сәлімбаевтың жазып алғандары. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының кітапханасы қолжазба қорына 1941 жылы тапсырылған, атақты фольклоршы, көрнекті ғалым, этнограф, қазақ халық әдебиетінің асыл мұраларын жинап, жариялау, зерттеу ісіне қосқан үлесі ұшан-теңіз Әбубәкір Диваев (1856-1933 ж.ж.) жазып алған нұсқасымен де таныстық. Кезінде Ә.Диваевтың еліміздің өзге өңірлерімен қатар Әулиеата уезін де аралағаны белгілі. 1905 жылы өткен айтысты ақынның өз аузынан жазып алуы да бек мүмкін.

Кітапқа енгізгенде осы себептен де Ғылым Академиясы қорындағы Ә.Диваев нұсқасы басшылыққа алынды. Ол «Өзібек пен Жүсіпғали Сәмбеттің айтысқаны» деп аталады» («Түсініктемелер», кітапта: Өзібек Ақжолұлы, «Үриятнама», Алматы, «Алаш» баспасы, 2009 жыл, 170-171-беттер).

Енді Өзібек ақынмен жазбаша айтысқа түскен Үсіпәлі ақын туралы бірер сөз. Сөз саптауына қарағанда, Үсіпәлі де ортанқол ақын емес, өмірден көргені мен түйгені көп жан болған.

Үсіпәлінің Өзібекке жазған жазбаша айтысы былайша басталады:

«...Әлқисса, молда Үсіп дұғай сөзі,
Ерлердің зейіні бар түскей көзі.
Алпарату уһаллар айул қайым,
Маһарам жанабына молла өзі.
Молланың сый боп жүрер шайырлары,
Арасын ләзім емес айырмағы.
Аржағы Бақтиярға жалған ба еді,
Мәшһүр боп шүбә **хаттың** жайылғаны.
Сіздердей онша ұлы **хат** болмасақ та,
Танушы ек қараһатты зайырдағы...» (Өзібек Ақжолұлы, «Үриятнама», Алматы, «Алаш» баспасы, 2009 жыл, 145-бет).

Ал газет, журнал арқылы жүргізілген жазбаша айтыстың хат арқылы жүргізілген жазбаша айтыстан ерекшелігі бар. Газет, журнал арқылы жүргізілген жазбаша айтысты бүкіл халық оқиды да, хат арқылы жүргізілген жазбаша айтысты екі-үш адам немесе бір ауылдың адамдары оқиды, сөйтіп жазбаша айтыс халық арасына тарап кетеді. Әрине, оның таратушылары – қиссашылар мен жыршы, жыраулар, ақындар болған.

Ал, жоғарыдағы «Мәшһүр боп шүбә хаттың жайылғаны, Сіздердей онша ұлы хат болмасақ та...» деген өлең жолдары айтыстың жазбаша айтыс екенін, соның ішінде жазбаша айтыстың хат арқылы жүргізілгенін дәлелдеп тұр.

Енді Өзібек ақынмен Үсіпәлі ақынның жазбаша айтысының қалай басталғаны, оған не себеп болғанына тоқталайық. Өзібек Ақжолұлының «Үриятнама» деп аталатын өлең кітабында бұл жазбаша айтыс туралы былай деп жазылған: «Үсіпәлімен айтысы. Бұл айтыстың тарихы мынадай: 1904 жылы Ботамойнақ – Мақпал болысы билерінің съезі болады. Оның хатшылығына №3 ауылдан (қазіргі Байзақ ауданы, Қазан қалаларында оқып, араб, орыс тілдерін, жазуын жетік меңгерген Үсіпәлі Қалыұлы (кей деректерде Мырзалыұлы) сайланады.

Съезд өтіп, билердің шешімінің Әулиеатада (қазіргі Тараз) бекітіліп қайтуын күту ғана қалады. Съезге жиналған адамдар уақыт өткізу үшін өлеңді жазып та, ауызша да шығарып, танылып қалған, «Шаһнама» сияқты шығыстың даңқты хикаясын аударып жүрген Үсіпәліден өлеңдерін оқуды қолқалап сұрайды.

– Олай болса, Жаңабай елінің болысы Әйтiмбетте «Шаһнама» кітабы бар. Соны алдырыңыздар, - дейді Үсіпәлі.

Жаңабайдың бір болысы – Есіркеп өзінің Қисық – деген інісін жұмсайды. Ол Мойынкүмның «Теріскенді ой» аталатын өңіріндегі Мырзабайдың шұратынан кітапты алып келе жатып, жолай «Қарой» деген жердегі Өсер Қасаболатұлының үйіне қонады. Ол қонағының сапарлауының мәнісін білген соң «екі ақыннан сөз шықсын, Үсіпәліге кітапты Өзібек зорға

берді деп айта бар» дейді. Қисық дәл осылай етеді. Үсіпәлі отыра қалып өлеңмен хат жазуға кіріседі. Екі ақынның арасында кезек-кезек ат шаптырылып, жауап тосқан тосын айтыс, сөзбен шарпысу осылай басталып кетеді...» (Бұл да сонда, 144-бет).

Үсіпәлі:

«...Қисықтың тіліменен пән айтыпсыз,

Бар болса бұл опаңыз қайырдағы.

Адамның болар ісі намыс-ардан,

Ілімге ерген нұсқап жолы тардан...

...Қорықсаң тыныш ғана жата бергін,

Сыйлама қағаз жазып береріңде...(сонда, 145-бет).

Айтыстың жазбаша жүргізілгені мынадай жолдардан белгілі болып тұр: «Үсіпәлінің не жазғанына қаныққан болыстар жауабын білуге ынтығып, мөрлерін қағазға басып, көрінген адамның атын аударып алып, лауға мінуге жарлық беріп кісі шаптырады. Сол күні Өзібектен жауап хат келіп жетеді:

- Опасын ар мен намыс көрдің кімнің,

Сөзіме шағыстырған ердің кімнің?

Бала деп білімі артық жүруші едім,

Жоқтығын пайымыңның бұдан білдім.

Біреудің сен сөзіне желігіпсің,

Көтерсе құлағыңды елігіпсің.

Қисықтың алдап айтқан бір сөзіне,

Келместен екі сөзге көрініпсің.

Шырағым, ақындығың қаншалық бар,

Қамшылап өзінді -өзің тебініпсің...

Бұл хат та жедел жетеді. Үсіпәлі оқи салып, жауабын да отыра қалып сол мезетте жазып жібереді...» (сонда, 146-147-беттер).

Үсіпәлі Өзібекке өлеңмен жауап жазады:

«Қолға қалам алғанда,
Медет ал Жаббар панамнан.
Ақ Мұстафа Кәрәмлік,
Бабам-Адам-Анамнан,
Сам, Нариман, Зал өткен,
Жаһан, Қарыс, Үрістем,
Солар мизан дараннан...»

Немесе:

«...Екі жүйрік жарысса,
Біреуі өнер арттырар,
Өлең деген кісінің
Мүдәсін қапа тарттырар.
Біреудің бәлі асылын
Тауып алып әшкере,
Әлемге айқай дат қылар.
Өзің білгін, Өзеке,
Хат жазуға кеуілің,
Жерде болса тап қылар...»

Немесе:

Бір қағаз жіберіпсің шалыс қылып,
Қай іске қапаландың намыс қылып?
Атаңнан қалған мирас емес пе еді,
Ешкімге демеу жақын-алысшылық...»

(сонда, 147-149-беттер).

Хатпен жүргізілген жазбаша айтыс елдің игі жақсыларына таныс болады. Айтыстың жазбаша айтыс екендігі мынадай жолдардан белгілі болып тұр: «Екі ақынның айтысына куә болған елдің игі жақсылары Үсіпәліге «ұстазыңды аямадың, енді осымен тоқта» деп кеңес береді. Екі арада хат жазысу осылай тоқтайды...» (сонда, 157-бет). Өзібек Үсіпжанмен жазбаша айтысын былай деп доғарады:

«...Үсіпжан, жазып, міне, тәмәмдадым,
Қызығын көрдің жақсы замандардың.
Жасыңнан әр іс көрген жігіт едің,
Әруақытта бізге керек амандарың.
Жазудан көңілім суып қалған екен,
Кешігіп сол себепті шабандадым.
Жазу жоқ бұрынғыдай қолымызда,
Өзіңе осылай деп хабарладым.
Үсіпжан, жаздым, міне, білгенімді,
Өлеңім бірге мінсіз, бірге мінді,
Сөзіме оқығанда құрсат болып,
Қалаймын раушан боп күлгеніңді...»

(сонда, 157-158-беттер).

Өзібек пен Үсіпәлінің жазбаша айтысында мәдениетсіз, ұят сөздер кездесіп қалады. Меніңше, бұл сөздерді өлең арасына қосып жүрген жазбаша айтысты насихаттаушылар болса керек. Өзібек те, Үсіпәлі де діни сауатты ақындар, олар Бұқара, Қазан сияқты мұсылманшылық әдет-ғұрыптарды таратушы діни медреселерде оқып, білімін жетілдірген. Сондықтан сондай оқу орындарын бітірген діни ағартушылар өлеңдерінің арасына мәдениетсіз сөздерді қосуы мүмкін емес. Егер кітапты қайта бастыруға мүмкіндік болса өлең жолдарында кездесетін мәдениетсіз сөздерді алып тастаған дұрыс болар еді.

Қазақ әдебиетінің тарихында жазбаша айтыстың хатпен жүргізілуі – бұрыннан қалыптасқан дәстүр. 1943 жылы Қызылорда облысының ақындары Төлеубай Үркімбаев пен Байназар ақын, 1947 жылы Қарағандының ақындары Ғабдіман Игенсартов пен Жолдыкей Нұрмағанбетов, 1950 жылы Жамбыл облысынан Ботабек Қашағанов пен Иманжан Сахаев

хат арқылы жазып айтысты. Бұлардың айтысы газетке жарияланып тұрды.

Кеңес одағы кезінде, атап айтар болсақ, екінші әлем соғысынан кейін Қазақстанда жазбаша айтыс біршама дамыды да, кейін тоқтап қалды. Бірақ Қытай, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан, Монғолия қазақтарында жазбаша айтыс тоқырап қалмады, осы кезге дейін жүргізіліп келе жатыр.

Қазіргі таңда жазбаша айтысты ғылыми тұрғыда зерттеп, тарихына жете үңіліп жүрген әдебиетшілер бар. Солардың бірі – Бекарыс Шойбеков. Ол: «... Шындығында да, бұл туралы білеріміз өте аз. Қазіргі кездегі зерттеулерде жазба айтыстың тек төрт-бес құрылымдық жүйесінің сыртқы түрі ғана сөз болып келеді...» деп жазды. (Бекарыс Шойбеков, «Жазба айтыстың жасалу тәсілдері», Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі мен Ұлттық Ғылым Академиясының «Хабарлары» журналы, №4, 2002 жыл, 99-бет).

Өзібек те, Үсіпәлі де – діни оқу орнын бітірген ақындар. Сондықтан олардың жазбаша айтысында діни ағартушылық сарын да байқалып қалады.

Ислам дінінің хақ дін екенін өзінің жыр жолдарымен өрнектеген, Әулиеатаның көрнекті ақыны, Бұқарадағы діни медресені бітірген Өзібек Ақжолұлы мен Бұқара, Қазан қалаларындағы діни оқу орындарында оқып білім алған ақын Үсіпәлі Қалыұлының жазбаша айтысы қазақ әдебиетінде өзінің ерекшелігімен құнды рухани мұрамызға айналды. Әулиеата өңірінде жазбаша айтысты дамытқан екі ақынның жазбаша айтыстан басқа шығармашылығы жайлы ғылыми еңбекті келесі сәтке қалдырайық.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК НЕГІЗІНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Біздің Тәуелсіз Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін дара туған ойшыл ақын, жеке тұлға – Абай Құнанбаев. «Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс», - дей келе Н.Ә.Назарбаев: Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз»- деп өзінің сөзінде айтып кеткендей, ұлы Абай шығармашылығының жастарды тәрбиелеуде рөлі өте зор.

Кезінде тәрбиелік ұстанымдарға сәйкес Абай тұлғасы мен мұрасын қараңғы қазақ қоғамына қарсы қоя отырып талдау үрдісі үстем алды. Мұндай мақсатты ұстаным өз нәтижесін берді де. Қазақ өмірі, қазақ ортасы мен ақын тұлғасы, ақын мұрасы арасында алшақтық, сәйкессіздік өмірге келді. Абайдың ХІХ ғасырдың соңындағы қазақ қоғамындағы қалыптасқан қайшылыққа толы жағдайға саналы түрде қарсы шыққан тұлға екендігін баса айтқан абзал. Абай – қазақ топырағынан бой көтерген, оның отына күйіп, суығына тонуға даяр, толық табиғи төлтума құбылыс. Абай – қазақ тарихындағы алғашқы ұлт ақыны [1].

Абай тарихқа, ең алдымен, кеменгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор және мағыналық деңгейі жоғары болып келеді. Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жас ұрпақты адал еңбекке, өнер-білімге, адамгершілік пен ізгілікке шақырады.

Шығыс пен Батыс классиктерінің шығармаларындағы ағартушылық ой-пікірлерімен сусындаған ұлы ақын бала тәрбиесі, адамгершілік, адалдық мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде тәрбиелік көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айына бір өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады [2].

Абай адам сана-сезімін тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақсүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезінің қалыптасуы ортаға, тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам,

адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»,- деді.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы: «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады»,-дейді Абай. «Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу – жан құмарлығы (жетінші сөз)» деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты – ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды.

Ұлы ағартушы өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Қара басының қамын ғана ойлайтын, яғни, тән қажеттігін өтеуді ғана ескеріп, рухани қажеттілікті ойламайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімдер алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды [3]. Ондағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты:

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық білім – кітапта,

Ерінбей оқып көруге,- деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шеналу, шекпен кию үшін пайдаланып, парақорлықпен алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Ойында жоқ олардың

Салтыков пен Толстой,

Я тілмаш, я адвокат

Болсам деген бәрінде ой,- деп сөкті. Жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен»,- дейді. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған мақсат емес,

Өнердің бұдан өзге бәрі – жалған.

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін терең түсінген ол: «Барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет... өнер де, ғылым да – орыста тұр. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанға түседі»¹, -деп озық мәдениетті орыс халқын өнеге етті.

«Ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы:

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап –

Бұларды керек қылмас ешкім қалап...

Терең ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, - деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақты тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде («Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», т.б.) айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын,

надандығын мінеп, әдебиет пен ағарту халыққа қызмет етуі, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді, прогресшіл орыс мәдениетіне жақындай түсуді уағыздайды. Мұндай күрделі міндеттерді шешудің жолдарын іздестіре келе, Абай өзінің «Қырқыншы сөзінде» жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынып, қыздар да оқып, білім алуы керек деп есептейді [5].

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбексүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық, т.б. атап айтты. Бір өлеңінде ақын:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман,- деп өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездерін қатаң сынға алды. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекшілдерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтындарды мейлінше жеккөрді. Ондайлар туралы:

Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,

Бар өнері – қу борбай – сымпыс шолақ- деп, күйзеле

[6] жазады ұлы ақын.

Ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салды, оның көкірегін оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға, прогреске шақырды.

Абай өзінің өлеңдерінің бірінде:

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы мен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» – [7] деген сөздері дәлел бола алады. Бұл өлеңде Абай ашынып, халықтың жанына тие айтады. Сондай-ақ, Абай бос даурығуға, бекер мал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеніз», - дей келіп, Абай «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл іс, көнсеңіз», - деген өсиет [8] айтты.

Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орнында тап, пайдалы әрекет жаса дейді. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деген сөздер – соның айғағы. Қазақ елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті.

«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық

Аздырар адам баласын», - деп жағымсыз қасиеттерден жастарды жирендіреді.

Халқын надандық шырмауынан, бодандық бұғауынан азат етуге ниет қылған Абай адаммен де, заманмен де арпалысып бақты. Қараңғы түнді қақ жарып сәулет төкті. Шалғай ауылда, Қарауылда – Шыңғыстауда

отырып-ақ бүкіл қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтады. Қазақтың жоғын жоқтай отырып, өз қазағын қатты сынады. Сынағанда жеккөргендіктен емес, жаны ашығандықтан, күйінгендіктен сынады. Өз халқын сынап отырып, сүйе білді. “Күллі адам баласын қорқылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық” деп үйретті 38-ші қара сөзінде. Осының үшеуі де қазақтың басында әлі бар[9]. Сөйтіп, ақын:

Атымды адам қойған соң

Қайтіп надан болайын?

Халқым надан болған соң

Қайда барып оңайын? – деп аңдысқан елдің етекбасты әдетінен әбден шаршайды.

Абай өз халқын өркендеген елдің, пәтуалы елдің қатарынан көргісі келді. Алдағыны айнытпай болжады.

Көк тұман – алдындағы келер заман,

Үмітті сәуле етіп көз көп алдаған.

Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Осы өлеңінде өзінен кейінгі сергелдеңге толы, намысы тапталған, ары жаншылған, қор болған қазақ тірлігінің екі ғасыры дәл болжалып тұр.

Отбасына, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, әйелге жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет осы Абай шығармаларынан көрінеді [8]. Қазақ әйелін, ананы – отбасының тірегі ретінде жырлайды, оның жанқиярлығын, даналығын, шын көңілмен берілген достыққа беріктігін, адал жанының тұтастығын мадақтайды.

Абай заман ағымын қатты сезінді. Ілгергіні болжады. Соған ыңғайлап қазақ халқын тәрбиеледі. Сөйтіп ұлтының ұстазына айналды. Абайдың кез келген

сөзі – өнеге, әр сөзі – өсиет. “Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстық – өзі адамды бұзады”, “Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың”, “Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың”; “Сократқа у ішкізген, Жанна д Аркти отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал”; “Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол”; “Бағың өскенше тілеуінді ел тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің”, – дейтін Абайдың дана сөздері мәңгі-бақи қазаққа қызмет ететін сөздер. Тек біз осыдан ғибрат ала білсек болғаны.

Ел ішінде бетімен лағып, жөнсіз сөйлеу, ғайбаттау етек алып барады. Ақылманы, қариясы жоқ елдей болдық. Ақылшысы жоқ ел азады, иесі жоқ жер азады, қолдамаса ер азады, бір-бірімізді қолтықтап демеп, қолдап, жарасып жүрсек жарар еді. Қаны таза халық едік, жан тазарса, ар тазарса деп тілеймін. Жасамыстарымыз алжымай, дұрыс қартая білсе деймін.

Қазақтың қасіретін бір кісідей тартқан Абай “Тоғызыншы қарасөзінде” бұл ойын тереңдете түседі:

“Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жеккөрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа, әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, я көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді. Ондайым жоқ. Егер жеккөрсем – сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, “не қылды, не болды?”

демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ.

Мен өзім тірі болсам да анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, яки, бөтен себептен бе, — білмеймін. Сыртым сау болса да ішім өліп қалыпты”.

Абай қанша түңілсе де өз елін тастап, көшіп қайда барады дейсің, көшкен жоқ, жаман істерін жек көре тұрып жанындай жақсы көретін, жамандыққа қимайтын өз жұртының ішінде ғұмыр кешті. Абайдың ел үшін күйіне отырып, өз елін қаншалықты құлай сүйетіндігін, соншалықты жаны ашитындығын осы сөзінен де анық көреміз. Абай өз өлеңдерінде халықты білімге, өнерге, халық мүддесі үшін еңбек етуге шақырады. Өз өлеңдерінде қазақ елінде бел алған қайшылықтарды суреттейді:

Халықтың тұрмыс күйін жақсартуды Абай еңбекпен, егіншілік кәсібімен, қолөнермен шұғылданумен байланыстырады. Абай бұқара халықты, жастарды білімге шақырып, қазақ қоғамындағы надандықты, онан халыққа келетін қиянатты әшкерелеп отырады [10]. Абай, ең алдымен, ел болуды, қазақтың қатардан қалмауын аңсады. Абай қазақ халқының тәуелсіз ел болуын, ұлттың дамуын негізге алып, халық бірлігін мақсат еткен. Қазіргі таңда ақын шығармашылығымен сусындаған қазақ елі ұтымды да тұғырлы жетістіктерге жетті деп ойлаймын. Жас ұрпақты Абай өнегесінде тәрбиелеу — әрбір қазақ үшін бағалы, құнды мұрамен сусындату деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Х.Матаев. Ақылдан азап шеккен ұлы Абайдың мәңгі ұмытпайық. Абай // 2005, №1, 9-10-б.
2. Абай Құнанбаев. Қара сөз. Поэмалар. А., 1993.
3. Б.Бегалиев. Абай өмірбаяны – архив деректерінде. А., 2001, 27-30-б.
4. Қ.Жұбанов. Абай мұрасын қалай жақтаған? // Абай, №1, 2005.
5. З.Қабдолов. Сөз өнері. А., 1992, 206-207-б.
6. Абай Құнанбаев. Шығармалар жинағы. II т., А., 1957.
7. М.Мырзахметов. Абай және Шығыс. 1995.
8. Абай Құнанбайұлы. Шығармалар жинағы. I том. А., «Жазушы», 1966, 336-б.
9. З.Ахметов. Абайдың ашылмаған бір қыры // Ақиқат 1994, №5.
10. М.Жолдасбеков. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? abai.kz/node/1235

Резюме

Данная статья посвящена воспитательным идеям А. Кунанбаева. Автор рассматривает идеи А.Кунанбаева как основу национальной идеологии казахского народа.

Summary

This article focuses on educational ideas of A.Kunanbayev. Author A.Kunanbaeva ideas as the basis of national ideology of the Kazakh people.

Гүлмира РЫСКЕЛДИЕВА,
Алматы қаласындағы
Шона Смаханұлы атындағы
№62 гимназияның мұғалімі.

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ҚУАТЫ

Көркем сөз адамның рухани-адамгершілік қасиеттерін байытуға қызмет етеді. Рухани-адамгершілік деген ұғымға адамның жеке басының ар-ұжданы, өз мінезі мен ар-намысын қадірлеп сақтауы, отбасын, өскен ауыл-аймағын, ұлтын, елін және бүкіл адамзатты құрмет тұтып, сүюі жатады. Бұл ізгі қасиеттер біздің бойымызда көркем шығармаларды оқу арқылы нығайып, қалыптасып, дамиды болады. Сондықтан да әдебиетті адам жанының тәрбиешісі дейді. Өйткені ол адамды ізгі құндылықтарға сүйіспеншілікпен қарап құрметтеуге әрі жақсы қарым-қатынас жасауға баулиды.

Көркем сөздерді бізге сөз шеберлері жеткізеді. Сөз зергері Ғабит Мүсірепов: «Көркем сөздер күннен де жарық. Ақыннан шыққан асыл сөздер жер бетінде кездеспейтін мұнаралар», – деген екен. Көркем сөзге аса мән берген сарабал суреткеріміз тағы бірде: «Адам жанын қозғай алар күдірет болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ», – дейді. Адам жанына ұдайы әсер етіп, сезімін селт еткізіп, ұтқыр ойлар қалдырып, санамызды байытқан сөз шеберлеріне халқымыз әсте кенде емес. Сондай әдебиетіміздің алыптарының біразына тоқталсақ: Махамбет, Абай, Шәкәрім туындыларындағы

биік мұраттарды ой елегінен өткізіп, өзіміз әсерлене түсеміз. Мағжан, Міржақып шығармаларын сүйіп оқу арқылы адамның ішкі сезім иірімдерін, көңіл күйін тануға ұмтыламыз. М.Шаханов, Ш.Мұртаза, Т.Ахтанов шығармаларынан өмір шындығының көркем шындыққа айналғанының куәсі боламыз. Елге, жерге деген сүйіспеншілік Қ.Жұмаділов, О.Сүлейменов, Т.Айбергенов шығармаларында көрініс табады. Бүгінгі заман адамының бойындағы жағымсыз іс-әрекеттер, жалпы дәуір шындығы О.Бөкей, Б.Мұқай, Т.Әбдіков, Д.Исабеков, т.б. шығармаларында бүкпесіз ашылады.

Сөз шеберлері туралы айтқанда, ең алдымен, Абай ата туралы айтамыз. Өйткені Абай атамыздың мұрасы – таусылмас қазына, сарқылмас мұхит, түпсіз тұңғық. Мұхтар Әуезов айтқандай, «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр». Қайсын Кулиевтің сөзімен айтсақ: «Орыстар үшін – Пушкин, ағылшындар үшін – Шекспир, грузиндер үшін – Руставели... қандай ұлы құбылыс болса, Абай да қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс». Елбасымыздың өзі: «...Менің балаларыма, ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс», – деп айтқан. Сонда бабамыздың күдіреті неде? Бұл сұраққа Ахмет Байтұрсынов атамыздан артық айтқан ешкім жоқ. «Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды».

Шерхан Мұртаза – Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі қоғам

қайраткері. Ол – егемен еліміздің көптеген жоғары марапаттауларының иегері. Ол туралы Ф.Оңғарсынова «Ш.Мұртазаны жазушы ретінде танытқан – «41-жылғы келіншек» пен «Мылтықсыз майдан» повесі. Шерхан жазушы о бастан түймедей ойдан түйедей роман жазуға бой ұрып, көпірме сөздің көбігімен оқырманын қоректендіруге жоқ. Керісінше, жинақы сөйлем, сырбаз сөзбен сурет салды», – деген ойлары оқырман қауымның ойларымен дәл келеді.

Жазушының кең құлашты өзекті шығармасы – бес кітаптық «Қызыл жебе» эпопеясы. Бұл – Тұрар Рысқұлов туралы кең көлемді шығарма. Қазақ әдебиетінде Тұрар бейнесін алғаш сомдаған М.Әуезов болса, оның балалық шағынан бастап, қайтыс болғанға дейінгі өмірін Ш.Мұртаза көркем тілмен сөйлетті. Ол туралы Мырзатай Жолдасбеков: «Қызыл жебе» романы Тұрар Рысқұловқа көркем сөзден соғылған еңселі ескерткіш болады деп кәміл сенеміз», – дейді. Ал «Ай мен Айша» – тарихи шындық негізінде жазылған көркем туынды. Романда жазушының ата-ана, туған жер, туған ауыл адамдарына құрметі суреттелген. Екі кітаптан тұратын романда қаламгердің өміріндегі қайталанбас сәттері анасы Айшамен бірге көз алдымыздан өтіп жатады.

Мұқағали Мақатаев – біздің замандағы ғажайып ақындардың бірі. Оның ақындық қуат-деңгейі мен парасат өрісі кім-кімді болсын таңқалдырмай қоймайды. «Атырауға барсаң да, Арқа мен Алтайға барсаң да алдыңнан Мұқағали шығады. Мұнайшы да Мұқағали әнін салады, балықшы да, малшы да Мұқағали жырларымен айта алмай жүрген ойларын жұртқа естіртеді... Тарбағатай мен Атырауда, Баянауыл мен Қазығұртта жүрсе де, қазақ атаулы желісіне үйірілген құлындай Мұқағали жырымен табысып,

шұрқырасып жатқаны. Нағыз өнер күдіреті деген – осы. «Мұндай ақыны болған халық – бақытты халық», – деп ақын Фариза Оңғарсынова айтқандай, оның шығармашылығы біздің бойымызға қуаныш, мақтаныш, рухани күш-қуат құяды.

Өмірден ерте кеткенімен, артына мол әдеби мұра қалдырған Оралхан аға – ұлттық әдебиетімізде өзіндік орны бар ірі тұлға. «Жазушылық дегеніміз – шындыққа жүгіну, ал әдебиет дегеніміз – сол шындықты шырақ алып іздеудің бірден-бір формасы», – деп өзі атап көрсеткендей, Оралханның әдебиетке бейімділігі оқушы кезінде-ақ көріне бастаған. Ол әдеби кітаптарды өте көп оқып, бейнелеп, шешен сөйлеуге бейім, жүріс-тұрысы тиянақты, өзгелерге сын көзбен қарайтын, байқап та, шайқап та сөйлейтін шешен болған. Осындай ерекшелігін байқаған ұстаздары оқушылардың комсомол комитетінің хатшысы, қабырға газетінің редакторы етіп сайлаған. Оралхан оқушылар арасында оқырмандар конференциясын өткізіп, онда өзі оқыған кітаптарындағы кейіпкерлер туралы үнемі сипаттама жасап тұрған. Ауылдағы шағын клубта әдеби кештерді жиі өткізген. Жазушылардың шығармаларын жатқа айтқан, қазақ жазушыларының ішінде Сұлтанмахмұт пен Бейімбетті қатты пір тұтқан.

Оралхан Бөкей мектепте оқып жүрген кезінен-ақ өзінің журналист, жазушы болғысы келетінін іркілмей айтқан. Мектеп бітіру кешінде жиылған ата-аналар мен мұғалімдер алдында: «Көкшетау асқан сұлу болса, одан шыққан ақын, жазушылар одан әрі сұлуландырды. Біздің Өр Алтайдың сұлулығы одан әсте кем емес. Бірақ оны жырға қосып, сұлулығын көрсететін ақын, жазушылар жоқ десек қателеспейміз. Мен Алтайдың сұлу табиғатын, сарқылмас байлығын танытуды

мақсат етемін. Сондықтан да мен жазушы болуды армандаймын. Адам арманын алдына мақсат етіп қойса, оған жетуге тиісті. Мен де мақсатыма жетемін деп сенемін», – деген екен. Бұл арманына жетті де.

Бүгінгі дәуір туралы толғаған ақын, жазушылардың ішінен Дулат Исабеков пен Олжас Сүлейменов туралы айтсақ: Д.Исабеков өз шығармаларында адам тағдырын басты тақырып етіп алады. Неге адамдар бір-біріне соншалықты мейірімсіз? Осы сауал көптеген шығармаларында бой көтерді. Өзіміз оқыған «Дерменедегі» Тоқсанбай шалды тақырға отырғызып кететін, төккен терлерін еш кетіріп, зар қақсатып қоятын Омаш, «Гауһар тастағы» өз жарына деген мейірімсіз Ыбыш бейнелері шынайылығымен оқырман жүрегіне ұялады. «Ай-Петри ақиқаты» повесінде адамдарды қызметіне, атақ-дәрежесіне, дүние-мүлкіне қарай бағалайтын бүгінгі заман адамдарының келбеті ашылады.

Ал Олжас Сүлейменов жырлары Қазақстан тығыздығын, Қазақстан адамдарын бүкіл әлеммен, әлемдік тыныспен ұштастыра толғайды. Олжас поэзиясының басты қаһарманы – жасампаздық. Сондықтан ақынның теңдессіз ұлы сөзі: «Адамға табын, Жер, енді!». Иә, Адам – мына дүниені өзгерте алатын Ұлы күш. Тек оған ынсап пен сабыр берсін. Үнемі өз-өзімен қалғанда Адам болдым ба деп ойланып жүрсе болғаны. Дана Абайдың өзі де: «Атымды адам қойған соң...» деген ойды бірінші кезекке қойып өтті емес пе?

Ағаштың жемісі бұтақта болса, сөздің жемісі кітапта болады. Кітапта сөзімен жол нұсқаған небір даналар ой көрсетеді. Зерделі, саналы жас сол ойлардан рухани азық алып, ұмтылып бой көрсетіп жатады. Қандай жағдайда болмасын бұрын сөйлегендер ұтпайды,

мығым сөйлегендер ұтады. Дүниеде адам баласының ұлы қасиеттерінің бірі – ой ұлылығын қалыптастыратын көркем әдебиетті талғаммен оқу – әркімнің-ақ арманы. Сондықтан да мақаланың басты мақсаты – кейбір қазақ қаламгерлерінің өзіндік ерекшеліктері туралы айта отырып, оқырманға ой салу. Себебі: «Көз сәулесінен көңіл сәулесі күштірек». Қадірлі оқушы, егер біздің жанымыздан есті сөз бен ордалы ой қалсын десек, көркем әдебиет оқи білейік, оқығанымызды көңілге тоқи білейік! Ақылымызға азықты көп беруге тырысайық!



Ақбота ТОЙШЫБАЙҚЫЗЫ,
Алматы облыстық академик
Ш.Смағұлов атындағы
мектеп-интернатының технология
пәнінің мұғалімі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕРДІҢ ОРНЫ

Мазмұны мен мақсаты өзгерген, жаңа, тәуелсіз мемлекетіміздің әрбір мүшесінің саналы да сауатты, шебер де іскер болып өсуі үшін мектепте технология пәнінен берілетін білім сапасын арттыру, оқушылардың еңбек тәрбиесіне баулуда өз ұлтымыздың ұлттық қолөнеріне үйрету – оқу-тәрбие жұмысындағы маңызды

мәселелердің бірі. Оқушыларды өнерге баулу, ұлттық қолөнерінің тарихын тереңдеп білуге қызықтыру оларды өз елін, жерін, халқын сүйу, салт-дәстүрін бағалай білуге үйретеді. Қолөнер үлгілерін жасау арқылы олардың жан-дүниесі байып, таным тамырлары тереңдей түседі. Қолөнері бұйымын жасаудағы саналы еңбек үстінде олардың ақыл-ойы, ой-қиялы, іскерлігі, шеберлігі, тапқырлығы, талаптылығы, ұқыптылығы үнемі даму үстінде болады.

Сондықтан ғасырлардың ілгері тартқан көшімен жалғасып келе жатқан халқымыздың ұлттық қолөнерінің қадір-қасиетін жоймай, технология сабағы барысында барлық қыр-сырын паш етіп, үйретіп отыру – келелі міндет. Ұлттық қолөнер бұйымдарын тек әсемдік немесе сәндік бұйым ретінде қолдануда ғана емес, олардың күнделікті өмірімізде кең қолдау тауып, адамдардың тұрмысына дендеп енгені байқалады. Олай болуының бір себебі ретінде олардың тек сипатымен ғана емес, сұлулық сырымен, сәнімен, ел тарихымен тығыз байланыстылығымен, халықтың ғасырлық мәдениетінің көрсеткіші ретінде де сақталып келетіндігін дәлел ретінде келтіруге болады.

Дана халқымыз «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегенді бекерге айтпаса керек.

Тарихында қандай қиын кезеңдерге кез болса да, халқымыз ұрпағын еңбек сүйгіш етіп тәрбиелеуді назарынан тыс қалдырмаған. Дүниелік ғылымдардың сырын меңгертетін ғылым мен білімнен бұрын кенде қалса да, сұлулық пен әсемдікті өмірдің өзінен үйренген халқымыз табиғаттың сан қилы құбылысы мен өзінің ой-қиялынан туғызған бұйымдарды өз тұрмысы мен мәдениетінде кеңінен қолдана біліп, уақыт өткен сайын жетілдіре берген.

Қолөнер шеберлерінің жасаған бұйымдары уақыт керуенімен жарыса отырып біздің де дәуірімізге жеткен. Олардан қас шеберліктің асқақ көріністерін көріп келеміз. Қазақ халқы – ертеден өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті барлық тұрмыстық заттар мен шаруашылық заттарын, құралдарын дайындап пайдалана білумен қатар заманына сай өмір сүрудің озық өнегесін көрсеткен халық.

Бүгінде оқушыларды халқымыздың ұлттық мәдениетіне тәрбиелеу және жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуде мектептерде жүргізілетін технология пәнінің маңызы зор.

Технология пәні – еңбек пен тәрбиенің тығыз ұштаса жүргізілетін, әрі еңбекке, өз еңбегінің нәтижесін көруге деген заңды талпынысты оятатын, сүйіспеншілікті туғызатын сабақ.

Осындай асыл қазыналарымызды бағалап, оны ары қарай шығармашылықпен жалғастыру – технология пәні мұғалімдерінің бірінші кезектегі міндеті болуы тиіс. Өнерге танымдық белсенділігі жоғары балаларды тәрбиелеу біздің мәдениетіміздің өркендеуі болып табылады. Шеберлердің қолынан шыққан бұйымдармен бірге өнерлі балалардың да қолынан шыққан заттар, әсем бұйымдары халқымыздың мәдениетінің дамуына өз үлесін қосады. Бала өз еңбегінің жемісін көреді, жан қуанышына бөленеді, қызығушылығы оянады, өз жұмысына мақтаныш сезімі оянады. Мұнда мұғалім тарапынан балаға үлкен сенімділік көрсеткенде жұмыстың нәтижесі де жақсара береді.

Өз мәдениетімізді көтеру үшін білімді, өнерлі баланы тәрбиелеумен қатар бұлардың өнерге көзқарастарын шығармашылық мүмкіндіктерімен дамыту керек. Ол үшін:

1. Ұлттық бұйымдарды жаңа өмірдің талабына сай етіп жасау. Оларға сұраныстың болуы керек.

2. Шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.

3. Өнер шеберлерімен кездесу ұйымдастыру, тәжірибе алмасу.

4. Көрмелер ұйымдастыру.

5. Дайын бұйымдарды жарнамалау.

6. Шебер, іскер балаларды марапаттау олардың сабаққа қызығушылығын арттырады.

Қолдан жасалған өнердің қай түрі болмасын, мысалы, сырмақ сыру, киім тігу, құрақ құрау, ши тоқу секілді әрі сәнді, әрі сапалы бұйымдар қашанда бағалы, үлкен сұранысқа ие. Сонымен бірге, қолөнердің барлық түрі – тұрмыс қажеттілігінен пайда болған заттар. Оны шеберлер жаңаша түрлендіріп, дамытып келеді. Мысалы, тұрмысқа қажетті қазіргі тойларда сұраныс туғызып жүрген тойбастарға арналған қазақ үйлер, қоржын апару дәстүрі, яғни, сәнді, оюлы қыз, күйеу қоржындар, сыйлық ретінде қамшы, сандық, домбыра секілді ұлттық бұйымдарымыз қашанда көздің жауын алады.

Қыздарға салт-дәстүріміздің ұлттық ерекшеліктерін түсіндіріп, оларға үй тұрмысына қажетті бұйымдарды қолдан өздері жасап алуға, технология сабағында өздері тіккен қамзол, белдемшелерге ою-өрнектер салып, оларды тасмоншақтармен кестелеуге көбірек үйретсек, оның өзі қыздарды әдемілікке, үнемділікке тәрбиелейді әрі сәндік қолданбалы өнерге деген эстетикалық қызығушылықтарын тудырады.

Өз бетінше іздену, өз еңбектерінің нәтижесін көру оқушылардың шығармашылық жұмысқа деген белсенділігін арттырады. Қолөнер туындылары оқушыларды сұлулық пен әсемдікті көріп, оны бағалай білуге тәрбиелейді.

Гүлшара ЖҰМАҒАЛИЕВА,
Бейнеу гуманитарлық-экономикалық
колледжінің педагогика және психология
пәндерінің оқытушысы.
Маңғыстау облысы.
Бейнеу ауданы.

ЗЕЙІН – САНАЛЫ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Сабақтың мақсаты: зейін туралы түсінік бере отырып, оның түрлерімен және қасиеттерімен таныстыру, студенттердің зейінін басқара білуге тәрбиелеу, логикалық тапсырмалар арқылы зейін тұрақтылығын қалыптастыру.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, тест жұмысы.
Сабақтың типі: аралас сабақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру (сұрақтар, тест тапсырмалары арқылы жүргізіледі):

1. Адам әрекетінің жалпы сипаттамасы қандай?

2. Оқу әрекеті дегеніміз не? Төменгі сынып оқушыларының оқу әрекетінің ерекшелігі неде?

3. Ойын әрекеті дегеніміз не? Ойынның бала психикасын қалыптастырудағы рөлі қандай?

4. Еңбек әрекеті дегеніміз не? Төменгі сынып оқушылары еңбегінің психологиялық маңызы неде?

5. Мақсат дегеніміз не?

6. Бір жастағы баланың ойыны қалай аталады?

Тест тапсырмалары:

1. Әрекет дегеніміз не?

а) Іс-әрекеттің саналылығы мен мақсаттылығы, жоспарлылығы мен жүйелілігі;

ә) Саналы іс-әрекеттің бірлігі, психиканың іс-әрекеті үстінде дамуы;

б) Түрлі қажеттіліктерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағдарланған үдеріс.

2. Әрекеттің негізгі түрлері?

а) Ойын, оқу, еңбек;

ә) Еңбек, операция, әрекет;

б) Ойын, әрекет, ұғыну.

3. Сыртынан ұстап тұрып тырсылдату қай ойын түріне жатады?

а) Сюжеттік;

ә) Шығармашылық;

б) Манипуляциялық.

4. Балалар бақшасындағы балалар қандай ойын түрімен айналысады?

а) Сюжеттік;

ә) Шығармашылық;

б) Манипуляциялық.

5. Бастауыш сынып оқушыларының ойындарының басты ерекшелігі не?

а) Шығармашылық сипатта болады;

ә) Ұжымдық сипатта болады;

б) Спорттық сипатта болады.

6. Еңбек әрекетінің негізгі ерекшелігі?

а) Білім, дағды, икем, ерік, тәртіпті қажет етеді;

ә) Оның жоспарлылығы мен белгілі тәртіпке бағынатындығында;

б) Адамның дүниетанымына, наным-сеніміне, мақсат-мүддесіне бағытталуы.

Жауаптар:


1. б. 2. а. 3. б. 4. а. 5. ә.

Сонымен, біз сананың ерекше сипаттарына іс-әрекет, зейін, дағды жататынын білдік. Өткен сабағымызда іс-әрекет, оның түрлерімен танысқанбыз. Сұрақ және тест тапсырмалары арқылы алынған жауаптармен өткен сабақты қорытындылай отырып, жаңа сабағымызға көшеміз.

Жаңа сабақ: Зейін – саналы іс-әрекеттің басты шарты.

Мақсаты: Зейін туралы түсінік бере отырып, оның түрлерімен және қасиеттерімен таныстыру, зейінді басқара білуге тәрбиелеу.

Сананың ерекше сипаты



Іс-әрекет **Зейін** Дағды

Зейін деп – адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады. Дәлірек айтқанда, зейін дегеніміз – айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу. Мысалы, оқушы есептер шығарып отыр. Ол бұған соншама үңілген, мұнысы психикалық кейпінен жақсы көрінеді (бала көзін қадайды, шұқшия үніледі, демін ішіне тартады). Оқушы есептің шығару жоспарын ойлайды, оның бірінен кейін екіншісін шығарады. Есеп шығарып болып, азғантай үзілістен кейін тарихты, одан соң географияны оқуға көшеді. Сабағын оқып болғаннан кейін түрлі нәрселермен айналысады. Осы көріністердің бәрінде де бала әрекеттің әрбір түріне өз зейінін ұйымдастырып,

басқа объектілерден ойын бөліп отырады. Осындағы түрлі кезеңдерде бала психикасының белгілі бір объектіге бағыт алып және сонда азды-көпті тұрақтап отырғанын көруге болады. Адамға тән әрекеттің кез келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы қиын. Орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинский зейіннің маңызын былайша көрсеткен еді: «Зейін адам санасынан қорытылып өтетін барлық ойды аңғартатын, адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады, демек, бұл есікке ілімнің бірде-бір сөзі соқпай өте алмайды, егер де ол соқпай өтсе, онда баланың санасында ештеңе де қалмайды».

Зейіннің түрлері

Адамдардың зейіні ырықты, ырықсыз және үйреншікті болып үшке бөлінеді.

1. Ырықсыз зейін

Сыртқы дүниенің кез келген объектілері кейде ырықсыз-ақ біздің назарымызды өзіне тартады. Мысалы, көшемен кетіп бара жатқан адамның бояулы афишаға көзі түссе, оған мойынын бұрады не тәртіп сақшысының ысқырығына жалт қарайды. Адам өмірінде ырықсыз зейін елеулі орын алады. Зейіннің бұл түрі, әсіресе, жас балаларда жиі кездеседі. Өйткені балалық дәуірде адамның күрделі іс-әрекеттері (оқу, еңбек, т.б.) белгілі жүйеге келе қоймайды да, осының нәтижесінде оның психикасы өте нәзік, түрлі сыртқы әсерге берілгіш келеді. Қызығу – ырықсыз зейіннің бұлағы. Өйткені қызықты іске көңіліміз тез ауады. Мысалы, қызықты кітап оқуға ырықсыз зейін жеткілікті. Ал, қызықсыз кітапты оқу ырықты зейінді керек етеді. Ырықсыз зейін физиологиялық тұрғыдан барлау рефлексінің жемісі болып табылады. Ырықсыз зейін, нақты айтқанда, неден пайда болады? Ең алдымен, күшті тітіркендіргіштерден

пайда болады. Мысалы, күннің күркіреуі, мылтықтың атылуы, көзді аштырмайтын жарық, қанық бояулы заттар, мұрын жаратын иіс. Сондай-ақ ырықсыз зейіннің аударылуына адамның ішкі жан дүниесі күйінің маңызы зор. Мысалы, қарыны ашқан адам ас үйден шыққан тамақ иісін сезеді, ал тамағы тоқ адам ол иіске көңіл аудармайды.Музыканы жақсы көретін адам әнді естігенде де зейінін салып тыңдайды.

2. Ырықты зейін.

Алдына мақсат қойып көздеген нәрсесін алдын ала белгілеп алып, зейінін соған аударуды ырықты зейін деп атайды. Бұл – адамның еркімен істелетін зейін күші. Ырықты зейін жұмыстың басынан аяғына дейін күшті сарқып жұмсауды тілейді. Адам өз зейінін ырықты жұмсап шұғылданғанына қиыншылықтарды ығыстырып жеңеді. Оқушылар зейінін сабаққа бөлу үшін күш жұмсайды. Зейінге бөгде тітіркендіргіштер – ауру, шаршау, басқа ойлар кедергі болады, алаңдатады. Ырықты зейін тұрақты зейінмен байланысты. Ырықты зейін тұрақты зейінмен байланысты. Адам жұмысты қызығып істесе, жұмыс нәтижелі болады. Ырықты зейіннің ырықсыздан өзгеше бір белгісі: ырықсыз зейінмен істелген іс жеңіл істеледі, көп шаршатпайды. Ырықты зейінмен істелген іс көбірек шаршатады, терең ойлануды қажет етеді. Ырықты зейін ырықсыз зейінге ауысқанда білімді меңгеру көп жеңілденеді.

3. Үйреншікті зейін.

Үлкен адамдардың зейіні, көбінесе, үйреншікті болып келеді. Бала кітап оқуды, жазу жазуды әдейілеп зейін салып, қайрат-күш жұмсап үйренеді. Бұларды меңгеріп алған соң, қызықтырып тұрған күрделі міндетіне ырықты зейін бағынып, кейін арнайы күш жұмсалмай-ақ орындалады. Бұл үрдісті үйреншікті

зейін деп атайды. Үйреншікті зейін біздің санамызда өзіміздің қызығып атқаратын күрделі іс-әрекетімізбен байланысты. Ұзақ уақыт кітап оқимыз, грамматикалық талдау жасаймыз, осындай іс-әрекетті әуелде зейін салып істейміз де, артынан үйреншікті зейінге айналады. Сөйлеу үйреншікті зейінмен орындалады. Үйреншікті зейін ырықты зейінмен дамып қалыптасады. Зейіннің кейбір ерекшеліктері болады, бұл әр адамда әр түрлі дәрежеде бейнеленеді. Кейде адам жұмысқа не бақылауға сондай беріліп кетеді де, басқа нәрсені байқамайды. Бұл – зейіннің қасиеті.

Зейіннің қасиеттері:

1. Зейіннің тұрақтылығы және жинақтылығы.

Адамның зейіні бір объектіге немесе бір жұмысқа ұзағырақ тұрақтай алса, оны зейіннің тұрақтылығы дейді. Мысалы, өндіріс озатының не хирург дәрігердің жұмыс үстіндегі зейінін осыған жатқызуға болады. Зейінді бір жерге тұрақтатып, жинақтай алу арқасында адам істеп отырған ісін тереңінен түсініп, оның әр түрлі байланыстарын анықтайды. Зейіннің осы қасиетінің оқу үдерісінде маңызы зор. Сабақ үстінде баланың назарын көп нәрсеге аудармай, басты бір нәрсеге, не белгілі бір әрекетке ғана аударып, соған тұрақтатып әдеттендіру керек. Сонда ғана бала есейген кезде үлкендердің көмегінсіз-ақ зейінін тиісті объектіге жинақтай алатын болады.

2. Зейіннің ауысуы.

Зейіннің ауысуы дегеніміз – бір объектіден екінші объектіге назардың аууы. Зейінді тез аудара білу қабілеті көбінесе жүйке үдерістерінің өзгермелілігіне байланысты. Кейбір адамдар бір жұмыстың түрінен екінші бір жұмысқа жеңіл көшеді, зейін қойып жаңа жұмысты тез меңгеріп кетеді. Екінші біреулердің

зейіні, керісінше, басқа объектіге қиындықпен ауысады. Мысалы, машинистерде зейінді тез аудару білу қасиеті жөнді жетілмеген болса, олардың жұмыста түрлі сәтсіздіктерге ұшырауы мүмкін. Мектеп жағдайында балалардың зейінін бір пәннен екінші пәнге, бағдарламаның бір бөлімінен екінші бөліміне, жұмыстың бір түрінен (үй тапсырмаларын сұрау) екінші түріне (жаңа сабақты тыңдау кезі) үнемі аударып отыруға тура келеді.

3. Зейіннің бөлінуі.

Зейіннің бөлінуі деп адам санасының бір мезгілде бірнеше әрекетті атқара алу мүмкіндігін айтады. Адам зейінін бір уақытта екі-үш нәрсеге бөле алады.

4. Зейіннің көлемі деп бір уақыттың ішінде оның қамтитын объектілерінің санын айтады. Оқушылардың зейін көлемі бір-бірімен байланыспаған элементтерді қабылдаса нашар өсетіндігін, ал логикалық байланысы бар элементтерді қабылдаса, олардың зейін көлемінің күшейетінін мұғалім ескеруі қажет. Зейін көлемін анықтау үшін тахистоскоп аспабы қолданылады. Бірден біраз нәрсені қамти алатын зейінді көлемі кең зейін дейді де, объектілерді жөндеп қамти алмайтын зейінді көлемі тар зейін дейді.

3. Алаң болу.

Алаң болушылық деп белгілі бір объектіге саналы түрде зейінді ұйымдастыра алмаушылықты атайды. Әр нәрсеге ауып кете беретін аңғал адамдардың зейіні, көбінесе, осындай болады. Алаң болушылық сондай-ақ адам қатты шаршаған кезде жиі кездеседі.

Бекіту:

Сұрақтар:

1. Зейін дегеніміз не?
2. Зейіннің түрлерін атаңыз?

3. Зейіннің қандай қасиеттерін білесіз?

4. Зейін көлемін анықтайтын аспап қалай аталады?

Логикалық тапсырмалар:

1-тапсырма. Техникалық бақылау бөлімінде екі тексеруші жұмыс істейді. Біреуі – жұмысты жаңадан бастаған, екіншісі – тәжірибелі. Жас тексеруші бөлшектерін бір-бірден алып, тексеріп тұрса, тәжірибелісі қолына екеуін алып тексеруде.

Сұрақ: Екеуінің бір-бірінен зейін айырмашылығы қандай?

2-тапсырма. Актерге өз міндетін ойдағыдай атқаруы үшін зейіннің қандай қасиеттерін дамыту пайдалы? Актер әрекеті өте күрделі. Ол зейінін тек рөлге бағындырып қоймайды. Сахнада өз міндетін орындай жүріп, серіктеріне де көңіл бөледі.

3-тапсырма. Балалар белгілі уақыттың ішінде айналасында шашылып жатқан геометриялық фигураларды түстері бойынша есінде сақтап, оларды артынша қайта жаңғыртуы (қайталап айтып беруі) керек. Мерзімді уақыт өткен соң белгі беріліп, жан-жаққа қарау тоқтатылып, ойын жүргізуші әрқайсысының жауабын тыңдайды. Жауап берген баланың тастап кеткені болса, басқалары толықтырады. Ойын шарты бойынша кім есінде көп сақтап, айтып берсе, сол жеңімпаз болады.

Сұрақ: Ойын үстінде зейіннің қандай қасиеттері байқалады?

Оларды қандай белгілері бойынша ажыратуға болады?

Әдістемелер жинақтары.

Қорытынды.

Бағалау.

Үй тапсырмасы.

Шолпан ТАУБАЙҚЫЗЫ,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент.

ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫН ИНТЕРАКТИВТІ ЖҮЙЕМЕН ОҚЫТУ

Бүгінгі күні ақпараттық оқыту технологиялары оқушының өз бетінше жеке оқып-үйренуіне және білім алуына мүмкіндік беретін негізгі құралға айналып отыр. Жаңаша оқыту тәсілінің негізделетін ұстанымдары: жүйелілік, модульдік, динамикалық және белсенділік, көрнекілік. Сондықтан модульдік оқыту жүйесі осы үдерістің басты негізі ретінде, оқушы біліміне қойылатын талаптарға сәйкес жақсы нәтижелерге жетуге толық мүмкіндік жасай алады.

Жаңаша оқыту тәсілін кәсіптік дайындық жүргізудің негізгі құралы деп анықтауымызға да болады. Өйткені, бұл тәсіл оқушыларға оқыту барысында мына тиімді жағдайларды жасайды. Оқушы модульдер түрінде оған ұсынылған (берілген) бағдарламалармен өз бетінше жеке жұмыс істей алады.

Модульдердің мазмұндарын және оларды оқып-үйрену үдерісін оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне, қажеттіліктеріне және талаптарына сәйкестендіруге

болады. Оқушылар мен оқытушы (мұғалім) арасында өзара байланыс жүргізіледі.

Шақ категориясын интерактивті жүйемен оқытуда 7-сыныпта өткізетін бір сабақтық үлгі.

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға етістіктен өткенді қайталата отырып, етістіктің шақ категориясын меңгерту; **дамытушылық** – шақ категориясы туралы түсінік бере келіп, оның түрлеріне тоқталу, жасалу жолдарын көрсетіп, айырмашылықтарын айқындау; **тәрбиелік** – жаңа технологияны қолданып, білімдерін көтеру.

Әдісі: Деңгейіне қарай дамыта оқыту.

Түрі: Жаңа сабақ.

Көрнекілігі: сызба, қима қағаз, семантикалық карта, инсерт жүйесі.

I. Ұйымдастыру кезеңі.


II. Үй тапсырмасын сұрау.

Үйге «Етістік және оның түрлерін қайталау» деген тақырыпты оқып, орындауға жаттығу берілген. Үй тапсырмасын тексеріп, қорытындылау.

Етістіктің түрлері

Тұлғасына қарай:
Негізгі: кел, бар.
Туынды: шегеле.

Құрамына қарай:
Дара: айтты.
Күрделі: айтып барған.



III. Жаңа сабақтың материалын баяндау. Етістіктің қимыл, іс-әрекетті білдіретіндігі белгілі. Ал іс-әрекет, қимыл белгілі бір кезеңде іске асады, орындалады. Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтпен айқындалады. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы деп аталады.

Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі болады. Соған сәйкес етістіктің шақтары да үш түрге бөлінеді. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты, яғни, сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ, әлі болмаған, бірақ кейін болатын қимылды келер шақ, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді.

IV. Оқулықпен жұмыс. Жаңа тақырыпқа байланысты кітаптағы берілген жаттығуды орындау.

V. Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгейдің тапсырмасы.

Сөйлемдерді көшіріп жазып, етістіктерді тауып, шақтарға ажыратыңдар.

Өз жанұясы тұратын үйге ентіге кірген Сарыжан өз көздеріне өзі сенбегендей аңырап қалды. Үй ішінің барлығы айра-жайра. Төрдегі сандықтың үстіндегі бес-алты көрпе-жастық еденде шашылып жатыр.

Сарыжанның тынысы тарылып, жүрегі сызылғандай болды.

Салбырап қайтадан сыртқа шықты. Осы шақта жер-дүниеге қызуы мен нұрын шашып тұрған күннің де, ұшпалы кілемдей қалқып жүрген бір шөкім ала бұлтқа барып тоғысқан сәті болатын. Дастархан үстіне шашылған бауырсақтай әр жерде қанқизан ебедейсіз, аласа үйлер де көмескіленіп, қарауытып кетті (С.Бұхар).

II деңгейдің тапсырмасы.

Терме диктант. Берілген мақал-мәтелдерден шақ категориясының түрлерін ажыратып жазыңдар.

1. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа;
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.
2. Ексең егін, ішерсің тегін.
3. Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізер.
4. Тозбас жасау болмас,
Бас білмес асау болмас.
5. Семіздікті қой көтерер.

III деңгейдің тапсырмасы.

Берілген мәтіннен шақ категориясының түрлері мен жасалу жолын айтыңдар.

ШАЛ МЕН БАЛАЛАР

Бір жарлы шал есегіне мініп, жол жүріп келе жатса, есегінің ақырған дауысын естіп, бір топ бала алдынан жүгіріп шығыпты. Олар шалды әжуа, мазақ еткілері келіп:

- Ата, неге сіз есегіңізді өлең айтуға үйреттіңіз? — депті.

Сонда шал балаларға:

- Есегім өлең айтпайды. Сендердей жақсы жолдасын көрген соң, қуанғанынан бақырады,- депті (С.Көбеев).

IV деңгейдің тапсырмасы.

Етістіктің шақ категориясын қатыстырып «Адамгершілік – асыл қасиет» тақырыбына ойтолғау жаз.

2. Семантикалық карта. Берілген мысалдардан шақтың түрлеріне ажыратып жазыңдар.

| Мысалдар | Осы шақ | Келер шақ | Өткен шақ |
|-----------------|---------|-----------|-----------|
| Шашып тұр | + | | |
| Үй тіккенбіз | | | + |
| Ұшып келеді | | + | |
| Әкетіп жатыр | + | | |
| Бара жатыр | + | | |
| Ол елестейді | + | | |
| Қалып барады | + | | |
| Өнер үйренбек | | + | |
| Ұйқым қашты | | | + |
| Қар жауды | + | | |
| Жартасқа бардым | + | | |
| Қалада тұратын | | | + |

VI. Қорытындылау сұрақтары:

1. Етістіктің шақтары дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Осы шақтың мағынасы мен жасалуында шақтың басқа түрлерінен қандай ерекшелік, айырмашылықтар бар?

3. Келер шақтың қандай түрлері бар және қалай жасалады?

4. Өткен шақтың қандай түрлері бар және қалай жасалады?

5. Жекелеген шақ түрлерінің жеке стильдерде, сөйлеу тілінде, түрлерінде, мыс: көркем әдебиетте, ауыз әдебиеттерінде, баспасөз тілінде, т.б. қолданылу ерекшеліктерін сипаттаңдар.

Оқушылардың бүгінгі сабақтан алған білімдерін тиянақтау әрі тексеру мақсатында инсерт жүйесін толтыруды ұсынамыз. Оқушылар өтілген тақырып бойынша нені білетіндерін айтып шығады және нені білгісі келетінін айтады.

| НЕ БІЛЕМІН? | НЕНІ БІЛГІМ КЕЛЕДІ? | НЕНІ БІЛДІМ? |
|-------------|------------------------|--------------|
| | | |

VII. Үй тапсырмасы. Берілген етістіктерден мақсатты келер шақ жасап, жіктеп, әрқайсысына сөйлем құраңдар.

Үлгі: Шаш – шашпақ; Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ (Абай).

Шаш. Оқы. Сөйле. Қайт.

Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өткізген әрбір сабақ жаңа қоғамның инновациялық технологиясын меңгеруге, үйренуге жол ашады. Қазіргі күннің талабына сәйкес интерактивтік ағымда, инновациялық тұрғыдан сабақ өту – әрбір оқытушының міндеті әрі борышы. Біз қоғамның білім беру саласын жаңартып, оны жан-жақты дамытпасақ, келешек ұрпақты тәрбиелеу қиын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1991.
2. Ә.Исабаев. Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент, 2003.
3. Т.Мейірманқұлова. Білім берудегі инновациялық технология. А., 2005.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются новые методы изучения глаголов в новом виде.

Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
Қарағанды облысының
Шет ауданындағы
«Көктіңкөлі» орта мектебінің
мұғалімі.

ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ

Елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында.

Н.Ә.Назарбаев.

«Ел боламын десең – бесігінді түзе» – деп заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов айтқандай, ел болашағы жасөспірімдердің сапалы білімі мен саналы тәрбиесіне тікелей байланысты. Егемен еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Баламен тіл табысып, оның бойына білім нәрін себетін басты тұлға – ұстаз.

Ұлы Абай атамыз айтқандай, білімімен теңессе ғана ұлттар теңесе алады.

«Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде не бар екен!

Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгі рәміздеріміз бар. Оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – Көк байрақ, төртіншісі – Қазақ тілі».

Н.Ә.Назарбаев.

Елімізде білім берудің сапасын арттыру мен сапалы білім беру жүйесін құру мақсатында республикамызда ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілгеніне де бірнеше жыл болды. Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жаңа технологияға негізделген, мектеп бітірушілерді қорытынды мемлекеттік аттестациялау және жоғарғы оқу орнына түсу емтихандарын қоса атқаратын білім сапасын бағалаудың ерекше жүйесі екені баршамызға белгілі.

ҰБТ-ға даярлауда менің көп ізденуімнің қажет екенін түсіндім. Оқушылармен әрдайым бірлікте отырып, жаңа тақырыпты меңгеру, әрбір өтілген тақырыпты тест сұрақтарымен байланыстыру, негізгі қажетті деген сөздерді түрлендіре отырып, сұрақтар қойдырта білу, әрбір сұраққа дұрыс жауап бере білуге, дұрыс жауапты есте сақтап қалуға үйрету – негізгі міндетім болды.

Негізгі міндеттер:

1. Қазақ тілінің салалары бойынша жоспар құру.

I бөлім: фонетика.

II бөлім: лексика.

III бөлім: морфология.

IV бөлім : синтаксис.

V бөлім : пунктуация.

2. Әр салаға байланысты тақырып бойынша түсіндіру жұмыстары.

3. Оқулық бойынша тапсырманың нақты орындалуы.

4. Әрбір сала бойынша тест сұрақтарын ұйымдастыру.

5. Тест сұрақтары арқылы оқушының қай тақырыпты дұрыс меңгере алмағандығын анықтау.

6. Мониторинг бойынша қорытынды шығарып отыру.

Фонетика.

Күрделі фонетикалық талдау(математикалық тәсіл):

1. Берілген сөз: мектеп;

2. Шешімі $0 = = ?$ $6 0 = ;$

3. $2\underline{\Pi} =$ тілдің қатысына қарай;

4. $2\underline{\Pi} =$ жақтың қатысына қарай;

5. $2\underline{\Pi} =$ еріннің қатысына қарай;

6. $4 \blacktriangle = .$

Тесттер мен жаттығулар орындалады. Соңында кателермен жұмыс өткізіледі, ережелер қайталанатын.

Оқушының әрбір жазған тест жұмыстарынан кейін сараптама жасалып, білім сапасы, үлгерім сапасы, орта балы есепке алынып отырады. Бұл жұмыстарға арналған әр оқушының арнайы дәптерлері бар.

Білімдері жоғары оқушылардың арнайы бағдарлама арқылы жұмыстары өткізіледі.

Өз тәжірибемде оқушылардың тест орындау жолдары:

1. Тақырыпты оқу, тапсыру.
 2. Тақырып бойынша тест жаттығу жұмыстарын орындау.
 3. Грамматиканы басқа тілдермен салыстыра білу.
 4. Әр қатеге талдау жасай білу.
- Көбінесе, қазақ тілі пәнінен ҰБТ-ға даярлауда болатын мынадай кедергілер кездеседі:

1. Сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын таба алмай жатады;
 2. Сұрақты дұрыс түсінбейді;
 3. Оқушылардың сөздік қорының аздығы. (синонимін, омонимін таба алмай жатады);
 4. Диалект сөз бен кәсіби сөзді шатастыру;
 5. Септеуліктерді және демеуліктерді ажырата алмайды.
 6. Қабысу, матасу, жанасу, қиысуды ажырата алмау;
1. Құрмалас сөйлем түрлерін шатастыру.
 2. Орфография мен орфоэпия нормаларын сақтамауы.

Қазақ тілі пәнін дарынды оқушылар таңдайды. Ол оқушы орфография мен орфоэпия заңдылығын терең меңгерген, сауатты, шешен тілді, қаламы қарымды, өртістік шеберлігі жоғары болу керек.

Осындай оқушыларды қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен тест сауаттылығына үйрету мақсатында төмендегідей жұмыстарды өз тәжірибемнен ұсынбақпын. Ұлттық бірыңғай тестілеуде биіктікке жету тәсілдері:

- 1) Пайдалануға тиіс оқулықтар, қосымша оқулықтар;
- 2) Жаңа оқулықтағы жаңалық, өзгеріс, оны бұрынғымен салыстыра оқыту. (1-сыныптан қалыптасып қалған дағдылы ережені еске түсіріп, оның жаңа заңдылықтарын түсіндіру);

3) Фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік, пунктуациялық талдаулар жасау;

4) Өз ойын поэзия, проза, тіпті, сахна тілінде жетік білуге ұштау, дайындау.

ҰБТ-ға даярлауда мұғалімнің орыны ең басты назарда тұруы қажет. Әр мұғалім әрдайым жаңалықты бастаушы ретінде әрекет жасауы тиіс. Оқытудың әр түрлі технологиясы жасалып, мектеп өміріне енгізілгені бәрімізге белгілі. Сондықтан да мұғалімнің өзі – жаңа технологиямен үздіксіз жұмыс жасайтын, жеке тұлғаны қалыптастыруда орыны ерекше адам.

Тест алынып болғаннан кейін қатемен жұмыс бірден жүргізіледі, ортақ талдаулар, түзету жұмыстары атқарылады.

Қорыта келгенде, ұстаздар қауымының алдында тұрған ең үлкен жауапкершілік – мемлекетті, ғылымды, өнеркәсіпті, өндірісті нағыз басқаратын жастар қазір біздің алдымызда екенін, соларға өз дәрежесінде білім беру, тәлім-тәрбие беру, біліктілігін арттыру, санасын тәрбиелеу, болашаққа жол салу біздің қолымызда тұрғанын сезіну үшін тек ерінбей еңбек ету, іздену, шығармашылықпен жұмыс жасау деп түсінемін. Мен өзім еңбек еткен тәжірибеде біршама жемісті еңбектерім бар деп ұғынамын. Оның айғағы – ҰБТ кезінде оқушыларымның білім сапасы мен үлгерімі – 100%, аудандық, облыстық, республикалық жеңімпаздары бар.

ҰБТ-ға дайындалу барысында:

- Оқушылардың білімін тереңдету, қайталау, пысықтау;
- Өз жетістіктерін өздеріне талдатып, өзіндік бағалау әрекеттерін ұйымдастыру;

- Сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- Шығармашылығын, ізденісін арттыру;
- Тақырып бойынша тестпен жұмыс жүргізу әрекетін жетілдіру;
- Психологиялық дайындық.

Ұлттық Бірыңғай Тестке даярлық бағдарламасы.

1. Фонетика.

| Қ/с | Өтілетін тақырыптар | Сабақ түрі | с/с |
|-----|----------------------------------|-----------------|-----|
| 1 | Тіл дыбыстары. Қазақ әліпбиі. | лекция | 1 |
| 2 | Дауысты дыбыстардың түрлері. | интеграция | 2 |
| 3 | Дауыссыз дыбыстардың түрлері. | семинар | 2 |
| 4 | Буынның түрлері. | білімді тексеру | 2 |
| 5 | Тасымал. | лекция | 1 |
| 6 | Үндестік заңы. | ізденіс | 2 |
| 7 | Орфография мен орфоэпия. | семинар | 2 |
| 8 | Екпіннің түрлері. | лекция | |

2. Лексика.

| | | | |
|----|-------------------------------------|-----------------|---|
| 1 | Сөз бен мағына. | семинар | 1 |
| 2 | Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. | сайыс | 2 |
| 3 | Көп мағыналы сөздер. | пікірталас | 2 |
| 4 | Омонимдер. | саяхат | 2 |
| 5 | Синонимдер. | семинар | 2 |
| 6 | Антонимдер. | білімді тексеру | 1 |
| 7 | Эвфемизм. | лекция | 1 |
| 8 | Тұрақты тіркестер. | дебат | 2 |
| 9 | Мақал-мәтелдер. | пікірсайыс | 1 |
| 10 | Көнерген сөздер. | лекция | 1 |
| 11 | Диалект сөздер. | лекция | 1 |
| 12 | Кәсіби сөздер. | семинар | 1 |

| | | | |
|----|----------------|--------|---|
| 13 | Термин сөздер. | лекция | 1 |
|----|----------------|--------|---|

3. Сөзжасам.

| | | | |
|---|---------------------------------|---------|---|
| 1 | Түбір мен қосымша. | сайыс | 2 |
| 2 | Дара сөздер мен күрделі сөздер. | саяхат | 1 |
| 3 | Біріккен сөздер. | ізденіс | 1 |
| 4 | Қос сөздер. | лекция | 1 |
| 5 | Тіркесті сөздер. | лекция | 1 |

4. Морфология.

| | | | |
|----|------------------------------------|-----------------|---|
| 1 | Зат есімдердің жасалу жолдары. | қорыту | 2 |
| 2 | Деректі және дерексіз зат есімдер. | ізденіс | 2 |
| 3 | Сын есімдер. | лекция | 1 |
| 4 | Сын есімдердің жасалу жолдары. | лекция | 1 |
| 5 | Сапалық және қатыстық сын есім. | жарыс | 1 |
| 6 | Сын есімнің шырайлары. | білімді тексеру | 2 |
| 7 | Сын есімдердің түрлері. | семинар | 2 |
| 8 | Есімдіктің түрлері. | ұжымдық | 2 |
| 9 | Етістіктің түрлері. | лекция | 2 |
| | Сабақты және салт етістік. | ізденіс | 2 |
| 10 | Етістің түрлері. | саяхат | 2 |
| 11 | Есімше. | лекция | 1 |
| 12 | Көсемше. | лекция | 1 |
| 13 | Тұйық етістік. | семинар | 1 |
| 14 | Үстеудің түрлері. | қорыту | 2 |
| 15 | Еліктеу сөздер. | дебат | 2 |
| 16 | Одағай. | қорыту | 1 |
| 17 | Көмекші есімдер. | семинар | 1 |
| 18 | Көмекші етістіктер. | лекция | 1 |
| 19 | Шылаудың түрлері. | саяхат | 2 |

5. Синтаксис.

| | | | |
|---|-----------------|--------|---|
| 1 | Күрделі сөздер. | лекция | 1 |
|---|-----------------|--------|---|

| | | | |
|----|--|-----------------|---|
| 2 | Тұрақты тіркестер. | семинар | 1 |
| 3 | Сөздердің байланысу тәсілдері. | ізденіс | 1 |
| 4 | Сөздердің байланысу түрлері. | лекция | 1 |
| 5 | Сөз тіркесі білдіретін синтаксистік қатынастар. | ізденіс | 2 |
| 6 | Сөйлемнің түрлері. | семинар | 2 |
| 7 | Сөйлем мүшелері. | сайыс | 2 |
| 8 | Бастауыш. | саяхат | 2 |
| 9 | Баяндауыш. | лекция | 2 |
| 10 | Толықтауыш. | семинар | 2 |
| 11 | Анықтауыш. | ізденіс | 2 |
| 12 | Пысықтауыш. | қорытынды | 2 |
| 13 | Айқындауыш мүшелер. | білімді бекіту | 2 |
| 14 | Бірыңғай мүшелер. | лекция | 1 |
| 15 | Оқшау сөздер. | лекция | 1 |
| 16 | Жай сөйлемнің түрлері. | семинар | 1 |
| 17 | Атаулы сөйлем. | лекция | 2 |
| 18 | Құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері. | лекция | 1 |
| 19 | Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. | ізденіс | 2 |
| 20 | Аралас құрмалас сөйлем. | ізденіс | 2 |
| 21 | Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері. | білімді тексеру | 2 |
| 22 | Төл сөз бен төлеу сөз. | лекция | 1 |
| 23 | Төл сөз бен автор сөз. | лекция | 1 |

6. Пунктуация.

| | | | |
|---|--|--------|---|
| 1 | Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері. | лекция | 1 |
| 2 | Сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілері. | лекция | 1 |

7. Стилистика.

| | | | |
|---|--------------------------|---------------|---|
| 1 | Ауызекі сөйлеу стилі. | семинар | 1 |
| 2 | Көркем әдебиет стилі. | ізденіс | 1 |
| 3 | Публицистикалық стиль. | шығарма-шылық | 1 |
| 4 | Ресми іс-қағаздар стилі. | ізденіс | 1 |
| 5 | Ғылыми стиль. | ізденіс | 1 |

Жұмакүл ЕЛШІБАЕВА,
«Көктал» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Балқаш ауданы,
«Көктал» ауылы.

ШЕШЕНДІК ДАУ

Мақсаты: шешендік дау туралы түсінік беру, олардың түрлерімен таныстыру, бір-бірінен айырмашылығын көрсету.

Дамытушылық: оқушылардың сөздік қорын байыту, сөйлеу мәдениетін дамыту, өз көзқарастарын білдіруге жетелеу.

Тәрбиелік: оқушылардың ұжымдық іскерліктерін арттыру, олардың бойында адамгершілік құндылықтарды жетілдіру.

Сабақтың типі: жаңа білімді меңгеру.

Көрнекілік: тірек-сызбалар, дәйексөз.

Әдіс: интерактивті тақта, тірек-сызба, талдау, түсіндіру, жинақтау.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих.

Барысы: Ұйымдастыру жұмысы. Оқушыларды түгелдеу. Олардың назарын сабаққа аудару. Ұйымдастырмасын тексеру. Оқушылардың таным қабілеттерін байқау үшін мынандай сұрақтар қойылады:


1. Қазақ шешендік өнері қай ғасырдан бастап дамыды?

2. «Жеті жарғы» қай ғасырда жазылған?

3. Бөлітірік шешеннің даналығын оқып, нені аңғардың?

4. XX ғасырда шешендік сөзді ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдар.

Тірек-сызба бойынша жұмыс



Осы сызба бойынша әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беру.

Жаңа сабақ: Шешендік дау

Халықтық әдет-ғұрыпқа сүйеніп, әлінше әділ төрелік беретін ойға ұста, тілге шешен адамдарды ел «би» деп атаған. Жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы деп шешендік дауды Б.Адамбаев беске бөлген. Шешендік даулар екі кісі арасындағы мал-мүлік үшін дау-шардан бастап екі ел арасындағы мемлекеттік бітім сөздерге

дейін қамтиды. Дау сөзге түсушілер халық шешендері мен шешен билер болған.

Жұптық жұмыс.

1. Жұп

Жер дауы → Қазыбек пен Қоңтажы

2. Жұп


Жесір дауы → Байдалы мен Төле
Бейбіт елде сән болар

3. Жұп

Мал дауы → Қазыбектің ат дауын шешуі
Досбол мен Көкшолақ

Сабақты бекіту:

Интерактивті тақтадан көрсетіледі



Сабақты қорытындылау.

| Шешендік | Жер дауы | Жесір дауы | Мал дауы | Ар дауы |
|--|----------|------------|----------|---------|
| Досбол мен Көкшолақ Төрт тентек Қасқакөл дауы Тұяққа тұяқ Қазыбектің Мәлсеге айтқаны | | | | |

Үйге: Шешендік дау.



Мая НҰРЖАНҚЫЗЫ,
Атырау облысының
Құрманғазы ауданындағы
Нұржау қазақ орта мектебінің
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға жалаң және жайылма сөйлемдер туралы түсінік беру, жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыра білуге үйрету, сөйлемдегі сөздерді сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы талдай білуге машықтандыру; **дамытушылық** – жай сөйлем туралы түсініктерін одан

әрі дамыту, оқушылардың ой- өрісін, тіл байлығын кеңейту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұқыптылыққа, таза, сауатты жазуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, жаттығу жұмыстары, тест. **Көрнекілігі:** электронды оқулық, слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«**Миға шабуыл**» стратегиясы бойынша оқушыларға өткен сабақты еске түсіріп, қайталау негізінде сұрақтар қойылады:

1. Синтаксис қандай сала, нені зерттейді?

2. Сөйлем дегеніміз не?

3. Сөйлем айтылу сазы мен мазмұнына қарай қалай бөлінеді?

4. Сөйлем құрамы мен құрылысына қарай нешеге бөлінеді?

5. Жай сөйлем құрамына қарай қалай бөлінеді?

6. Жақты, жақсыз сөйлем дегеніміз қандай сөйлемдер? Мысал келтіріңіз.

«Кім жылдам?» ойыны.

Оқушылар берілген сөйлемдерді оқи отырып, жай сөйлемнің жақты не жақсыз сөйлем екенін ажыратады.

Жақты ма, жақсыз ба?

1. Мәскеуге барып келді.

2. Етікшіден құлаш қаш.

3. Бізге өнер-білім керек.

4. Ертең серуенге шығамыз.

5. Оның айтқанын түсініп болмайды.

6. Егер ісім өнсін десең, ретін тап.
7. Менің қарап отырғым келмейді.
8. Оның іші пысты.

Жаңа сабақ.

Жаңа сабақты түсіндірмес бұрын оқушыларға жалаң, жайылма деген сөзді қалай түсінетіндіктерін білу мақсатында топтастыру стратегиясын қолданамын.



Жаңа сабақты электрондық оқулықты пайдалану арқылы түсіндіру.

| Жалаң сөйлем | Жайылма сөйлем |
|---|--|
| Тек тұрлаулы мүшеден (бастауыш пен баяндауыш) тұратын сөйлем. | Тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) қатысқан сөйлем. |
| Мысалы: Мақта егілді. Қар жауып тұр. | Мысалы: Ұн экспортқа шығарылды. Қар жапалақтап жауып тұр. Ақ ұлпа қар жауып тұр. |

Жаңа сабақты бекіту мақсатында оқушылармен жұмыстар жүргізу.

Электронды оқулықпен жұмыс.

1-тапсырма. Жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдырыңыз.

1. Қазақстан көптеген мөлшерде астық, ет, жүн және басқа өнімдерді экспортқа шығарады.
2. Қазақстанда ірі кәсіпорындар жұмыс істейді.
3. Әлемдік тәжірибе қолданылады.
4. Мақта өңдейтін кәсіпорындар шоғырланған.
5. Қазақстанда аса ірі металлургия компаниялары жұмыс істейді.
6. Қазақстанның оңтүстік аймағында мақта егіледі.
7. Қазақстанда қой шаруашылығы бұрыннан дамыған.
8. Республикада энергетика өнімдері мол.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.

1. Қазақстан жағдайында маңызы аса зор.
2. Олар мұнайын халықаралық саудаға шығарады.
3. Көлік – өндірісті дамытудың ... құралы.
4. Ақтау теңіз айлағында ... тасымалдайтын танкерлер қызмет етеді.
5. Олар Қазақстан мұнайын ... саудаға шығарады.
6. Мақтадан жасайды.
7. Қазақстан – мұнай мен газ қоры жағынан ... мемлекеттердің бірі.
8. Егін мен мал шаруашылығы үшін Республиканың кең байтақ даласы аса қолайлы.

Керекті сөздер: Қазақстан, қуатты, мұнай, бай, халықаралық, тоқыма бұйымдар.

Оқулықпен жұмыс.

78-жаттығу. (Ауызша)

Жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдырыңыз.

79-жаттығу. (Жазбаша)

Жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемге айналдырыңыз.

Топтық жұмыс.

Ақыл бізді білімге жетелейді.

Құтып.

Берілген сөйлемге сатылай кешенді талдау жасаңыз.

I топ

Сөйлем.

Айтылу сазы мен мазмұнына қарай:

Лепті, сұраулы, хабарлы, бұйрықты.

Құрылысына қарай:

1. Жай сөйлем. 2. Құрмалас сөйлем.

Сөйлем мүшелері:

а) Бастауыш; ә) Баяндауыш; б) Пысықтауыш;

в) Толықтауыш; е) Анықтауыш.

Жай сөйлемнің түрлері:

- а) Жақты, жақсыз; ә) Жалаң, жайылма;
б) Толымды, толымсыз; в) Атаулы.

Сөздердің байланысу түрлері:

- а) қиысу; ә) меңгеру; б) матасу;
в) қабысу; г) жанасу.

Сөздердің байланысу тәсілдері:

- а) интонация; ә) жалғаулар;
б) септеулік шылаулар; в) орын тәртібі.

Сөз тіркестері:

- а) еркін тіркес (есімді, етістікті)
ә) тұрақты тіркес.

Ақыл бізді білімге жетелейді.

Айтылу сазы мен мазмұнына қарай: хабарлы сөйлем.

Құрылысына қарай: жай сөйлем. Себебі бірнеше сөзден құралып келіп, тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.

Жай сөйлемнің түрлерін анықтау үшін сөйлемдегі сөздерді алдымен сөйлем мүшесіне қарай талдаймыз.

Сөйлем мүшелері: Не істейді?- жетелейді-дара, етістікті, (-ді) жіктік тұлғалы баяндауыш.

Жетелейтін не?- ақыл-дара, зат есім, атау тұлғалы – бастауыш.

Ақыл неге жетелейді?-білімге-дара, зат есімді, (-ге) барыс септік тұлғалы - жанама толықтауыш.

Ақыл білімге кімді жетелейді?-бізді-дара, жіктеу есімдікті, (-ді) табыс септік тұлғалы – тура толықтауыш.

Жай сөйлемнің түрлеріне қарай:

- а) Жақты. Себебі бастауышы бар және айқын.
ә) Жайылма. Себебі сөйлемде тұрлаулы мен тұрлаусыз мүшелер де бар.

б) Толымды. Себебі ойға қатысты сөйлем мүшелері толық.

Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері:

А) Ақыл жетелейді – қиысу. Тәсілі – жалғаулықты.

Ә) Бізді жетелейді, білімге жетелейді – Меңгеру.

Тәсілі – жалғаулықты.

II топ.

Сөз.

Құрамына қарай:

Тұлғасына қарай:

а) Негізгі түбір ә) Туынды түбір.

Құрылысына қарай:

а) Дара; ә) Күрделі.

Лексикалық мағынасы:

Грамматикалық мағынасы:

а) Жалпы грамматикалық мағына;

ә) Категориялық-грамматикалық мағына;

б) Қатыстық-грамматикалық мағына.

Сұрағы.

Мағынасына қарай:

а) Жалпы, жалқы; ә) Деректі, дерексіз;

б) Жанды, жансыз; в) Нақты, нақсыз.

Ақыл.

Бұл сөз бір құрамнан тұр: ақыл.

Тұлғасына қарай – ақыл – негізгі түбір.

Құрылысына қарай: Ақыл – дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.

Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.

Лексикалық мағынасы - жалпы ұғымға берілген атау.

Грамматикалық мағынасы:

Бірінші грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – зат есім.

Екінші грамматикалық мағынасы – атау септігінің нөлдік тұлғасы арқылы берілген категориялық мағына – атауыштық мағына.

Сұрағы - Ақыл – не? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – зат есім. Сөйлемде бастауыш қызметін атқарып тұр.

Мағынасына қарай:

а) Жалпы есім. Себебі біркелкі ұғымның жалпылай аталуы.

ә) Дерексіз. Себебі көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болмайтын дерексіз ұғым.

б) Жансыз. Себебі тіршілік иесі емес.

в) Нақты емес. Себебі дерексіз болған нәрсе нақты болмайды.

III топ.

Сөз.

Айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай: жуан, жіңішке, аралас буынды сөздер.

2. Буын:

а) ашық; ә) тұйық; б) бітеу.

3. Тасымал.

4. Екпін.

5. Буын үндестігі.

6. Дыбыс үндестігі.

а) ілгерінді ықпал;

ә) кейінді ықпал;

б) тоғыспалы ықпал.

Сабақты қорытындылау, бағалау.

Дәметкен КАКИМОВА,
№7 Е.Халықов атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Атырау облысы,
Жылыой ауданы,
Құлсары қаласы.

СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – сөз мәдениеті және әлеуметтік қарым-қатынастағы сөз әдебиеті туралы білімін нақтылап, амандасу әдептілігі туралы түсінік беру; **дамытушылық** – ұлттық үрдіс және сөз мәдениеті, тілдік қарым-қатынастағы сөз әдебиеті, сәлемдесу сөздерінің мағыналық сипаты туралы ой-өрістерін, өзіндік көзқарастары мен пікір алмасуларын дамыту; **тәрбиелік** – сөз мәдениетіне, сөз әдебіне, үлкендерге, достарына, өзге ұлттарға деген құрмет сезімге тәрбиелеу.

Түрі: машықтандыру (семинар) сабағы. **Әдісі:** түсіндіру, диалогтық сұхбат технологиясы, топтық жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, кесте, интернет материалдары. **Пайдаланылған әдебиет:** А.А.Қасымбеков, Р.М.Дүйсебаева «Әдістемелік нұсқау», Ж.Нығмет «Қазақ тілі хрестоматиясы».

Сабақтың жүрісі:

I. Ұйымдастыру бөлімі: оқушылармен ерекше көңіл-күймен амандасу арқылы жағымды көңіл-күй

туғызу, сабаққа қатысты тексеріп, сабақ тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.

II. Үй тапсырмасын сұрау және бекіту:

(1-кесте) Зерттеушілік саты:

1. Әлеуметтік тұрмыстағы қарым-қатынас;
2. Ресми-іскерлік қарым-қатынас;
3. Тілдік қарым-қатынастың түрлері;
4. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі (кесте бойынша өз ойларын нақты мысалмен түсіндіру).

| Әлеуметтік-тұрмыстағы қарым-қатынас | Ресми-іскерлік қарым-қатынас |
|---|---|
| Бейресми (отбасы, көрші, ағайын-туыс, достар, көпшілік орта, қоғамдық көлік, т.б.) Әдеби тілдің ауызша түрі (хат-хабар алмасу барысында жазбаша қолданылады) | Ресми (мекеме, кәсіпорын, т.б.) ортада, ресми сипатта жүзеге асырылады. Әдеби тілдің ауызша, жазбаша түрі бірдей қолданылады. |

Тілдік қарым-қатынастың түрлері

| Ауызша тілдесу | Жазбаша тілдесу |
|--|--|
| Ерекшелігі: - құбылмалы дауыс ырғағы; - қосалқы қимыл (ым, ишара, дене қозғалысы, бет-әлпет өзгерісі); - тілдесушілер арасындағы байланыс, сөйлеу қарқыны; - көңіл-күй ырғағына сай кідіріс. | Ерекшелігі: - сөйлем құрылысына ерекше назар аудару; - сөздерді тыңдап, дұрыс қолдануды көздеу; - ойды асықпай, жоспарлап жеткізу; - тыныс белгілерін дұрыс қою арқылы жазылу барысындағы көңіл-күйді білдіру; |

Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебиетінің белгілері:

1. Қолданыс сипаты – бейресми;
2. Қолдану аясы – отбасы, көше, т.б. бейресми орта;
3. Мақсаты – тілдесу;
4. Еркіндік;
5. Нақты жүйеге түсіп, заңдастырылмаған;
6. Басты талап – «Сіз» деп сөйлеу.

III. Жаңа сабақ: – «Сәлем – сөздің анасы» дейді халқымыз. Амандасу – тұңғыш рет немесе күнделікті кездескенде таныс не бейтаныс адамдардың дәстүрлі сөзі, ишара немесе дене қимылы арқылы бір-біріне жақындық ниет, ілтипат білдіруі, жылы шырай танытуы.

Әдептілік – амандасудан басталады. Адам баласының рухани тарихында қолы жеткен зор игілігі – сәлемдесу. Оның шарапаты мен кереметі сонда: адамзат әдебінің қалыптасуына, адамдардың бір-біріне жылы мейір, кең пейіл көрсетуінде. Достықты, өзара жақындықты бейнелеуде аса зор маңызы бар. Сәлемдесу бағзы заманнан имандылық, кісіліктің белгісі ретінде қабылданған. Амандасудың мәні бетпе-бет ұшырасқан сәттегі үнсіздікті, «ыңғайсыздық» пен жатырқаушылықты жойып, өздерінің аман-есен кездесіп тұрғандарына шүкіршілік жасау, ниетінің тазалығын білдіру. Сәлем – арабтың тыныштық, бейбітшілік мағынасындағы «ассалам» сөзінің тілімізде фонетикалық өзгеріске түсіп қалыптасқан түрі. Орта Азиядағы туысқан түркі халықтары «ассалаумағалейкум» деген араб сөзімен амандасады. Мағынасы «Сізге тыныштық тілеймін». Оған жауап, яғни, сәлемді алу «Уағалейкумассалам» - «Сізге де

тыныштық тілеймін» дегенді білдіреді. Қазіргі кезде бұл нұсқа үлкендер арасында көбірек қолданылады. Ал, жастар арасында «Сәлем!», «Қалайсың?», т.б. сөздермен көрініс тапқан.



Халқымыз амандасудың мән-мағынасын өз ұрпағына айтып қана қоймай, мақал-мәтелдер мен ұлттық ойындармен де түсіндіріп отырған.

М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың Бөжейге сәлем беруі – Абайдың көргенділігі.

Қатты айқайлап сәлем беру жұрттың бәріне қаратылып айтылса, әдептілік болып саналмайды. Керісінше, құлағы естімейтін қарияға немесе көзі көрмейтін ғаріпке дауысты көтеріңкіреп сәлемдесу айып емес. Өздігінен жүре алмайтын адамға не төрде отырған үлкен кісіге барып амандасу керек. Үлкен адамға жасы кіші амандасуға міндетті. Ренжісіп жүрсе де сәлем беру – жасы кіші адамның парызы. Көріспегелі көп жыл болған замандас, ағайын-туыс, құрбы-құрдас құшақтасып амандасады. Халқымыздың ұлттық дәстүрінің ең жақсы амандасу түрі – келіндердің ата-ене, жасы үлкендерге сәлем етуі.

III. Бекіту.

Адам жанына күш-қуат беретін сәлемдесу сөзінің мағыналық сипаты мен стильдік реңкі жөніндегі тапсырманы талдаймыз (2-кесте):

1. Сәлем сөзінің мағынасы.
2. Көңіліңе көктем сыйлайтын сәлемдесу сәтіне мән бересің бе?

3. «Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені». Ойды өрбіт.

4. Біз қалай амандасамыз?

5. Әр елдің салты басқа

(өзге ұлттардың сәлемдесуі)

(Тапсырмалар бойынша хабарлама жасап, талдау).

IV. Бекіту жаттығуы.

| Қолданыс орны | Мән-мағынасы | Мысал |
|--|--|-------|
| Туыстық қарым-қатынас барысында. | 1. Жасы үлкендерге. 2. Әйел адамдарға. 3. Құрбы-құрдастарға. | |
| Ресми-іскерлік қарым-қатынас барысында. | 1. Мекеме, кәсіпорында. 2. Бейтаныс жандарға. | |
| Қалың көпшілікпен қарым-қатынас барысында. | 1. Алқалы топ. 2. Дастарқан басында отырған көпшілікке. | |

V. Қорытынды.

«Түсін мені» ойыны (әр ұлттардың амандасуын бейнелейді – ұлттарды атау)

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма: 1) «Атадан – ұлағат, анадан – ғибрат» – эссе жазу; 2) Амандасудың мән-мағынасынан түсінік берер ұлттық ойындар; 3) М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың оқудан қайтқандағы амандасу сәті – ұлттық тәрбие белгісі.



Гүлсім ҚЫРЫМҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының
Арал қаласындағы
№3 кітапхананың
меңгерушісі.

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ

*Кеш өтетін орын талапқа сай безендіріліп,
дәйекті сөздер ілінеді.*

Дәйекті сөз:

«Қасиетті казак жері – ата-бабаларымыздың даңқты тарихын атының тұяғымен жазып кеткен».

Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының мазмұны – азаттық үшін күреске сайып келеді.

Тарих – кім-кімнен де жоғары тұрған ұғым.

Н.Ә.Назарбаев.

Кеш бағдарламасы:

1. Қарақұм – киелі мекенім (Туған жер тарихына қысқаша тоқталу).
2. Тарихы аңыз болған киелі өлке (Тарихтан үзінді көрсету).
3. Тарихтан тағылым (Кітап көрмесіне библиографиялық шолу).

Кештің мақсаты: оқырмандарды туған жер тарихымен таныстыра отырып, Қарақұмдағы тарих құрылтайын қазақ халқының санасының көтерілуіне және Жоңғар шапқыншылығына қарсы жалпы қазақ бірлігінің нығаюына үлкен үлес қосқандығын жастардың бойына сіңіріп, патриоттық тәрбиеге баулу.

Жүргізуші: - 1950 жылдардың аяқ шенінде басталған еліміздегі колхоздарды совхоздарға айналдыру ісі жедел, қарқынды дами бастады. 1957 жылдың 11 ақпан күні Арал ауданындағы «Абай», «30 жылдық Қазақстан» колхоздары бірігіп, «Қарақұм» қой совхозы болып құрылды. Осы жылдардан бастап Қарақұмның бүкіл Қазақстанға танылған тарихы басталды. Совхоз орталығынан жем-шөп сақтайтын қойма, жанар-жағармай қоймасы, машина-трактор шеберханасы салынып мамандармен қамтамасыз етіле бастады. Совхозда 1957 жылы 21000 қой, мұнан аз мөлшерде түйе, жылқы, малдары болды. Арал аудандық әкімінің бастамасымен 2012 жылды «Қарақұм құрылтайы» жылы деп шешім шығарылды. Қазақтың кең байтақ даласына орыс, қытай, қалмақтар көз алартып, ұлы жүз бен орта жүзді басып алғаны тарихтан мәлім. Қазақ елінің бейбіт өмірі мен тәуелсіздігі үшін үш жүздің ішкі-сыртқы саяси қарым-қатынастарына ұйытқы болған – 1710-1711 жылдары Арал өңірінің Қарақұм аумағындағы «Құлжымыр-Қасқатөбе» жерінде өткен «Қарақұм құрылтайы». Қарақұм

құрылтайы – 1710 жылы үш жүз өкілдерінің Жоңғар басқыншылығына қарсы күрес ұйымдастыруы үшін құрылған жиын. Қаракұмдағы тарихи құрылтай қазақ халқының санасының көтерілуіне және Жоңғар шапқыншылығына қарсы жалпы қазақ бірлігінің нығаюына үлкен үлес қосты. XVIII ғасырдың басында қазақ халқының басына тағы бір қара бұлт үйірілді. Мықты әскери күші бар, соғыс құмар Жоңғар хандығы шығыстан қазақ жеріне дүркін-дүркін шабуыл жасап, ел берекесін алды. Халықтың қуат күші алауыздықта емес, болашақ биіктерге бастайтын біртұтастықта. Сол себептен де сыртқы жауға тойтарыс беру үшін 1710 жылы Қаракұмда бүкіл қазақ жұртының ел басшылары, үш жүздің үш данышпан ақылгөйі Әлібекұлы Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер бас қосты. Ол Арал теңізінің солтүстігіндегі Қаракұм алқабында өтті. Бұл бас қосуға ықпал жасаған Тәуке хан болды. Құрылтайда бас сардар болып сайланған Бөгенбай батыр қарт әкесі Ақша батырдың қолынан қазақ мемлекетінің саралатуын, сардарлық бағананы қабылдап, жалындап сөз сөйледі. «Біз жаудан кек алуымыз керек, жеңеміз немесе қолға қару ұстап шайқаста ақ өліммен өлеміз, қарттарымыздың, әйелдеріміздің, балаларымыздың зар-мұны мен көз жасын көріп тірі жүре алмаймыз» дейді. Ақырында шапқыншылармен қасық қанымыз қалғанша шайқасамыз деп шешім қабылдапты. Қазақтың атақты батыры Бөгенбай халықты қалмаққа қарсы шығуға көндірді. Әбілхайыр хан бастаған Аңырақай шайқасы – ұрпақтан-ұрпаққа мирас.

Іргемізден тиген Жоңғарларға қарсы найза ұстап қылыш қайраған бабаларымыз азаттық үшін күрестің үлгісін көрсеткен. Бұл тарихта болғанмен ирек-ирек кұмдармен ерекшеленетін Қарақұм қойнауындағы айтулы құрылтай жайлы бүгінгі жұрттың бірі білсе, бірі біле бермейтіні – ақиқат.

Тарихы аңыз болған киелі өлке (*тарихтан үзінді көрсету*).

Жүргізуші:

- Сүйенсек тарихтағы тағылымға,
Өнеге болардай-ақ сан ұлына.
Осыдан тура үш жүз жыл бұрынғы
Тарихқа болады екен қанығуға.
Тәуке хан ұлы жиын өткізіпті,
Құлжымыр, Қасқатөбе бауырында.
Қарақұм құрылтайы деген атпен,

Қазақтың қалған екен танымында,- демекші,
кезекті шағын қойылымға назар аударалық (Тәуке хан тақ алдында ойланып жүреді).

«Жау жағадан алып тұр. Халқым болса әре-сәре күй кешуде. Қайткенде де бұл қиындықты жеңіп шығуым керек. Не амал бар?» деп уәзір шақырады.

Тәуке хан: - Уәзір.

(Уәзір Тәуке ханның алдына келіп тағзым етеді.)

Уәзір: - Иә, хан ием, құлағым сізде.

Тәуке хан: - Үш жүзге хабар айт, Құрылтай өткіземіз, үш жүздің барлық белді билері мен білекті де жүректі батырлары кіші жүздегі Қарақұм жеріне – Құлжымыр-Қасқатөбеге жиналсын!

Үзiр: - Әмiрiңiзге кұлдық, хан ием,- деп шығып кетедi.

Тәуке хан: - Жоңғарлар күн санап елiмiздi, жерiмiздi жаулап алып келедi. Ерiмiздi кұлға, әйелiмiздi күңге айналдырып, абыройымызды айрандай төгуде. Оларға керегi жерiмiз бен жанымыз емес, қазынамыз бен малымыз.

Бiрiншi би: - Әне-мiне дегенше жоңғарлар осы жерге де келiп жетер. Қанымызды төкпей, халқымызды сақтап қалудың бiр-ақ жолы бар, сол жауға шығынсыз берiлейiк, бодандыққа өтейiк.

Екiншi би: - Жоқ, өлiспей берiлмеймiз, атам қазақ «малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген.

Үшiншi би: - Осы жаудың аяқ алысын байқап, аңысын аңдып көрсек қайтедi,

Осы кезде ашуға булыққан **Бөгенбай батыр:** - Не деп оттап отырсындар? Қазақ ұлдарын кұл қылмаған, қыздарын күң қылмаған халық. Жау жағадан алғанда ит етектен тартадының керi ғой бұл, бiр сәтке де тоқтайтын уақыт жоқ, жауға қарсы шабамыз деп Тәуке ханға қарайды.

Тәуке хан: - Ал, үш жүздiң ұлы билерi бұған не дейсiңдер?

Әйтеке би: - Елiмiздiң тәуелсiздiгi үшiн, келер болашағымыз үшiн, бүкiл үш жүздiң ханы Әбiлқайыр болсын, үш жүздiң қолбасшысы Бөгенбай батыр болсын, Бөгенбай батырға ерем деушiлер атына мiнсiн. Ит жоңғарлар жазалансын. Пәтуаға баталасайық.

Қазыбек:

- Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт берекең – атаң қымбат,
Туып өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат.
Баста қолды, Бөгенбай батыр.

Төле би:

- Уа,ағайын шабар жерің бар,
Ту көтерер елің бар.
Қол боларлық елің бар,
Атадан қалған жолың бар,
Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Арылмайтын сорың бар.
Еркек болып тудыңдар,
Мына елді қорғандар.

Жүргізуші:

- Осылай қазақ қолы жауға аттанды,
Сөзімен Бөгенбайдың аруақтанды.
Жоңғарды жер бетінен аластады,
Қырғынға ұшыратып қалмақтарды.
Тектен-тек тәуелсіздік орнады ма?
Қазақты мәшһүр еткен бар ғаламға,
Бүгініміз осылай болар ма еді
Қаракұм құрылтайы болмағанда?!
Осындай ерлік салтын ұмытпайық,
Енді ешқашан нәубетке жолықпайық.
Елім, жерім деп жүріп қайран болған
Бабалардың ерлігін ұмытпайық.

Биылғы жыл аудан үшін үлкен тарихи жыл. Үш жүздің басын қосып еліміздің тәуелсіздігі үшін осы күнді ата-бабаларымыз арман етті. Еліміз тәуелсіздігін алып егеменді ел болды. Бұрынғы ата-бабаларымыз аңсаған тарихымыздың көлемі кеңейіп, арғы-бергі тарихымызды жетік меңгере бастадық. Қазақ халқының сонау он сегізінші ғасырда жоңғар шапқыншылығына ұшырап, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталған заманның алдыңғы кұрылтайын тарих қазақтың «Қарақұм кұрылтайы» деп келді. Міне, осындай тарихымызды қастерлеу – ұрпақтар міндеті.

Кешке лайықталып дайындалған «Тарихтан тағылым» тақырыбындағы кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалынады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама». 1710 жыл. «Қарақұм кұрылтайы туралы Алаштың ардағы. Астана, «Руханият», 2010, 37-б.
2. Жерімізді жоңғарлардан тазартқан батырлар. 1710 жыл. «Қарақұм кұрылтайы туралы \ \ С.Сабырұлы. Қазақстан тарихы \ А., «Білім», 2006. 65-67-б.
3. М.Мағауин. «Қазақ тарихының әліппесі». Деректі толғам. А., «Мектеп».



Айгүл ЖАМАЛИЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Есіл ауданындағы
Покровка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«БІЛГІРЛЕР» САЙЫСЫ

(3-4-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды қазақ тілінде ауызекі тілде еркін сөйлеуге үйрету; қазақша байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; сұрақтарға тез, дұрыс жауап беруді меңгерту, сөзжұмбақтарды шешу арқылы оқушылардың білімдерін шыңдап, ой-өрісін кеңейту; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, ауызша, жазбаша сөздік қорларын дамыту; монологты сөйлеу шеберліктерін жетілдіру; **тәрбиелік** – оқушылардың мемлекеттік тілге деген құштарлығын арттыру; отаншылыққа, мемлекеттік тілге деген құрметке, көптілді маман болуға тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдісі:** жеке, сұрақ-жауап, сөз құрау, жұмбақ шешу, тақырыптық әңгіме құру – көркем сөз, мақал толықтыру, сауатты жазу, тест сұрақтарына жауап беру. **Көрнекілігі:** тапсырмалар жазылған қиықшалар, таблица, сабақтың эпиграфы жазылған тақтада, сөзжұмбақтар, тестік тапсырмалар, 1-ден 10-ға дейінгі сандар.

Сабақтың эпиграфы:

*Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.
Қандай елде жүрсең де бұл, дұрысы –
Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.*

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

I. Сәлемдесу.

II. Жаңа сабақ.

- Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының өз Елтаңбасы, Әнұраны, Туы, төл теңгесі бар. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституциясында белгіленген мемлекеттік тілі бар. Ол, әрине, қазақ тілі. Қазақстан Республикасының әр азаматының парызы – мемлекеттік тілді білу, оны құрметтеу.

Бүгінгі біздің сабағымыздың мақсаты – осы мемлекеттік тіл – қазақ тілінің білгірін анықтау. Сабағымыз сайыс түрінде өтеді. «Сайыс» сөзіне синоним тапсақ, «Жарыс», «Турнир» деген мағына береді. Сайысқа 3-4-сыныптың барлық оқушылары қатысады.

Сайыс мынадай кезеңдерден тұрады:

1. «Бәйге». Сұрақтарға жауап бер – 5 ұпай.
2. «Шешуін тап». Алфавиттік жұмбақ шешу – 10 ұпай.
3. Полиглот – $10 * 3 = 30$ ұпай.
4. Сөз құру – 10 ұпай.
5. Тақырыптық әңгіме құру – 10 ұпай.
6. Тестілеу – «Қай септік?» - 5 ұпай.
7. Сөзжұмбақ шешу. «Қай қала?» - 10 ұпай.
8. Мақалды аяқта – $5 * 3 = 15$ ұпай.
9. «Жорға» - әр дұрыс жауапқа – 5 ұпай.

III. Сайыстың жүруі.

1-кезең: «Бәйге».

Сайыскерлердің қолында – 1-ден 10-ға дейінгі сандар. Бұл сандар тізім бойынша беріледі. Қай сайыскер сан жазылған кәртiшкесiн бұрын көтерсе, сол жауап береді. жауабы дұрыс болмаса, 2-ші, 3-ші сайыскерлер жауап бере алады. Ең аз ұпай жинаған сайыскер ойыннан шығады. Дұрыс жауап үшін 5 ұпай беріледі.

1. Қазақ тілінде неше буын түрі бар? (3)
2. Дауысты дыбыстар қандай болады? (жуан, жіңішке)
3. Көптік жалғауларды ата (-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер)
4. Күз айларын ата (қыркүйек, қазан, қараша)
5. Күзде не піседі? (көкөніс, жеміс, жидек)
6. Қазақ тілінде неше септік бар? (7)
7. Бір сағатта неше минут бар? (60)
8. Бір аптада неше күн бар? (7)
9. Бір айда қанша апта бар? (4)
10. Бір жылда неше күн бар? (365)

2-кезең: «Шешуін тап».

Қазақ тіліне төл дыбыстарды еске түсіру мақсатында алфавиттік жұмбақ ұсынылады. Дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі.

1. Тұзда бар, суда жоқ,
Мұзда бар, буда жоқ. (Ү)
2. Үйде бар, шиіде жоқ,
Күйде бар, биіде жоқ. (Ү)
3. Дәнде бар, елде жоқ,
Сәнде бар, селде жоқ. (Ә)
4. Бірде бар, үште жоқ,
Екіде бар, бесте жоқ. (І)
5. Гауһарда бар, Гүлнарда жоқ,
Жауһарда бар, Сәуледе жоқ. (Һ)

6. Қарғада бар, сауысқанда жоқ,

Тоғайда бар, аққуда жоқ. (Ғ)

7. Қазда бар, үйректе жоқ,

Құрда бар, шілде жоқ. (Қ)

8. Шөлде бар, далада жоқ,

Көлде бар, теңізде жоқ. (Ө)

3-кезең: «Полиглот».

Жұмбақ ұсынылады. Ең бай адам – көп тілді еркін меңгерген адам. Ал, көп тілді еркін сөйлейтін адамды – ғылым тілімен «полиглот» дейміз. Елбасының талабы бойынша, біздің мемлекетімізге көп тілді білетін мамандар керек. Сендердің араларыңда полиглоттар бар деп ойлаймыз. Оны тексеру үшін сендерге жұмбақ жасырамын, сендер жауабын табасыңдар. Оны қазақ, орыс тілдеріне аударыңдар.

1. Темір тілді,

Күміс үнді. (қоңырау – звонок)

2. Қыста келген,

Көктемде еріген. (қар – снег)

3. Суға батпайды,

Отқа жанбайды. (мұз – лед)

4. Оқушыға күнде еріп жүретін не?

(күнделік – дневник).

4-кезең: «Сөз құру».

«Қарлығаш» сөзінен сөз құрулары қажет, ең аз сөз құраған команда аз ұпай алады. Ойын 10 ұпаймен есептеледі.

5-кезең: «Әңгіме құру».

Өздері таңдап алған тақырыптар бойынша 5-6 сөйлемнен тақырыптық әңгіме құрайды. Ұсынылған тақырыптар:

1. Менің отбасым.

4. Менің күн тәртібім.

2. Менің досым.

5. Менің ауылым.

3. Менің мектебім. 6. Күзде.

6-кезең: «Қай септік?»

Ойыншылар берілген тестілердегі сөз тіркестерінен септікті тіркесті табады. Дұрыс жауапқа берілетін ұпай саны – 5 ұпай.

1. Барыс септікті сөз тіркесін тап:

- а) қаладан келді; ә) қаланың адамы;
б) қалаға барды; в) қалада тұрады.

2. Жатыс септікті сөз тіркесін тап:

- а) мектепке келді; ә) мектептен қайтты;
б) мектепті бітірді; в) мектепте оқиды.

3. Табыс септікті сөз тіркесін тап:

- а) ауылдың малы; ә) ауылға бардым;
б) ауылдан келдім; в) ауылды жақсы көремін.

4. Шығыс септікті сөз тіркесін тап:

- а) оқушымен келді; ә) оқушыдан сұрады;
б) оқушыны көрді; в) оқушыға қарады.

5. Көмектес септікті сөз тіркесін тап:


- а) қаламды алдым; ә) қаламның сиясы;
б) қаламмен жаздым; в) көп қалам.

7-кезең: «Қай қала?»

Сайыскерлер сөзжұмбақ шешеді. Сөзжұмбақта Қазақстан қалалары жасырылған. Сөзжұмбақ шешу барысында оқушылардың сөздік қорларының деңгейі сараланады. Тапсырма бойынша сөздердің антонимдерін немесе аудармасын табу қажет.


1. Сөздердің антонимдерін табыңыз:

- а) жаңа;
ә) бүгін;
б) жақсы;
в) тар;
г) кедей.




2. Сөздердің антонимдерін табыңыз:

- а) аз;
- ә) биік;
- б) кішкентай;
- в) ерте;
- г) үстімен;
- д) көріксіз;
- е) қысқа.




3. Сөздерді орышадан қазақшаға аударыңыз:

- а) новый;
- ә) расписание;
- б) дедушка;
- в) хлеб;
- г) класс;
- д) сахар.



4. Сөздерді орышадан қазақшаға аударыңыз:

- а) время;
- ә) год;
- б) август;
- в) лето;
- г) неделя;
- д) зима.



8-кезең: «Мақалды аяқта».

Сайыскерлерге мақалдарды аяқтауға тапсырма беріледі. Әр мақал үшін 5 ұпай есептеледі.

1. Өмір – үлкен ... (мектеп)
2. Мектеп – кеме, білім – (теңіз)

3. Күлме досыңа, келер ... (басыңа)

4. ... бір күні, қыстың ... айын асырайды (күздің, бір)

5. Ұстаздан шәкірт ... (озар)

6. ... жолдастан таяғым артық (жаман)

7. Күш – білімде, білім - ... (кітапта)

8. Кітап - ..., тілсіз мұғалім (ғалым)

9-кезең: «Жорға».

Минут ішінде берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өзара жарысады. Әр сұрақ 5 ұпаймен бағаланады. Көп ұпай жинаған команда сайыс жеңімпазы болып саналады. Жеңімпаз «Қазақ тілінің білгірі» атты мақтау қағазымен марапатталады.

1. Республика күні – 25 қазан.

2. «Оқушы» сөзінің аудармасы – ученик.

3. Республика астанасы – Астана қаласы.

4. «Суффикс» сөзінің аудармасы – жұрнақ.

5. Аптаның бірінші күні – дүйсенбі.

6. Бала оқытатын адам – мұғалім.

7. Мемлекеттік рәміздер – ту, елтаңба, гимн.

8. Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсан.

9. «Мұғалім» сөзінің аудармасы – учитель.

10. «Корень» сөзінің аудармасы – түбір.

11. Аптаның соңғы күні – жексенбі.

12. Адамды кім емдейді? – Дәрігер.

IV. Қорытынды.



Гүлхан ӘКІМАНҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласындағы
№1 кәсіптік лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Сабақтың мақсаты: а) қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, өнерге, мәдениетке, өткен тарихқа, отаншылдыққа өз көзқарастарын дамыта отырып, отбасының алтын арқауы – негізі болуға үйрету; ә) мейірімділік пен қамқорлық, әдептілік, ізеттілік қасиетін қалыптастыру.

Ұлтымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру.

Түрі: пікір алысу сабағы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тәрбиеге байланысты нақыл сөздер, слайд-шоу.

Кең жайлау” күйі ойналады.

Басталуы:

Оқытушы: – Қымбатты ұстаздар, оқушылар!

Біз ата-ананы пір тұтқан, тегімізді атадан, тілімізді анадан таныған халықпыз. “Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас”, “Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе; ұл жарылқап ас бермес, әке үлгісін көрмесе”. Ұлттық салт-дәстүрімізді білу, оның астарын түсініп, атадан балаға мирас ету қазіргі таңда, әсіресе, қазақ қыздары үшін ауадай қажет.

«Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді.

Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек құлаққа құюмен, ақыл айтумен, не болмаса “қызды қырық үйден тыюмен” шектелмейді, мәселе қай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі-өнеге көрсету қажет. Ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен анасымен бойға сіңеді.

Слайд.

- Қатты күлмеу.
- Айқайлап сөйлемей.
- Үлкеннің жолын кеспеу.
- Ыдыс-аяқты салдырлатпау.
- Есікті теуіп ашпау.
- Босағаны кермеу.
- Ұсынған кесені төмен қарап беру.
- Үлкендерден жоғары отырмау.

– Осы тәрізді, қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, қимыл-қозғалысына, дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесіне аса зор көңіл қоюдың жауапкершілігін сездіреді. Кәне, жазушы Әзілхан Нұршайықовтың мына бір сөздерін оқып көрелік:

Слайд.

Қыздар!

Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған осынау бір елімізге адал перзент, асыл азамат боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!

Слайд.

- Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар!

- Сұлу болындар, сымбатты болындар! Сонымен бірге саналы болындар!

- Қыздар, ұйқышыл болмандар, ұмытшақ болмандар, ұрысқақ болмандар!

- Инабатты болындар, ілтипатты болындар, ұйымшыл болып өсіндер!

Ән: Қыздар. М.Базарбаев.

Оқытушы: - Ал, қазір жасыратын не бар, бұрын дәстүрімізде болмаған сүреңсіз жағдайлар бой көрсетуде. Соңғы кезде бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне қоғам кінәлі деген сөз жиі айтылады.

Ал, осы қоғам сіз бен бізден, ата-аналар мен ұстаздардан, тәрбиешілерден құралмай ма?

Бүгінгі заманда тәрбие үдерісіне тек ата-ана емес, радио мен теледидар, газет-жұрнал, кітаптар мен кинолар, дискотекалар жан-жақты әсер етуде. Бұл тәрбиенің жағымды жақтары да, жағымсыз жақтары да толып жатыр.

Ата-аналары күн ұзақ жұмыста, бала тәрбиесіне бөлінетін уақыт күннен-күнге азайып барады. Қазақ отбасында қыз баланы қалай тәрбиелеген екен, соған тоқталайық.

“Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,

Көрінер туған айдай жүзі жарқын.

Үлкеннің алдын кесіп сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі салтын”,-

дегендей, біздің халқымызда қыз деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады.

“Қыздың жиған жүгіндей”, “Қыздардың тіккен кестесіндей” деген сияқты теңеулер қыз баланың

ұқыптылығын, шеберлігін көрсетеді. “Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі” деген де мақал бар. Осының бәрі де қыз баланың сүйкімділігінен, жанының нәзіктігінен, әр іске талапты да алғырлығынан, өнер-білімге бейім тұратын сергектігінен шыққан сөздер болса керек. Халқымыз қыз баланы ардақтап ұстайды, оған қатты сөз айтпай мәпелеп өсіреді. Ал, енді өрбітетін пікірлесу сабағымызды жалғастырайық. Дайынсыңдар ма?

“Балқадидша” клипімен орындалады.

1-сұрақ: - ”Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар” демекші, бұрын ата-салтымызда жас қыздарды шалға, жасы өте үлкен кісілерге ұзататын болған. Осыған қалай қарайсыңдар?

2-сұрақ: - Қыз бала тәрбиесіндегі ананың орыны ерекше дегенге көзқарасың қандай?

3-сұрақ: - Қазір мектеп табалдырығындағы қыздарымыздың өзі тым еркінсіп кеткен сияқты. Сабақтан қайтып келе жатқан екі қыздың әңгімесіне құлақ түрсең: “Ой, қойшы, ол маған ұнамайды, ауылдан шыққаны көрініп тұр. Анау өзі жынды киініп алыпты, шақырып алып сабасына түсірейік, ұрып кетейік, кешке қыдыруға барайық” деген ыңғайсыз сөздерді естіп қаласың. Мектеп, көше және жүрген ортасының қыз балаға әсері қандай?

«Шаншардан» үзінді көрсету.

4-сұрақ: - Қазақта қыз баланың ең қасиетті жері – құрсағы дейді. Дегенмен, көптеген аруларымыз өздеріне сән етіп, кіндік тұсын ашып жүруді әдетке айналдырған. Қыздардың бесіктен белі шықпай жатып сән қуып, ашық-шашық жүргені дұрыс па?

5-сұрақ: - Бүгінгі қызғалдақ қыздарымыз – ертеңгі ибалы да инабатты келін, болашақ ана, адал жар, салиқалы әже болары табиғат жолынан белгілі. Дүниедегі мейірім, махаббат ана сүтінен дарып, әйел жүрегіне ұялаған дейді. Бірақ бүгінгідей ішімдік ішіп, езулерінен темекінің түтінін будақтатып, қаланың түнгі қонақтарына айналған аруларымызға қараған сәтте, бүкіл қазақ қыздарының болмысы осы ма деп ойлайсың.

Қыз-келіншектердің ішімдікке, нашакорлық, темекі шегу сияқты заттарға, жезөкшелікке әуестігі дұрыс па?

6-сұрақ: - Соңғы кезде қазақ қыздарының өзге ұлт өкілдеріне тұрмысқа шығуы қалыпты жағдайға айналған сыңайлы. Ұлты басқа адамдармен шаңырақ көтерген бойжеткендеріміздің мақсаты қандай?

а) материалдық; ә) ұлы махаббат сезімі.

Өлең оқылады, 1 шумақ (диктор)

7-сұрақ: - Ертеде ата-бабаларымыз әлемдегі сұлулықтың көркем үлгісін қыздың тал бойынан көруді көксеген. Қыр гүліне тән нәзіктік пен батылдық бір бойына жарасқан қазақтың қыздарына тәнті болған жазушыларымыз шығармаларына арқау етсе, ақындарымыз инабаттылығы мен нәзіктігін әнге қосып, өлең өрнектерімен көмкерген. Сонымен қатар, қазақ қыздарының бойындағы ерлігі, тапқырлығы, төзімділігі, қайраттылығы талай әндерге арқау болғаны жасырын емес.

Қыздарға, аналарға арнап жазылған көркем шығармалар мен әндерді атай аласыңдар ма?

Ән тыңдалады. “Мен қазақ қыздарына қайран қалам”. Ж.Айжанова.

8-сұрақ: - Асығып келе жатқанда жолыңда қарт кісі кездесті. Сенің әрекетің қандай?

Тақтадан 1 шумақ өлең оқылады (диктор).

9-сұрақ: - Жалпы қазақ қыздары қандай болуы керек? Олардың бойынан қандай қасиеттерді көргің келеді?

10-сұрақ: - Қандай жігітті өзіңе жар еткің келеді?

11-сұрақ: - Сәлем етуді қалай түсінесің, қай кезде сәлем етіледі, мүмкін болса көрсет.

12-сұрақ: - Үйіңе сыйлы қонақтар келді. Оларға ет асу керек, қандай мүшелерді саласың?

13-сұрақ: - Болашақ жарыңның туыстарына дәстүр бойынша ат қою керек. Қайнаға, қайны-қайын сіңліге қандай ат қояр едің?

14-сұрақ: - Соңғы кезде жанды ауыртып, көпшіліктің көкейінде жүрген тағы бір мәселе бар. Ол – сендердің дінге деген көзқарастарың. Қоғамның белді мүшесі ретінде дәстүрлі, дәстүрсіз ислам дініне деген қазақ қыздарының пікірін естігім келеді.

Оқытушы: - Міне, бүгін өзімізді толғандырып жүрген біраз сұрақтардың басын ашып алған сияқтымыз. Тарих беттерін парақтайтын болсақ, бұрынғы ғасырларда өмір сүрген ару қыздарымыз Қыз Жібек, Баян сұлу, Айша бибі мен текті аналарымыз Домалақ ана, қол бастаған Томирис есімдері еріксіз ойға оралады. Ұлы Отан соғысына қатысқан мыңдаған мұсылман қыздарының ішінен Әлия мен Мәншүктің “Шығыстың қос жұлдызы” ретінде мәңгі жарқырап қалуы тегіне тартқандықтың белгісі болса керек. Ендігі кезекте сергіту уақыты.

Оқытушы: - “Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі” демекші тақтадағы гүлдерді тамашалай отырып әсем ән тыңдайық.

Ән тыңдалады.

Оқытушы: - Енді тағы тақтаға назар аударайық.

Халық арасында бойжеткен қыз ажарына қарай алтыға бөлінген екен.

Слайд.

1. Әдемі қыз – баппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын қыз.
2. Көрікті қыз – істі үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, бірден көзге түсе қоймайтын қыз.
3. Әсем қыз – жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік қыз.
4. Ажарлы қыз – бітімі жинақы, сөзі салмақты, ісі тиянақты қыз.
5. Шырайлы қыз – көз жанары өткір, бет-әлпеті бал-бұл жанған, тәні шымыр қыз.
6. Ару қыз – бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы қыз.

Оқытушы: - Қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіруде осы тақырыптағы мақал-мәтелдердің маңызы зор. Тақтада көрсетілген мақал-мәтелдердің жалғасын табайық.

Слайд (мақал-мәтелдер):

1. Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі.
2. Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күңнен тыю.
3. Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда.
4. Қызым – үйде, қылығы – түзде.
5. Ұл өнерлі келсін, қыз мінезді келсін.
6. Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма?
7. Қызы бардың назы бар.
8. Шыққан қыз шиден тысқары.
9. Өзі болған қыз төркінін танымас.
10. Қымызды кім ішпес, қызды кім айттырмас.
11. Қыздың тамағы қылдай.
12. Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман әйел қайдан

шығады?

Оқытушы: - Қыздар, енді бүгінгі пікірлесу сабағымыздан қандай ғибрат, әсер алдық. Өз ой-пікірлеріңді тұжырымдай аласыңдар ма? Өлең түрінде де жеткізуге болады.

1-қыз: - Қазақ халқы “қыз” деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған.

2-қыз: - Біздің халқымыз қыз баланы ұлдан кем көрмеген. Олардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, еркелетіп, «өрісінді кеңейтеді» деп әлпештеп өсірген.

3-қыз: - Қыз – қызғалдақ көзін ашқан үлбіреп,

Қыздар – жауын, жерге жауған себелеп.

Қыздар – алма, дүйім көздер қызыққан,

Қыз – ақ кептер, серігінен сыр ұққан.

Қыз – ақ қайың, көктемдегі көгерген,

Қыз – меруерт, теріп алған тереңнен.

Қыздар – аққу, таңмен бірге таранған,

Қыздар – жеміс, бүкіл жерге таралған.

4-қыз: - Қыз – пәк махаббаттың иесі, оған дәлел кешегі өткен Қыз Жібек, Еңлік, Баян сұлу, тағы басқалардың сүйіктілеріне деген махаббаты.

5-қыз: - Бүгінгі бойжеткен қыз – ертеңгі адал жар, абзал ана, ақ жаулықты әже. Қыз баланың өмірдегі рөлі өте маңызды. Қызды тәрбиелеу арқылы ұлтымызды тәрбиелейміз.

6-қыз: - Қыз – адамның көркі де, жаны да.

Қыз – өмірдің жапырағы тағы да.

Қыз – көңілдің бүршігі ғой гүл атқан

Жігіттердің жүрегінің бағында.

Оқытушы: - Өте тамаша, әрине! Батырлық пен қайраттылықты, нәзіктік пен сұлулықты бойына

қатар жинап, биязылығымен, ақылдылығымен өзін бағалата білер қазақ қызының таза да тұнық болмысы – тектілігіміздің айнасы. Сондықтан да қыздарымыз қоғамдағы өз орнын біліп, ұлт дамуына атсалысып, көңілге қаяу түсірмей, жарқылдай жүріп көзіміздің айнасы, көңіліміздің қуанышы болса екен деп тілейміз.

Оқытушы: - Бұрын ана-әжелер қыздарына тұрмыстық мүліктерді даярлауға, жүн түту, жіп иіру, кесте тоқу, құрақ құрау, оюлап киіз басу, кілем тоқу, көрпе көктеу, т.б. өнерді олар бөгде босағаға бармай тұрып-ақ үйреткен. Дәмді етіп ас мәзірін әзірлеу де – басты талап болатын. Қыздарымызға осы бағытта үй тапсырмасы берілген болатын. Ендеше соны тамашалайық.

1. Әдепті, ұяң қалпымен,
Қонақты күткен салтымен
Біз – қазақтың қызымыз.
2. Қып-қызыл құрақ шай ішіп,
Кестесін тіккен майысып
Біз – қазақтың қызымыз.
3. Қозы-лақты көгендеп,
Асауды мінген жүгендеп,
Мен – қазақтың қызымын.
4. Жібектей мінез иілген,
Жарысып сәнді киінген
Біз – қазақтың қызымыз.
5. Өнерде озып жүлде алған,
Әсем сұлу жыр жазған
Біз – қазақтың қызымыз
6. Қиынға жетсе баратын,
Ел үшін құрбан болатын
Біз – қазақтың қызымыз.

7. Жанары – жалын, жүзі – гүл,
Жүрегі – толған мейір нұр,
Біз – қазақтың қызымыз.

Оқытушы:

- Көтеріліп ұшқанда ой кептері,
Жігіттердің жүрегін сөйлеткелі
Ару қыздар құлпырып шығады-ау бір
Қызыл-жасыл сусылдап көйлектері.

Жүзік, сырға, білезік – өрісті өнер
Сұлуларға келісер, келіссе егер.
Көктем гүлі төгілген көшелерде
Қалықтайды қанатсыз періштелер.

Соңы:

- Мейлі біреу кеш десін, ерте десін,
Ащы ғұмыр өзегін өртемесін.
Қыр басында құлпырған қызғалдақтай
Ару қыздар аз ғана еркелесін.

Үміті – ұлпа, жүрегі – мырза арманға,
Алғаш-алғаш пәк сезім гүл жарғанда.
Дауыл соғып, қар басып қалмаса екен,
Қыздан көркем жан бар ма бұл жалғанда?–

деп ақын апамыз Күләш Ахметова жырлағандай, бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтай келе, сөз соңында осы жерде отырған қыздар, ұстаздар қауымын келе жатқан көктем мерекесі – 8 наурыз күнімен құттықтағым келеді.

Әлемдегі бар жақсылықты, ізгілікті, нәзіктікті, сұлулықты сіздерге тілеймін.

Ән – «Қыздар-ай». Қ.Нұртас.

Соңы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНИҢ ТІЛІМ

Сабақтың эпиграфы:

«Қазақстанның болашағы – мемлекеттік тілінде».

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуына, жазылуына ерекше көңіл бөлу. Мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру; **дамытушылық** – балалардың ой-өрісін дамыту мақсатында жатталған өлеңдерін, мақал-мәтелдерін, жұмбақтарын дұрыс айтып, мәнін жеткілікті меңгертуге баулу; **тәрбиелік** – өлеңдер, әндер, мақалдар мазмұнындағы жер, Отан, сүйіспеншілік, құрмет жайлы мағлұматтарды түсіндіріп, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастыру, адамгершілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу.

Әдістері: сұрақ-жауап, әңгіме, ойын, көрініс, сайыс, пікірталас, мәнерлеп оқу, топтастыру, сұхбат, өнер.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, аудио, портреттер, слайд.

1. «Қазақ тілі – өте әдемі, көркем тіл, сондықтан бұл тілді білмеу мүмкін емес». (Н.Ә.Назарбаев).

2. «Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті. Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады... Жалғанда не терең? -Сөз терең. Не сұлу? -Сөз сұлу. Не өткір? -Сөз өткір». (Ғабиден Мұстафин).

3. Топтастыру сызбасы.

Сабақтың барысы:

Әнұран орындалады.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

А) Сәлемдесу. Адам өміріндегі барлық жақсылық атаулыға сәлемдесу арқау болып жатады. Бірін-бірі білмеген адамдар арасында да игіліктер алғашқы сәлемдесуден өрбиді. Имандылық шарифатында сәлемдесуді тілмен айту парыз екен.

Сұрақ-жауап:

- Балалар, бүгін қай күн?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қай ай?
- Ауа райы қандай?
- Көктем мезгілінде қандай мерекелер бар?

2. Психологиялық дайындық.

- Балалар, көктемгі мезгіл қандай тамаша!

Ару көктемде құстар мекеніне оралып, жер қайта көктеп, барлық тіршілік иелері мәз-мейрам. Ендеше, біз де көңілімізді көтеріп, ән салайық.

Мектеп вальсі.

Армысың, шапағатты Күніміз! (Күнге қарайды).

Армысың, мейірімді Жеріміз! (қолдарын Жерге жақындатады).

Армысың, Табиғат-анамыз! (бас иеді).

Келді сізге өзіңіздің балаңыз (өздерін көрсетеді).

I. «Кел, танысайық».

Тапсырма. Әр бала өзін таныстырып шығады.

Мұғалім: - Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл – халықтың жаны, сәні. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Өйткені халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынған. Еліміз Қазақстан Республикасы, Егеменді ел атанып, ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. «Тіл туралы» Заң

кабылданды.

II. «Сөз қадірі» (көрініс).

Қатысатындар: Автор, әкесі, баласы, қария.

Автор: - Өте ерте заманда бір қадірлі шешен қария дүниеден көз жұмарында баласына:

- Балам, мен көп ұзамай дүние саламын. «Әкем қазына қалдырмады» деп өкпелеме. Ел ішінде қалдырып бара жатқан асыл мұрам бар. Соны іздеп тап, қадірле, қастерле,- дейді әкесі.

Мұны естіген бала әке мұрасын іздеймін деп табанынан таусылып, таба алмайды. Ойы сан-саққа кеткен бала бір күні ел ішіндегі абзал қарияға келеді.

Бала: - Ата, әкем маған қандай қазына қалдырды? Мен іздеп таба алмадым. Мүмкін, сіз білетін шығарсыз, айтыңызшы?

Қария: - Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Ол шешен адам еді ғой. Бәріміз сөйлеуді сенің әкеңнен үйрендік. Тілден қымбат қазына, байлық жоқ.

Автор: - Деп аталы сөздің шешуін айтыпты.

1-бала: - Қуан, халқым, күшіне енді Тіл заңы,
«Сүйінші » деп ақын ұлың жырлады.
Ел елдігі бағаланар тілменен,
Сол арқылы құлпырады гүл бағы!

2-бала: - Қуан далам!
Қуанатын күн бүгін,
Серпіп таста
Мұңды жүрек түндігін!

3-бала: - Ана тілім – әнұраным,
Ана тілім – һәм құралым
Ана тілім болмаса,
Мықты болмас тұрағым.
Ана тілім – ерлігім,

Ана тілім – елдігім,

Ана тілім болмаса,

Бүтінделмес кемдігім. (Қ.Мырза Әли)

III. «Сөз қаруы – ой». Сурет бойынша әңгіме құрау
(мектеп, оқу құралдары, асхана, кітапхана, аулада, т.б.)

IV. Мақал-мәтел білесің бе?

1. Өнер алды – қызыл тіл.
2. Тіл тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады.
3. Тіземнен сүріндірсең сүріндір,
Тілімнен сүріндірме.
4. Ашуың келсе, қолың тарт;
Айтпас жерде тілің тарт.
5. Піл көтермегенді тіл көтереді.
6. Ат жүйрігі – асқа,
Тіл жүйрігі – басқа.
7. Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.
8. Шебердің қолы – ортақ,
Шешеннің тілі – ортақ.
9. Игі істің басы – тіл,
Халық тілі – қайнар бұлақ.
10. Ең тәтті де – тіл,
Ең ащы да – тіл,
Ең қатты да – тіл,
Ең жұмсақ та – тіл.
11. Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі ілім біл.
12. Бас ойлағанда – тіл тыныстайды.
13. Қырғи тіл – қиыр қылыш.
14. Жылы сөз – жүректің кілті.
15. Икемді тіл – инеден өткір.
16. Құлақ – екеу, тіл – жалғыз,

Аз сөйлеп, көп тындаңыз.

17. Сүйдірген де – тіл,
Күйдірген де – тіл.
18. Қылыш бірді жайратар,
Тіл мыңды жайратар.
19. Тілден асқан асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден асқан теңіз жоқ.
20. Қос тіл – қос қанатың.
21. Тіл тағдыры – ел тағдыры.

V. «Қос тіл – қос қанатың». Аудармашылар сайысы.

Сурет атауын екі тілде айту.

VI. Ойын: «Кім көп сөз біледі?».

7-киелі сан. Әр қадам сайын ұлты қазақ балаларының есімдерін атау.

VII. Пікірталас. Балаларды екі топқа болу. Әр бала өз тобына көмектеседі. Тақырыбы: Мемлекеттік тілді үйрену қиын ба?

VIII. «Мемлекеттік тіл – ортақ тіл».

Сұрақ-жауап:

- а) Отан деген не?
- ә) Сенің Отаның қай ел?
- б) Қазақстан қандай ел?
- в) Қазақстанның астанасы қай қала?
- г) Қазақстан Республикасын кім басқарады?
- д) Қазақстан Республикасының рәміздері қандай?

1. Ана тілім – күшім менің, қуатым,
Жырым сендік жүрегімнен туатын.
Тауысар ма ырысыңды, қорыңды
Тізелесіп қатар жазса мың ақын.
2. Қазақ жұрты – меймандос,
Қазақ жері кең-байтақ.
Құшақтарын жайған – дос,

- Ұлыстарға ортақ ел.
3. Ортақ бізге ауа, аспан,
Отанымыз көп ұлтты.
Ынтымағы жарасқан,
Бірлігімен көрікті.
 4. Астанам – жас қалам,
Мақтанышым – бас қалам.
Көгіңде шырқалсын
Шагтықты асқақ ән!
 5. Астанам – жас қалам,
Мақтанышым, бас қалам.
Келешек бақ күнге
Жолшы боп бастаған,
Ардақты Астанам!
 6. Көп диаспоралы Қазақстанда
Жүзден астам тілдер бар.
Мәртебелі, маңызды
Қазақ тілін танып ал!
 7. Ана тілін сөйлетейік биіктен,
Бабам сөзін қайта әкем тірілткен.
Кейінгі жас естіп өскен үлгі алсын
Ана тілім бастау алған бірліктен.
 8. Отан деген – атамекен,
Отан деген – туған жер.
Отан – ана, сүйіп өтем,
Қазақстан – туған ел!
 9. Отан – атам,
Отан – әкем!
Осы сөзім қате ме екен?!
Қате болса,
Неге біздер –
Дейміз оны Атамекен?!
 10. Отан – әжем,

Отан – анам!

Туған ел деп,

Туған жер деп,

Ол бекерге аталмаған.

11. Қазақстан – көп диаспоралы ұлт өкілдерін бауырына басқан, татулық пен ынтымақты ту еткен бейбіт сүйгіш ел. Бүгінде елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.

12. Сары, ақпыз, қарамыз,

Бәріміз де – баламыз.

Бір қалада тұрамыз,

Бір мектепке барамыз.

Біз балдырған тең басқан,

Дос құшағын елге ашқан.

Тілегіміз – бейбіт күн,

Ашық болсын кең аспан!

ІХ. Мұғалім: - Қазақ халқы ежелден-ақ тіл қадірін біліп, ақылды дұрыс сөзге бағындыра білген. Шешендерден шыққан қара сөздің өзінде өлеңге бергісіз үйлескен ырғақ болған. Сөз бен сөз өзара ұйқасып жатады.

Үш кемеңгер дүлділім,

Сақтаған ел бірлігін!– деп қазақта қара қылды қак бөлген Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің сөз үлгілеріне зер салайық.

Төле би: - Уа, халқым!

Көсіле шабар жерің бар,

Тау көтерген елің бар.

Қол бастайтын ерің бар,

Атадан қалған сара жолың бар,

Сөз қадірін біліңдер!

Қазыбек би: - Біз, қазақ деген сөз баққан елміз,

Бірақ ешкімге соқтықпай,

Жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз!

Әйтеке би: - Тамыры суда тұрса да уақыты жеткенде
курамайтын құрақ жоқ. Тек жақсыдан өлмейтұғын
сөз қалады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр
желіндей аңқылдап есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы үні
домбыраның күмбір қаққан сазындай, асқақ әуенділігі
шырқап салар әуендей.

X. Топтастыру сызбасы. Мемлекеттік тіл бізге
не үшін қажет және тілге деген құрмет сезімін
қалыптастыру үшін не істейміз?

Сызбамен жұмыс.

XI. Мұғалім Мұхтар Шахановтың «Құдіретті төрт
ана» өлеңін оқиды.

XII. Сұхбат.

- Балалар, сендерге сабақ ұнады ма?

- Мемлекеттік тілді меңгеру әрбір Қазақстан
азаматының парызы дегенді қалай түсінесің?

- Бұл сабақтан қандай әсер алдыңыз?

- Үйірме жұмысын бүгінгі сабақ бойынша қалай
бағалар едіңіз?

- Үйірмеге қатысушыларға тілек, ұсынысыңыз
қандай?

XIII. – Құрметті қонақтар, қазақ халқы үйіне келген
қонағын құр қайтармай, ат мінгізіп, шапан жапқан ғой.
Міне, ендеше біз сіздерге өнерден шапан жаппақпыз.

1. Елбасына арнау. Орындайтын – Лоскутов Влад.

2. «Кеңес күйі». Орындайтын – Окладнова Таня.

3. Ән: Айналайын. Орындайтын – Ұлдар тобы.

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6552-Ж Куәлігі** берілген.

Басуға 16.10.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 420.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 268-32-48. Факс: 243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №5, 2012 ж., 144 бет, Алматы.